


Жуан
Иркимжанқызы



Сезім сыры

ХУАТ ИРКИТХАНҚЫЗЫ



Сезім сыры

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

И 79

И 79 Ирkitханқызы Х. / Сезім сыры Кентау:
«Еркін и К-XXI» ЖШС, 2024 – 172 б.

ISBN 978-601-81176-1-9

Бұл кітапта ақын өмірден көрген шындық пен ақиқатын өзінің жан сыры ретінде көркем сөзбен поэтикалық тілде шебер жырлаған өлеңдері жинақталған. Кітап кітапқұмар барша оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-81176-1-9

ISBN 978-601-81176-1-9



9 786018 117619

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5Қаз)-5

© Х.Ирkitханқызы, 2024
© «Еркін и К- XXI» ЖШС, 2024



ӨМІРДЕРЕК



Иркитханқызы Хуат 1976 жылы 23-ші қазанда Монғолия, Кобда аймағының Қобда сұмын өлкесі Баянбұлақ деген жерде дүниеге келген. Осы өңірден толық орта білім игерген. Жастық шағы біліммен қатар, домбырада өнер көрсетуден басталған. Алғашқы туындысы “Туған жер” елені Баян-Өлгий аймағының “Жаңа өмір” газетіне 1990 жылдары жарияланған. И.Хуат 1990 жылы атажұрт Қазақ елі

Қарағанды өңіріне қоныс аударып сонда білімін шындап, қызметтеп келеді. Қазір Павлодар облысы Екібастұз қаласында өмір кешуде.

Таңжарық зерттеу қоры қоғамының, Авторлар қоғамының, Халықаралық жазушылар одағы және Түркі әлем жазушылар одағының мүшесі.

Қазақ елінде шыққан «Тұран үні», «Ғасыр жыры» атты өлең жыйнақтарда шығармалары жарияланған және «Таңжарық» журналымен «Қазақ үні» газетінде көптеген туындылары жарық көрген. Бірнеше жазба ақындар мүшайрасының жеңімпазы.

Түркі Әллемі Жазушылар Одағының «Тұран тұлпары» медалінің, Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» медалінің, Халықаралық Жазушылар төс белгісі, Авторлар қоғамының және “Таңжарық” әдеби сыйлығының медальдарымен марапатталған.



СӨЗ БАСЫ

Поэзия – өте қасиетті ұғым. Ол ақынның ішкі сезімінің тіл жетпес тылысымында жатқан ең бір әсем әлемі. Жеке адамның ешкімге айтпас құпия қастерлі ішкі сыры. Ақын қасиетті қаламымен сол ішкі сырды жырлайды. Халық оқиды. Оқырман халық жырды ар мен жүрек таразысынан өткізеді. Уқыт – төреші. Арамызда оқырманның ерекше ықыласына бөленіп, ел махаббатына ие болып жүрген ақын қыздардың бірі Хуат Иркирханқызы. Өз өлеңдеріне терең үмітпен қарап, қандай тақырыпты болса да нәзік сезіммен жырлайды. Ол «Махаббат толғауы» деген өлеңінде:

Жүрегім айтады,
Қағаздай әппақтығымды,
Пендеге пәк, бақтығымды,
Қара іске қаныммен қарсы,
Ғажайып асқақтығымды,

- деп өз ойын тұжырымдайды. Махаббат деген ұлы сезімді ең биік ар санайтынын, ғашығын сарғайып аңсаумен шаршаса да, одан үміт қылын үзбейтінін өрнекті өлең жолдарымен әдемілеп жеткізеді. Сол сағынышты көңілінен дауыл тынбай тұрса да, ауырсынбай көтеретінін айта келіп:

Ораласың жүрекке жырым болып,

Сезімімді желпіген қауырсындай, - деп, «Сағыну» деген өлеңінде жырмен кестелейді.

Ал «Жүрек сыры» деген өлеңінде:

Шырқайсыз ба?

Әсем әнді шырқаныз.

Тындайыншы мен деп әуен құрсаңыз.

Толқыны боп жағаға ұрдым теңіздің,

Бұл өмірде мен деп қана тұрсаңыз,

- деп, жүрек сырын махаббатына паш етеді.

«Төреземді самал боп кеп қағасыз, бар ма еді айта алмаған назыңыз?» - дейді тағы да. «Өмірдің әсем махаббат деген бағында өзіммен ғана бұр жарған гүлдей жарасам», - деп, ақиқатын айтады ақын қыз.

Ақын қызға ақындық қасиет ана сүтімен дарыған. Жан сыры біздің сана-сезіміміздегі болмыстың бейнесі. Ондай бейнелердің негізі шындық пен ақиқат. Хуат ақын жан сырын көркем сөзбен, поэтикалық тілмен бейнелейді. Өлеңдерінің мазмұнына қарағанда ақын қыз жүректің әмірімен өмір сүреді. Ақылға құлақ асады, бірақ ақылдың бұйрығымен жүрмейді. Өлеңдерін әлеуметтік ақпарат жүйелері арқылы елге танытты. Шатыққа толы жүрегінің қалауы оны қалай өмір сүруге үйретті. Төкпе туындыларын ел жылы қабылдады. Судың ағысымен қалқи беруге кез келгеннің шамасы жетеді. Бірақ қарсы жүзу-бұл ерлік. Ерлік жасау, тәуеклге бару арқылы ақын өмірдің әрбір сәтін жүрекпен сезіне алады. Көптің көңілінен шыққан арқалы ақын қыз Хуат Иркитханқызы арқаның ақын қызы атанды. Адам баласы үшін ең қымбат нәрсе - ол өмір. Ақын қыз өмірді бағалай біледі. Өлеңдері терең мағыналы. Даланың дарынды қызы айтыс өнеріне де бейім. Көлемді шығарма «Машан батыр» поэмасына да қалам ұра білген дарын иесі Хуат Иркитханқызына поэзия әлемінде сәттілік тілейміз.

*Сайлаухан Жартыбаев,
Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы,
Түркі Әлемі Жазушылар Одағының мүшесі,
Алтынсарин, Тұран тулпары, Ардақты ардагер
медальдарының иегері.*





БЕЛЕС

Білсем де белесімнің алыстарын,
Күресіп өмір үшін алысқаным.
Қарысып қара істерге қанмен қарсы,
Жаныма үміт жағып қалыспадым.

Тоқтамас күйбің деген әңгіме де,
Бәрін де бұл өмірдің мәңгі деме.
Қу тірлік арпалысып сеніменен,
Атырдым тағы да бір таңды міне.

Қажытып, қалжыратпас мұныменен,
Қуаныш қайғысы бар мұңыменен.
Ортаңа бірер шумақ жаза салдым,
Қауышып бейсенбінің күніменен.

Сырымды сыбырласып ақтаратын,
Қиялға мені еріксіз ап баратын.
Жалғадым тірлігімді таңнан тағы,
Кеш батып қауышар деп қап-қара түн!

КҮЗ

Күрең күз келіп бақтарға,
Шықтардан моншақ таканда.
Жыл құсы қайтып барады,
Жиылып жылы жақтарға.

Парақтап маған өткенді,
Күзгі аспан бұлтын бөктерді.
Қайтқан құс еске салдың ба,
Алтайда өткен көктемді.

Ақтарып сырмен күзге мұн,
Арманның жалғап тізбегін.
Сағынышымның дәруін
Алтайым, сенен іздедім

Өмірге едім құштар жан,
Аялап мені құшса арман.
Алтайға самғап жете ме,
Жолдасам сәлем құстардан.

Мұнартқан күздің аспанын
Қайтқан құс қанат қаққаның.
Қаңқылың сенің мұнайтты,
Төккендей Алтай ақ қарын.

Мен туған ұшсаң даламен,
Жолдайтын менде бар әуен.
Сәлемін құстан жалғаған,
Алтайда туған марал ем.

КӨҢІЛ КҮЙ

Жан емес ем ап бер деп айды сұрар,
Тек жақсыны аңсаймын алғысы нар.
Бауыры бүтін өмірде пенде бар ма,
Өр пенденің өзіндік қайғысы бар.

Жанай келіп жаныма жасын үміт,
Қарамайды жанардың жасын ұғып.
Талайлар жүр өмірде пенделікпен,
Тар жолына тағдырдың басын ұрып.

Жадыраймын мен бір сәт жасқанам да,
Жүргендей боп күй кешіп жат ғаламда.
Жылу шашып жып-жылы жанарымнан,
Сырымды айттым жүректен жақсы адамға.



Күрсінгенде көңілдің күміс белі,
Жүрегімнен қайтады - ау тыныш кері.
Ақ үмітін тандардың тұман торлап,
Ащы өмірдің кермегін кім ішпеді.

Өмір өткел көлінде қайрандадым,
Сен бұрылып хош деп те айланбадың.
Барамысың келместің белін асып,
Мұңға орап көңілдің сайран бағын.

Жалыныш жоқ өмірде жазымыш бар,
Нар кеудемді күрсінткен сағыныштар.
Мойымаймын мен бірақ бәріне де,
Жан едім ғой жақсыға жаным құштар.

САҒЫНЫШ

Ей, сағыныш, ары жүр мазаны алмай,
Не кінәм бар соншалық жазалардай.
Тауды аңсаймын салқындау жел ойнаған,
Көкірегім мұннан бір тазарардай...

Сырласамын жырыммен күрсінгенде,
Тұрса-дағы зіл болып тылсым кеуде.
Сағышым тек менің жырым ғана,
Кімді күтіп акын қыз жүрсің деме.

Ей, сағыныш, дегенде түсін мені,
Ет жүрегім тағы бір дүрсілдеді.
Шабыт беріп жырыма қамшы басам,
Бар сырымды төгемін ішімдегі.

Мұңайсам да жырыммен күле білдім,
Тынши алмай түндерде түнегімнің.
Тағы кімді сағындың демендерші,
Сағынышы осы өлең жүрегімнің.



Ей, сағыныш, ары жүр мазаны алмай,
Не кінәм бар соншалық жазалардай.
Тауды аңсаймын салқындау жел ойнаған,
Көкірегім мұннан бір тазарардай...

Сырласамын жырыммен күрсінгенде,
Тұрса-дағы зіл болып тылсым кеуде.
Сағышым тек менің жырым ғана,
Кімді күтіп ақын қыз жүрсің деме.

Ей, сағыныш дегенде түсін мені,
Ет жүрегім тағы бір дүрсілдеді.
Шабыт беріп жырыма қамшы басам,
Бар сырымды төгемін ішімдегі.

Мұнайсам да жырыммен күле білдім,
Тыншын алмай түндерде түнегімнің.
Тағы кімді сағындың демендерші,
Сағынышы осы өлең жүрегімнің.

БАБАЛАР

Бабалар жортқан барқыт белінен,
Қазына бар ма артық кеніңнен.
Бір өлең менен естелік болсын,
Қаймақтай сыйлап қалқып берілген.

Қысына көрік Арқаның қары,
Жап- жасыл майса жазының әрі.
Кең далсынан ескен самалы,
Шырқалған бейне Ақанның әні.

Шуағы қандай Арқа алабының,
Куәсі болған әр қадамымның.



Қасымның қырандай қалқып,
Күзнен ұшқан Қарқаралының.

Талайлар саған тамсанған мекен,
Төрінде сенің ән салғам көркем,
Әділдік Мәдиде сенде
Үш кара деп ән салған екен.

Тарихың аян мына маған да,
Тегіеуірін қысқан теңсіз заманда.
Құлагеріңнің шашылған қаны,
Батыраш төккен құба даланда.

Сан тарихыңа жаным қаусаған,
Арқада өтгі арда қанша жан.
Мұстафа Шорман атын алып ап,
Аңыз ән қалған Жаяу Мұсадан.

Сеніндер, жұртым, еріндер маған,
Жетеді, жетеді менің кең далам.
Бар қазақ мұнда бір қазақ болып,
Бақыттымын деп мәңгі ән салам.

Бақытың елім сенін аңсаған,
Таңдарым шаттық менің де аңсаған.
Арайлап таңым асқақ байрағымдай,
Жыр болып төгілсін мәңгі Арқадан.





МҰҚАҒАЛИҒА

Жүрегіне жол салған жыр асылдың,
Өлең деген өртіңде сұрапылдың.
Туған күні екен ғой байқамаппын,
Фаризаға мұң шакқан мына ақынның.

Зерек ойың, ағам-ау, дала сынды,
Сізге ақындар жыр арнап аласұрды.
Қарасазың өзінді жырға баптап,
Хан Тәңірге қақтырды қанатыңды.

Азабы асса-дағы ғажабынан,
Жырларын сәттері жоқ қаза қылған.
Ойлы өлеңінің өрнегімен,
Өмірдің жылап қайтқан базарынан.

Сөйтсе-дағы өмірді сүйіп өткен,
Ақындарға өр тұлға биік өктем.
Ол арқалы ақиық Мұқағали,
Өмірде жасай бермек мәңгі көппен.

АРМАНЫМ МЕНІҢ

Арманым менің рухы биік асқағым,
Мақтаным әр бір арайлап атқан ақ таңым.
Байтақ еліме білгейсің салған әні деп,
Әуелеп шыққан мендегі еркін асқақ үн.

Байтақ еліммен мәңгілік менде біргемін,
Ұлы даламды көмкерсін алуан гүлдерін.
Құлпыра берсін тамырын үзбей мәңгілік,
Нұрлана берсін шуағын шашып күндерің.

Алаштың ұлы ән қылған сені байтақ ел,
Өзінде өскен бақыттымын деп айтар ем.



Болашағымның қызыққа толы шақтарын,
Армансыз енді кұшағыңда қайта өрем.

АРМАНЫМ

Бар менің, әттең, балдан да тәтті арманым,
Көбелек болып гүлзарыңда неге қалмадым.
Несібесі ғой Тәңірдің берген сыйымен,
Арайын шашқан бөленді нұрға бар маңым.

Арманым мені „Биікке шық”,-- деп болжады,
«Кедергілерді жеңе біл»,-- деді жолдағы.
Білмеймін бірақ өзіме-өзім сенбеймін,
Тағдырдың ғана еншісінде ғой ол жағы.

Жан сырымды қалдырма, арман, сен кешке,
Сор менен бақты түсіріп өттім мен де еске.
Сенімсіз ойдың сан күдігіне шырмалып,
Амалсыз қиял алаңдай берді сенбеске.

Ән қылып өтем арманға толы шақтарды,
Аралап әсем бұл өмірдегі бақтарды.
Үмітім күліп таңдарда күтсін ақ арман,
Кереғардағы кептерден тосып хаттарды.

СЕЗІМ

Түнек түнді түрген кезде ақ сағым.
Айдыңға сәуле құлардай әлсіз шақтамын.
Лап ете түскен сезімге сері бой ұрып,
Еркіме көнбей тәтті мұң кеше бастадым.

Қаңтардың суық беймаза күнін кештім мен,
Үнсіз сырласып өзіңдей ғашық тектіммен.
Тұнжырап тағы тұмшалай түсті қара түн,
Мұңынды бөлме дегендей маған ешкіммен.



Бір қиял бүгін қалықтағандай еркімен,
Санамды менің самалмен келіп желпіген.
Қамығып тағы қарсы алдым қара түндерді,
Амалым қанша сен тайып кетсең сертіңнен.

Оңаша қалсам жүректі сансыз кемірді ой,
Махаббат деген сезімнен туған сенім ғой.
Тағдырдың салған тарамда-тарам жолдары,
Жетелесе екен арманға сыйлап көңілді ой.

ЖЫРЫМ СЕН

Өлеусіремей, лапылда қайта жырым сен,
Бүгілтіңе қайта буыным босап сүрінсем.
Ақ тандай толқып ақ айдын дала апнақ нұр,
Алдың ғой баурап сырлы бір күйге бүгін сен.

Самал боп жырым санамнан әкет күз мұңды,
Ұстасам мықтап құлагер оймен тізгінді.
Шылбырын жинап қасына ердің ілгенмін,
Сансырап жүрген санамдағы қыз мұңды.

Өлеңім тасқын бойымдағы қызыл қан,
Өлеңім қайғы бүгіліп белі мұжылған.
Өлеңім ерлік желігін басқан талайдың,
Қарғалдақ өлең қаулайды қарлы құзыңнан.





МАХАББАТ ТОЛҒАУЫ

Көзім айтады,
Сағынып шаршауымды,
Сарғайып аңсауымды.
Махаббат ұлы сезімін,
Ең биік ар санауымды.

Көңілім айтады,
Бір сен деп ән салатынымды,
Мың қайта жаттап атыңды.
Сүйдім деп тек өзінді,
Әлемге жар салатынымды.

Жүрегім айтады,
Қағаздай аппақтығымды,
Пендеге бақ, пәктігімді.
Қара іске қаныммен қарсы,
Ғажайып асқақтығымды.

АНА ТІЛІМ

Жоқ менің елім осыдан артық таласым,
Итте жазар жалап бір өзінің жарасын.
Айырылсаң жұртым ананың аппақ тілінен,
Телмендеген тексіздей жұртта қаласың.

Не болар күнің тіліңді өзің таптасаң,
Күйзелем күйіп ана-тілімді басса шаң.
Кір басып барат, тіл, ғұмырынды қарашы,
Ластан алып тазартар жолын таппасаң.

Жетесіз болып кеткен бе, елім, ойлаймын,
Тіл тұғырым құласа орнар ойға мұң.
Құрыса тілін құрыдым деген білесің,
Ойлан, жұртым, Отанныңды да жойғаның .

Абайла, жұртым, арманда қалма тегінде,
Шет тілде сөйлеу шекпенсіз сенің шенің бе?
Ескертем, жұртым, есіліп қызыл тіліммен,
Құл болып жұрме шет елдің бір күн шебінде.

Түзелмес жүгің жүйелеп айтпай сөкпей сын,
Түрленіп, жұртым, тіліңмен өрбіп көктейсін.
Ана тілінді ардақтап өтсең мәңгілік,
Өрісің кеңіп өгейдің күнің кешпейсін.

СЕРІК ПАЛУАНҒА

Құт қонғанда ырыспен іргесіне,
Барын шашып шаппайды кім көсіне.
Ұлы тойда жазбаса да жүздесуге,
Әйтеуір бір куә болам бір кешіне.
Ақтай бабаң әруағы бір аунасын,
Серіктейін батыр ұл жүлдесіне.
Тіліме тиек болып піл атағы,
Тағы ілесіп жөнелейін жыр көшіне.

Ал, Керей, батырыңды мерекеле,
Шақырып бір-бірінді берекеге.
Сенімін байрақ қылып піл атанған,
Серіктей өреніңнен ер өте ме?
Ұлан мен Мұстафаның жолын беріп,
Батырлар туа берсін бұл өлкеде,
Қуаныш құтты болсын ұзағыннан,
Керейім, думандатқан Бай өлкеде.

Біріңіз ол Бақат деп шулай сыздар,
Ал бірің Санырау деп тулайсыңдар.
Құтымбет, Есет, Үсет, Ожық, Шаппас,
Бөлінбей бірлікте тұрғайсыздар.
Уран сап Байтайлақтап тек қуанып,
Бөлінбей бір береке құрғайсыздар.
Үйткені Абақ керей ұрпақтары,
Айшығы желбіреген тудайсыңдар.



АНАМА

Жөні бөлек ананы сағынудың,
Сарсаң ойдың көрдің бе жабығуын.
Ана, бүгін түсіме кіріп жүрсін,
Кештің бе деп теңізін тағы мұнның.

Тағдыр неге сізге өмір өлшеп берді,
Ансап, ана-ау, жүрегім бөлшектенді.
Кештің бе деп мұндарды сұрақ қойып,
Маған ерген сездің бе өсектерді.

Қуанып ең мен өлең өргенімде,
Сол қызың жүр өнердің өр көгінде.
Осы анам ғой өмірге мені әкеліп,
Сабақтаған өлеңге жөргөгімде.

Көнеміз ғой болған соң тәңір құлы,
Періште едің жан ана жаның жылы.
Өксіп жазған осы бір өлеңімді,
Жеткізе ме өзіңе қабыр нұры.

Мәпелеген анашым құшакқа алып,
Жолыңызды жалғадым ұқсап бағып.
Ерген өсек артымнан ерсін, ана,
Кетпес қызың оған да ұсақталып.

Құлыным деп, анам-ау, ақ таңы нұр.
Деуші едің ғой қызынды бақтағы нұр.
Сегіз ұжымақ есігін алдан ашып,
Нұр пейіштің төрінде шаттанып жүр.

ӘБДІШҮКІР ӘКЕГЕ

Дастан еттің, қыр-сыры мол ғұмырды.
Жұртың үшін, жүрегіңнің үні үлгі.
Сол Еліңе сәлем болып жолданған,
Кітабыңыз болсын, әке, ғұмырлы.

Сізсіз, әке, біздің рух бағымыз.
Әр қадамың сәуле шашқан жарық із.
Шабытыңа толқын болып шалқысын,
Жетпіс беске шыққан мерей шағыңыз.

Тұғырынан түлеп ұшқан тас түлек,
Ой тұлпарға жыр қамшысын басты кеп.
Өмір теңіз соқса дағы толқыны,
Қарсы жүзіп сан сынақтан асты көп.

Әр сөзінде қызуы бар жалынның,
Жайма шуақ сазды салған сарының.
Деген осы аты қалар жақсының,
Деген осы хаты қалар ғалымның.

Бұл ғасырға сіз дағы бір тау тұлға,
Сөзі қалған мұра болып артында.
Жүрегіңде мың жасаңыз халқымның,
Бүгінгідей нар тұлғалы қалпыңда.



САҒЫНУ

Сағынышты көтерем ауырсынбай,
Көңілімнен тұрса да дауыл тынбай.
Ораласың жүрекке жырым болып
Сезімімді желпіген қауырсындай.

Жүрем кейде сан ойдан құсаланып,
Сол сезім кеп өзінді құшары анық.
Мақпал түнде ойлаумен кейде өзінді,
Жыр қыранмен биіке ұшам алып.

Қымбат екен көңілдің құны деген.
Тулап жатыр сезімге тұнып өлең.
Жүрегіңмен қабыл ал бұл жырымды.
Арнап жазған өзіңе түніменен.

Тербегенмен жүректі бегім өлең,
Сені маған сыңар қып телімеген.
Арман-ай деп бұл пәни өкіндіріп,
Кетпесе екен алшақ қып сені менен.

КҮРЕҢ КҮЗ

Кірпігімнен кетерме екен мұз құлап,
Қуқыл тартып күңіренсе күзгі бақ.
Сыбдырлаған жапырақпен сырласты,
Түніменен қайың, терек мызғып ап.

Өкпесі бар айта алмайтын қысқа да,
Бір уайым түсті ме екен құсқа да.
Жылы жакқа қимай-қимай кеткенмен,
Қанатынан қош таппады ұшса да.

Күз келді де құлазыды атырап,
Күрең күйге күрсініспен батып ап.
Жылап жатыр таптамашы мені деп,
Мұнын шағып жерге түскен жапырақ.

Жабырқатып мені тағы күз келді,
Қыс азығын дайында деп бізге енді.
Іреңнен айырдым деп ренжіп,
Табиғат та тылсым күймен күйзелді.

КҮЗГІ КӨРІНІС

Тұндырып дала сырын жанарыма,
Жаз соңы жасырынып қарады ма?!
Қаз даусы құлағыма қайғы әкеліп,
Қатырды күз қырауын қабағыма.

Бұла күз жолыққанда дала мұңға,
Жосыды өлең жазып қаламым да.
Қара жер құшағынды құлазытып,
Аққу -қаз қаңқыл тастап барады ма.

Шырқалып көңілімнен гұмыр әні,
Күйзеліп күз желіне құбылады.
Ақ айдын аққуынан айырлып,
Мұңымды дейді менің кім ұғады.

Мұнайма шығар тағы жазың алдан,
Алам деп өз еншісін басыннаннан.
Көгілдір көктемің де күлімдейді,
Әкеліп баурайыңа мамық арман.

Сикырлы саябақтан шу естіліп,
Жатырма несібесін үлестіріп.
Әдемі күрең күздің лебімен,
Барады жүрегімнен жыр есіліп.



Қиялмай қаққаннын да қаз қанатың,
Күмілжіп сыр төгеді наз қара түн.
Айырлып жапырағынан сұлу терек,
Бұтағын шыққан малды назданатын.

ҚАРАҒАНДЫ

Қолыма алып парақ пен мен қаламды.
Мақтаныш тұтып шұрай бел далаңды.
Жырыммен орап күмездейінші,
Қарағандыдай көрікті өр қаламды.

Көсіліп жатқан Сарыарка абызым,
Бойына жасырып жорықтың сан ізін.
Құт қойнауыңа керегені жайып,
Арда мекенге етейін тағызым.

Дархан далаңнан таркамай базарың,
Бар қасиетіңді жыр қылып жазамын.
Асқақтап даңқы ортаймасыншы,
Қара алтын байлық кайнаған қазаның.

Мұнар күн тарап бұла белінен,
Тыраулап ұшқан тырна көлінен.
Шабысты шаңы қалған кешегі,
Ақан серінің құлагерінен.

Тарих боп тасыр ғасырдың мұны,
Жалғасқан ұрпақ асылдың нұры.
Қарқаралыңнан қалықтап ұшқан,
Қыран үнімен Қасымның жыры.

Сөз зері қалған Біржан, Сарадан,
Ұрпақа айтыс тағын қалаған.
Баянауылдан Мәдидің әні,
Буырқанып тұрып бұлт боп тараған.

Зар заман салған қасіретіңнен,
Заңғар алыпсың қасиетіңмен.
Қара алтынымның ордасы болған,
Қарағындым деп бас иетін ем.

Шаттығын көріп сенен бүгіннің,
Өріне шықсам өрен күніннің.
Құнарлы далаң құндағы болған,
Ертісше аққан ерен жырымның.

МЕЗГІЛ

Жадырған көңіліме күздің мұны көлбеді,
Әсем құс та сейілген бе асыр салған көлдегі.
Жасауырап жасыл терек жапырағынан айырылып,
Қобыз үнді қоңыр желге тербелді.

Сылдырлаған жапырақта қалып менің іздерім,
Атырапқа шашты тағы күз демін.
Күрен күз-ау, күрен ойға малынып,
Қандай арман құшағыңнан іздедім.

Бір сезімге бөлеп мені күздегі үн,
Шағамын деп аласұрдым кімге мұн?!
Сағыныштың желі есті жүректен,
Қайтқан құстың санап едім тізбегін.

Күрен күз-ау, күй тербеді күрен бояу сендегі,
Сүмбіле бұлт жасын төкті сағыныштың белдегі.
Қол шатырмен тұрмын тағы аулада,
Ақ жауының ақтарғанда сағынышты мендегі.



ӨМІР

Халайық, беу деші, беу деші бір,
Көтерілсін қызынның кеудесі бір.
Ағыл тегіл төгіліп бір кетейін,
Қолдаса періште де пенде түгіл.
Ағайын зейін қойып құлақ салса,
Бар еді жыр сырғадан менде сынғыр.
Дәл бүгін жүре алмай жатсам-дағы,
Барады өз жанымды меңдетіп жыр!
Құдай бір, құран шын деген рас болса,
Тәңірдің құр қалмайды пендесі бір.
Ей, Алла, өз құлына жәрдем берші,
Құр сұлде өне бойым сең кешіп жүр.
Жаныңа аңшы келді қаш дегендей,
Береді құралайға жел де сыбдыр.
Сүйейтін сүрінгенін әлімсақтан,
Жақсылар осы сөзбен теңдесіп жүр!
Алашым, аппақ сенің тілегіңмен,
Жаркылдасын көңілімнің пердесі бір.

НЕСІПБЕККЕ

Қазақтың қайда кеттің Несіпбегі,
Жоктар деп ойладым ба өстіп те елі.
Бақұл бол қайран, аға, иманды бол,
Иесі ең таза жырдың бесіктегі.

Қапыда ғайып болдың достарыңнан,
Жан едің жақсылыққа қосқан ұран.
Мегілсіз неге кеттің ортамыздан,
Өмірдің қажыдың ба соқпағынан.

Оқушы ем жырыңызды тау суындай,
Қанатын құдіретіне жан суынбай.
Тірісіз, есіл, аға жүрегімде,
Тұрғанда мөлдір жырын таң шығындай.

ТУҒАН КҮН

*Бүгін менің туган күнім ой, пәлі-ай!
Мына халық неге жатыр тойламай.
Мұқағали*

Қоңыр таудың бауырында қоңырлаған,
Бұйырыпты осынау өмір маған.
Содан болар әкепті мені өмірге,
Елігі етіп сол тауға қоңыр далам.

Пай-пай, менің өмірге келген кезім,
Сезінерсің бұл шақты көргенде өзің.
Дән ыргалып бақтардан миуа үзіліп,
Бар аумақты балқытқан балдай сезім.

Қандай ғажап иен далам қандай тәтті,
Аллам маған бұйыртқан сондай сәтті.
Сол қоңырдың бір түйір миуасының,
Жырларының бүр жарған дәмін татшы.

ҚАРАЛЫ КҮН

Қара алтыным десем де қасиетім,
Болдым тағы қайғыға бас иетін.
Күрсіндірді күйзелтіп барша елді,
Қара жердің құштырып қасіретін.

Жаңарып жатса-дағы ғасыр ғалам,
Өзегім өртенеді ашынғаннан.
Әйтеуір от пен жерден опат болған,
Қазақтың сорын қайтем ашылмаған.

Тағы да аза тұтты арыс далам,
Тәлейің бе тәңірден қарғыс алған,



Шайқалып кенді қалам шаңырағы,
Қабырғам жазғаным бұл қайысқаннан.

Түнеріп көк аспан мен далаң қалды,
Бейуаз жұртым өртпен арандалды,
Зар жылап қайғы деген қамыт киіп,
Артыңда анаң қалды, балаң қалды.

Қайтемін қақтан келген қазны енді,
Бұл неткен тарқамаған азап еді.
Жас төкті жанарынан Қарағандым,
Қайғыма ортақ бол деп қазақ елі.

Ақша бұлт жасаурап тұр аспанда ай,
Халқымның еңсесімен сынасқандай.
Сарыаркам күнде жауған ақ жауышның,
Елімнің қайғысына ұласқаны-ай.

Келмейді ғой керегіңе қарағым,
Тағы да мұң жүрегіме тарадың.
Қара халық аза тұтты қан жылап,
Бүгін тағы, бүгін тағы қара күн.

Кетесің кейде бір сәт қозғап бәрін,
Сондықтан жұртым үшін боздақтадым.
Халайық иман тіле қолыңды жай,
Көз жұмды қапелімде боздақтарын.

ӨМІР САҒАН ӨКПЕМ ЖОҚ.

Сарыныңа қосылып беу деген бір,
Керуен көшті кеудеммен сен деп өмір.
Сенің тылсым сырыңды ақтарам деп,
Бебеулейді тағы да пенде ғұмыр.

Кетемісің жеткізбей шіркін өмір,
Нүкте қойып бір сәтке күлкіме нұр.
Қайта айналмас қол бұлғап дәуреніңе,
Күмілжимін хош айтып күрсіне бір.

Әр әуенің шуақ боп бағама мың,
Сәттеріңді әсерлі сағынамын.
Жастығымның қалдырып көлеңкесін,
Келмесіңе қиылдым тағы да бір .

Сенен оқып әліппесін сан ұғымын,
Қиналмады өз өмір жаны кімнің.
Әр күніннен сабақтап сыр ақтарып,
Жолын іздеп келемін жорығымның.

Жарадым ба құныңа жарамадым,
Несібесі өзінде әр адамның.
Кім не десе о десін мейлі, өмір,
Мен өзінді ерекше бағаладым.

ТОЛҚЫН

Өлеңіңнің көріп жаңа тізбегін,
Көктем емес сездім одан күз демін.
Қателестің мені ойлап жүр десең,
Сенен күдер әлде қашан үзгемін.

Әзірге жоқ көңіл деген күйде мұң,
Керек емес отқа орынсыз күйгенім.
О бастан-ақ бағынбадым мен саған,
Білем анық бар ғой сенің сүйгенің.

Жүректегі оты өшкен сағымның,
Бағынышың өзгертпеймін бағымның.
Сені ойлап жүргенім жоқ мүлде мен,
Кешірші деп қателесіп жанылдым.



Шайқалып кенді қалам шаңырағы,
Қабырғам жазғаным бұл қайысқаннан.

Түнеріп көк аспан мен далаң қалды,
Бейуаз жұртым өртпен арандалды,
Зар жылап қайғы деген қамыт киіп,
Артыңда анаң қалды, балаң қалды.

Қайтемін қақтан келген қазны енді,
Бұл неткен тарқамаған азап еді.
Жас төкті жанарынан Қарағандым,
Қайғыма ортақ бол деп қазақ елі.

Ақша бұлт жасаурап тұр аспанда ай,
Халқымның еңсесімен сынасқандай.
Сарыарқам күнде жауған ақ жауынның,
Елімнің қайғысына ұласқаны-ай.

Келмейді ғой керегіңе қарағым,
Тағы да мұң жүрегіме тарадың.
Қара халық аза тұтты қан жылап,
Бүгін тағы, бүгін тағы қара күн.

Кетесің кейде бір сәт қозғап бәрін,
Сондықтан жұртым үшін боздақтадым.
Халайық иман тіле қолыңды жай,
Көз жұмды қапелімде боздақтарың.

ӨМІР САҒАН ӨКПЕМ ЖОҚ.

Сарыныңа қосылып беу деген бір,
Керуен көшті кеудемиен сен деп өмір.
Сенің тылсым сырыңды ақтарам деп,
Бебеулейді тағы да пенде ғұмыр.

Кетемісің жеткізбей шіркін өмір,
Нүкте қойып бір сәтке күлкіме нұр.
Қайта айналмас қол бұлғап дәуреніңе,
Күмілжिमін хош айтып күрсіне бір.

Әр әуенің шуақ боп бағама мың,
Сәттеріңді әсерлі сағынамын.
Жастығымның қалдырып көлеңкесін,
Келмесіңе қиылдым тағы да бір .

Сенен оқып әліппесін сан ұғымың,
Қиналмады әз өмір жаны кімнің.
Әр күніннен сабақтап сыр ақтарып,
Жолын іздеп келемін жорығымның.

Жарадым ба құныңа жарамадым,
Несібесі өзінде әр адамның.
Кім не десе о десін мейлі, өмір,
Мен өзінді ерекше бағаладым.

ТОЛҚЫН

Өлеңіңнің көріп жаңа тізбегін,
Көктем емес сездім одан күз демін.
Қателестің мені ойлап жүр десең,
Сенен күдер әлде қашан үзгемін.

Әзірге жоқ көңіл деген күйде мұң,
Керек емес отқа орынсыз күйгенім.
О бастан-ақ бағынбадым мен саған,
Білем анық бар ғой сенің сүйгенің.

Жүректегі оты өшкен сағымның,
Бағынышын өзгертпеймін бағымның.
Сені ойлап жүргенім жоқ мүлде мен,
Кешірші деп қателесіп жаңылдың.



Қарасына салмай сені көзімнің,
Мен алаңсыз мақпал түнде көз ілдім.
Еш әуреге салмадым мен жанымды,
Жалғанына көзім жетіп сезімнің.

ҚАЗАҚ ЕЛІМ

Күн аунаса кеш кіріп төбемдегі,
Көңіл күйім менін де төмендеді.
Кейіпкері таң мен кеш айтпасам да,
Іздемей-ақ қой осы бір өлеңдегі.

Шаттық ойнап шабыт кеп көңіліме,
Шұғыласы ақ таңның төгілуде.
Бақытпенен көрінген күндерімді,
Базыналы баладым өміріме.

Өз өмірдің білмеймін сыры неде,
Сәуле етіп шашса екен күнімді өрге.
Қуанышпен қарсы алып әр таңымды,
Тарту етсем болғаны жырымды елге.

Тандарынды демеймін зарықтырған,
Арай шашсаң жаныма алып қырдан.
Танды атырып кешінді жырлап өтер,
Қушағында мен сенің ғаріп бір жан.

ҚАРАШЫ МЫНАҒАН

Оу, қарашы мынаған, сүйікті елім,
Мынау қырған кешегі киіктерім.
Киен бе екен өзінді құндап тұрған,
Төл теңгенің төрінде биіктедің.

Паң даланың иіткен омырауын,
Жазығын не ататын қоңыр аңым.

Арқалы тау қонысы алқалы елмен,
Егіз біте қайнасқан өмір әнін.

Сар даламмен етене Есіл егіз,
Замананың қалдырған көшінен із.
Арқа менен Есілден киік қырып,
Шаттанамыз шалқимыз несіне біз.

Санамызға сәулелі ой дарымай ма,
Күпті көңіл кетті екен тағы қайда.
Киесіне киіктің қалмап па еді,
Пенделікпен кешегі Сарыбай да.

Қайда кеткен санамыз осы біздің,
Ор киіктің құртпайық тосын ізін.
Ашынғаннан жазған бұл шумағым ед,
Ой түрткісін колдар деп осы қыздың.

ЖҮРЕК СЫРЫ

Жырлайсыз ба?
Мейлі тағы жырланыз,
Жырдан маржан кел шашайық, тұрмаңыз.
Жылы самал есіп тұрад сіз жақтан,
Қалды екен неге осындай мұңлы аңыз?!

Жазасыз ба?
Тағы өлең жазыңыз,
Жадырасын сол өлеңбен жанымыз.
Тереземді самал боп кеп қағасыз,
Айта алмаған бар ма еді назыңыз.

Шырқайсыз ба?
Әсем әнді шырқаңыз,
Тыңдайыншы, мен деп әуен құрсаңыз.



Толқыны боп жағаға ұрдым теңіздің,
Бұл өмірде мен деп қана тұрсаныз.

Жалғайсыз ба?
Сол сезімді жалғаңыз,
Сөздеріңді сезіндіріп арнаңыз.
Ұялаған бұл махаббат жүрекке,
Сізбен, бізге ғашықтардан қалған із.

АЛТЫН АЛТАЙ АРДАСЫҢ
(Арқа қызының Алтайға сағынышы)

Көңіліме менің күн көзін салып көктем нұр,
Таң агара ақша бұлт нөсерін төкен бір.
Арда Алтай сенің биігінді көргенде,
Жан жүрегімнен жыр төгіп тұрмын мөп-мөлдір.

Батады дейсің өріме менің кеш күнім,
Жамандықтың көрмейсің дейсің еш бірін.
Түнеріп тұр қарлы шыңың беймаза,
Төбеге шыққан қарт атама ұқсап кеш құрым.

Шындарың биік шашылған жұпар көгалдан,
Өзінде туған менде де, Алтай, жоқ арман.
Алтай тау, сенен жыраққа кетіп мен бүгін,
Жүректен төгер жұлқынған жырды доғарғам.



ҚҰРМАНХАНҒА

Есімің сақталып елімнің есінде,
Жырларың жатталып жылдардың көшінде.
Әз ата, өзіңді ел жұртың ардақтап,
Жиылды жүз жылдық мерей той кешінде.

Алтайдың тауындай тым биік арманың,
Өнермен нұр шашып ататын таңдарың
Құрманхан есімің жүректен орын аң,
Еліңмен мәңгіге бір жасар саңлағым.

Ұжданды ұрпаққа үлгі боп нар тұлған,
От жырмен ояттың түлекті талпынған.
Ел үшін тер төктің сан соқпақ жолыңда,
Ақ жарма жырыңды аямай халқыңнан.

Қараңғы сананы ашуға ұмтылып,
Бұлқындың бұғауын үзуге құлшынып.
Даланың дауылпаз күміс үн жыршысы,
Жырларың жүректе катталып тұр тұнып.

Үніңмен оралып қайтатын жыл құсы.
Ізіңнен тоба қып, аңсайтын мың кісі.
Қасиет қарымы қадірлі ісі деп,
Сыйынар ел саған кең дала жыршысы.

Көмейден күміс үн күмбірі жайқалған,
Балдәурен шағыңнан ерлігің байқалған.
Ұлылық үніңмен жүректе ұялап,
Ұрпақпен мың жаса, дарабоз майталман.



ҚОҢЫР ХОБДА

Мен осы өлкеде туған едім!

Құт Хобдам, самалыңнан ән жұқтырдың,
Саялап салқынында салдық құрдым .
Айналдым арайыңнан асыл мекен ,
Бойыңда ізі қалған сан мықтының!

Сенде өтіп балалық шақ гүл көктемім ,
Асыр сап құрбылармен бірге өткенім.
Анамның құрсағында өлең жаттап
Кеудемнен ұшырып ем жыр кептерін.

Бөленіп шуағына алып нұрдың,
Бойыма адалдықпен арды ұқтырдың.
Талғамымды өлең мен шектестірген
Құт Хобдам, өріңде өскен таулық қызбын!

Кеудеме кілтін салып сандық сырдың
Шашама өлең жырдан шаң жұқтырдың
Сен кесіп тұсауымды, құтты Хобдам
Өлеңнің тұлпарына қарғып міндім!



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Жыр арнап жүрегімнен құлшынғаным,
Тарихтан оқығанда тылсымдарың.
Осы таң қан аралас қар болатын,
Жастардың қиып кеткен қыршын жанын!

Атса да күн райын беріп ақ таң,
Жүрекке желтоқсанның шері батқан.
Өшірмек болды сумен бүркіп-бүркіп,
Алауды қарлы мұзда еріп аққан.

Қаһары желтоқсаның аласұрып,
Қазақты тондырған күн кара суық.
Әділдік сұрап барып соққы жеген,
Тарихта қанмен қалды дара шындық.

Түн бойы, түскенінше таңнан жарық.
Ұрандап, Азат таңын армандадық.
Оятты, ел рухын бүршік жарған
Ер Түрік оғландары алған бағыт.

Болсын деп Тәуелсіздік ел тірегі,
Кетсін деп шүрегейдің елшілері.
Жалындай жастарымыз қанаттанып,
Айбарлы Көк бөрідей серпіледі.

Көрсетіп қу саясат күшін қатты.
Әділдік сүйген елдің мысын басты.
Зорлықтан қайтатұғын жастар бар ма,
Ел үшін жанған отқа түсіп жатты.

Дәл бүгін жүректерден коздап жалын,
Қанды қар еске салды козғап бәрін.
Қазақтың азат алған таңы бүгін,
Еске сап елім деген боздақтарын.



Шындығын ашар елім мұрағаттын.
Қаншама құрбандарға күнә жақсын.
Алаңнан ешқашан да ізі өшпесін,
Сәбира, Қайрат, Ербол, Ләззаттын

БАЯНБҰЛАҚ

Мекенім туып өскен Баянбұлақ
Кең далаң көсіледі ұлан байтақ
Ақ боз үй томағадай қатар қонған
Еліме есіл өлке болдың тұрақ

Жалаңаш жасыл алқап кең көсілген,
Туған жер қойнауыңда менде өсіп ем.
Өрлесем кең далаңда Мара жатыр,
Бетегесі самал желмен тербетілген.

Көксерке, Дундголым жасыл орман,
Кең далаң бес түлікті малға толған.
Сылдырап мөлдір бұлақ шатқалыңнан,
Саяаңа саяқаттап бұлбұл қонған.

Ұрты мен Уст тауы жалт қаратқан,
Төсінен Тиекті өзен мөңкіп аққан.
Сенде өткен аз ғана өмір қызықпенен,
Не деген заман едің өтіп жатқан.

Басында Тиектімнің ақ қары бар,
Осындай туған жердің аттары бар.
Тауың да талай жанның ізі қалған,
Құт мекен, бір көруге болам ба зар?

Көз тартқан Түпшіңбұлақ көгалдары,
Болғанмен бойы жасыл жоқ орманы.
Тауыңнан құлап аққан бұлағыңнан,
Бір ұрттаған пенденің жоқ арманы.

Орылғы төмен тартқан терең сайын,
Тасыңнан тасырқайды мінген тайым.
Түнеріп жауар күндей кетем кейде,
Туған жер, сен есіме түскен сайын.

Солаң тұр шалқасынаң төсін керіп,
Тайсалмай саған келдім атша желіп.
Қайран жер мекен қылды арда елің,
Мал басы амандықпен өсіп өніп.

Уу кезең мойнағыңнан машина асқан,
Көзіме үйір болдың бала жастан.
Сағындым туған жердің тұнықтарын,
Жазылмай тереңінде тарих жатқан.

Буянт өзеніннен ішіп едім,
Ержеткен өмірім еді осы менің.
Азырақ туған жерден сөз қозғадым,
Ағайын, өзің түзе қисық жерін.

Тоқтаттым сөз аяағын осыменен,
Ұрпағы осы өлкенде өсіп өнген.
Қысқаша шер қозғадым жүрегімнен,
Көңілдің қабыл алшы хошыменен.





ӨМІР

Өмір де назын тізбектеді,
Төксін деп сырын жүректегі.
Қиялым да шабытқа мініп,
Тұрған-ай сені жыр еткелі.

Арыны жырдың кеш келіп те,
Сырынды сансыз өлшедік пе?
Күйтұрқы өмір кештерінен,
Қалдырмай барам естелік те.

Сәтіннен сансыз сырың да дайын,
Қайсысына айтшы ұрынайын.
Әр сағатыннан жаураса жаным,
Алауына кеп жылынайын.

Басыма бәлкім бақ қонар ма,
Шарықтағандай жат ғаламға.
Назым ғой, өмір, өзіңе айтқан,
Кінә артқым келмей басқаларға.

ЖАҚСЫЛАРҒА

Сабак болар саған, оған, маған да,
Өткен күнің тұрсын бәрі санаңда.
Өйткені оның түбі тарих болған соң,
Қақылымыз құрметпенен карауға.

Қарашы өзің көз алдында дерегі,
Кей сәттердің бар мәңгілік керегі.
Білесің бе біздің жаңа бағытқа,
Қандай жақсы жанашыр боп келеді.

Үміткер боп келген жандар көлденең,
Өр руықты ерен болсын ел деген.
Қаншалықты уәде үйіп бергенмен,
Жұрт бойында күдік бар-ау сенбеген.

Ел тағдыры сізге берген аманат,
Соны ұстар жан келсінші тазалап.
Тым құрыса үміті өшкен халықтың,
Санасын сәл оятса да қанағат.

ҚАЙРАН АНАМ

Өзіңді күнім жоқ-ау аңсамаған,
Сыйлаған өмір гүлін қанша маған.
Біз үшін отқа күйіп, суға түсіп,
Жан анам өзің едің шаршамаған.

Күнім деп күнің қайда аймалаған,
Сіздей жан сая болар қайда маған.
Жыл сайын меркенде іздеу салам,
Қайда деп қамқор болған қайран анам.

Бар болсаң бақытым ең алтын анам,
Күйге еніп түрленер ме ед жарты ғалам.
Өзің жоқ жарты әлем құлағандай,
Құлазып көңілімде шалқымаған.

Қалайша қысқа болды ғұмыр нәрің,
Жан анам, ақ сүт берген шырын балым.
Өзіңді дәл бүгін күн есіне алды,
Бір шөк гүл ұсына алмай құлындарың.



СӘУІР

Нұрға бөлеп тұрғандай жанарыммен,
Көмкерілсе тербелер дала гүлмен.
Қаңқылыңа аққу-қаз құлақ салып,
Тебіреніп қыр жаққа қарадым мен.

Сәуір биыл жаз назын алшақтатты,
Кірпігіме суық жел моншақ тақты.
Арда белін Арқаның әнге бөлеп,
Әз көңілім тұрғандай аңсап бақты.

Көңіліме қош сыйлар арайлы күн,
Жанарыма жазықсыз тарайды мұң.
Менің сырлы сезімімді ұғынғандай,
Жасырынып жұлдызға қарайды түн.

Арқаға жаз келмей тұр байқаймысың,
Қара жел күнде салып айқай күшін,
Зарығып кара Ертісім мұнайдың ба,
Аттанған жылы жақтан қайтпай құсың?

КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ

Жүзімді менің тоңдырғандай болып бір суық,
Енсем түсіп еңсіреп тұрмын күрсініп.
Түнерген бұлттың ішінде жүрмін шыға алмай,
Тынысым тарылып демім барады тұншығып.

Деп жүргем жоқ жерде емес мен көктемін,
Арманым ғой жұбатқан жанды тек менің.
Өзімді өзім осылай бір сәт алдаймын,
Көкірегіме көңілдің сыйлап өктемін.

Сан қиялдан санам жүр қуып сағымын,
Бойымнан алшақ кетпесе сенім тағылым.
Мен сонда ғана бақытты ғұмыр кешер ем,
Өзге менің болса егер қасиет қадірім.

Жарық етсе жаным жұлдыздай жанып жоғары,
Арман мен мақсат алдыма қойған көп әлі.
Жаным толқып жанарым менің от шашып,
Кеудемді кере дамылсыз жүрек соғады.

Жабырқамай жаным бір тапса жарасым,
Жайланып көңіл жадырап сен де қаласың.
Сонда да жүрмін көңілсіз күйдің соңында,
Қара түн үзіп бара жатқандай қарасың.

Демеймін, сірә, түсінер бәрін текті едім,
Білерімнен білмесім, әттең, көп менің.
Беймаза күйдің осылай сырын ақтардым,
Кереғарға ұшырып көңіл кептерін.

ҚАЗАҒЫМ-АЙ

Қайран менің нар тұлға қазағым-ай,
Көне берген ауырлық азабына-ай.
Ертеңіннен еш үміт болмай ма деп,
Ашынғаннан осылай жазамын-ай.

Қайсар мінез қайтпайтын қазағым-ай,
Мың құбылды қайтейін заманың-ай.
Ел тізгінін ұстаған асыл ерлер,
Елден артық қойып жүр аранын-ай.

Текті туган өр едің, қазағым-ай,
Мейіріміңнен ада болып тарадың-ай.
Қыран едің сәйгүлік қас тұлпарым,
Жетімсіреп барамыз жабағыдай.

Қайран елім дархан жұрт қазағым-ай,
Қойның кеніш, қырың құт, далаң мұнай.
Сол байлықты өзге емес өз еліңе,
Тарту етер ұл келсін заманың-ай.

СӘУІР КЕЛДІ

Көрдiңдер ме қыр жақтан сәуір гүлін,
Нұрын шашсын бақшаға тәуір күнің.
Суық желі сүркейлі мінезімен,
Желпілдетті Арқаның туырлығын.

Сері көңіл, сен неге алып ұштың,
Іздедің бе бақытын бақ ырыстың.
Мекеніне сәуірде құстар келсе,
Желпілдейді пердесі сағыныштың.

Бәйшешек те оянып бағымдағы,
Бұлақ ақты сылдырап тауымдағы,
Мені күйге бөлейді бір ғажайып,
Аспандағы ақ бұлттың ағылғаны.

Билесің бе, халайық, сәуір бүгін,
Артта қалды деп едім ауыр күнің.
Қара желің жанымды тоңдырды ғой,
Қашан келет оу, сәуір, тәуір күнің?

Мен келіппін өмірге, мен келіппін,
Мен келгенде, өмір-ай, сен нені ұқтың?
Жарлықтарын орандасаң арманымның,
Мен де күйін кешпес ем пенделіктің.

Таусыламды-ау өз өмір армандарым,
Қойды-ау қинап тәкаппәр талғамдарын.
Сенің осы ып -ыстық құшағыңда,
Шындығы жоқ білемін жалған барын.

Дей алмайын өмірдің төрі бөтен,
Пенделікпен қырларын шолып өтем.
Баяны жоқ бағдарынды бастай алмай,
Тастап кетем біле жүр сені де ертең.

ТАҢЖАРЫҚ АҚЫН РУХЫНА

Армысыздар аруакты
Ұлы Даламның ұлы елі.
Біз үшін мәңгі ардақты
Рухтың отты тірегі.
Сіздерге менің айтпағым
Таңжарық жайлы жыр еді.
Туылған жері арда ұлдың
Қасиет қонған Іле еді.
Мұзбалақ ақын ақиық
Іледен ұшып түледі.
Өлеңмен толғап шындықты
Қазақ деп соқты жүрегі.
Таңжарық ақын бабаны
Иісі Қазақ біледі.
Ұрпаққа қалған мұрасы
Өлмейтін асыл жыры еді.
Ерікті азат санасы
Қас батырдың бірі еді.
КОМИНДАН қысып тұрса да,
Азуын айға біледі.
Қанаста күйсіз жатса да,
Тілеуін елдің тіледі.
ТҮРМЕЛІК ХАЛІН оқыса,
Езілмес кімнің жүрегі.
Шегені басып жүргізіп,
Үйірілді талай иманы.
Көбеге ине кіргізіп,



Имансыз иттер қинады.
Бәріне соның төзсе де,
Дамылын таппай қу жаны,
Рухы қайта шыңдала,
Шындықты талмай жырлады.


ЕЙ, ДҮНИЕ-АЙ

Ей, дүние, көңіл айна аспаным нұр,
Тылсымнан жанға сая жаста ғұмыр.
Жанымнан сағыныштың бұлты көшсе,
Батпасын салмақ болып басқаға бұл.

Батса егер салмақ болып басқаға бұл,
Ауылын аралатар басқа ғұмыр.
Жапаныңа сенделтіп сезімді,
Кештірмеші сағыныш тастан ауыр.

Тан ата аштым тағы жыр қатпарын,
Жыр жаздым тек ешкімге тіл қатпадым.
Жабырқап тағы міне ойға баттым,
Көргенде сағыныштың зіл батпанын.

Сәулесімен шарпыса тереңді нұр,
Өлеңменен өлшегіп өремді бір.
Сағыныштың саясын нұрға бөлең,
Өзегімді өртеші өлең ғұмыр.





НИЕТ

Раббысы әлемнің,
Пайғамбарым Мұхаммед,
Жүрегінде бар елдің,
Сізге деген қошамет.
Бір Алланың елшісі,
Пайғамбарым Мұхаммед.
Пенденің көп кем тұсы,
Дей алмаймын ісі ақ ет.
Жаратыпты бір Алла,
Мінезінде көркем ғып.
Жазылған барлық кұранда,
Түсініп бәрін жүрсең кұп.
Пайғамбарым Расул.
Күрметтейік жамагат.
Әлемдегі бір асыл,
Айтайық үзбей салауат.
Оқып дұға уағыз,
Аллаға мойын бұрамыз.
Қабыл болсын халайық,
Қасиетті жұмаңыз.
Иман нұры бақ шынәр,
Алланың жолы қақ шығар.
Қабыл боп бүгін дұғамыз,
Аман бол, жайсаң жақсылар.

САҒЫНЫШ АРМАН

Сағыныш самалы ұйып қалды жанға,
Ұласып арман менен мұңдар таңға.
Кеудемді шарпып өткен бір ыстық леп,
Жалындай жанарымнан алаула да.

Бал күйге сезіміді ұластрып,
Жазайын арманымнан жырақ тұрып.



Кеткендей сағыныштар бойымды өртеп,
Жанартау құшағына лақтырып.

Көзге ілмес көк тіреген заңғарлардан,
Болмайды сені сүйген арман жалған.
Қара түн қайғы мұңын сыйласа да,
Жеткізер жақсы хабар тандар маған.

Мен ылғый жабырқанқы күйге енемін,
Қамалып жәйсіз ойға жиренемін.
Жаным-ау, жетпеді ме әркез мені,
Аңсарға түншқтырып сүйрегенін.

Кемедей жартасқа ұрған күйремейін,
Зорлық жоқ сүймей тұрып біл демейін.
Атылған аш өзектің ащы мұңын,
Баянсыз пәк жаныңа түйремейін.

СЫР ТОЛҚЫНЫ

Алаңдап көңіл жүрегім неге мұздайды,
Ақ қағаздан сұрадым салған із жайлы.
Түнерген аспан ойымды бөліп жіберді,
Еріксіз тағы жаздырып өлен сіз жайлы.

Байқайсыз ба мен неге осы нәзікпін,
Жоқ әлде сізді еске салдыма нәзік түн.
Қисапсыз ойдың шешуін тапай күйзеліп,
Бір өленді сіз жайлы тағы жазыппын.

Сіз жайлы бүгін көңілге шуақ түсірдім,
Көз алдыма көлбеңдеп келіп мүсінің.
Мақпал түннің мәнісін мен де таба алмай,
Сізге арнаған кептер жырды ұшырдым.

Көз алдыма баяғы түсіп көлеңкең,
Үмітімнен ұшасын деп ең сен ертең.
Осы бір сәтті жыр етіп сонда жазарсың,
«Салғанына тағдырдың, - дедің, - көн, еркем»

ТУҒАН ӨЛКЕ

Қарлы шың туған өлкем сайын далам
Мен сенің арда емген тайың болам.
Жоқ іздеп жон - жотаңды әкем кезіп,
Жер ошағын тұтатқан сайыңда анам.

Кең далаңа сән берген кешкі алабың
Сол сәттерді сағынып еске аламын.
Сенде туып, сенде өсіп күт мекенім,
Сенде өмірдің жорығын бастағаным.

Ақ орданың сенде қалап тас тағаның,
Күрең шайын ішіп ем қоста ананың .
Он үшімде қолыма домыра алып,
Дәл өзіңде шырқалды асқақ әнім.

Бәйгеңнен шаң көрсеттім бұрын шауып,
Отырып-ақ бұлтыңа күрдым сауық .
Өлеңнен маған далаң енші беріп,
Жұлқыды жүрегімді жұлын шабыт.

СЕЗІМ СЫРЫ

Сыпайы ғана сырымды іштен ақтарсам,
Кінәламашы өз жүрегіңе шок салсам.
Кешіріші мені ыңғайсыз күйде қалдырмай,
Іштегі ойды сезіммен жалғап атқарсам.

Мен ғашық болдым толқыған саған сезіммен,
Көңілге алма, ағаттық кетсе сөзімнен.
Мына өмірде басқаның маған мәні жоқ,
Тағдырым тұрсын бөленіп нұрға өзіңмен.

Биігім дейін демейін сені аласам,
Күлмеші маған наздана сүйіп қарасам.
Өмірдің әсем Махаббат атты бағында,
Өзіңмен ғана бүр жарған гүлдей жарасам.

Бақытқа санап өзінмен өткен күнімді,
Кешіре білдің бойымнан тапқан мінімді.
Аңсатып бір сәт алысқа кетсең торығып,
Сағынып қалам өзіннен бұрын үніңді.

Сен ғана жүрсің сағынтып санам ішінде,
Кетсем де ұйықтап, көремін сізді түсімде.
Тірліктің, жаным, арбасын бірге сүйрейік,
Мен жүрген жерде жабығып сенде күрсінбе!

Өзіңнен басқа ойлашы маған лайық па,
Қателік етсем, бұйырма мені айыпқа.
Өмірдің татып ащысы менен тәттісін,
Бір болсақ деймін, Ғашықтық өмір қайықта!

Ойласам сені, санама енер жайлы мұң,
Сен барда менде ізі де болмас қайғының.
Өзіңмен ғана ыргалып өсіп келеді.
Мәпелеп баққан жүрегі сендік Тау гүлін.

ҰЛАНҒАЙЫР ҰЛЫТАУ

Ұлан ғайыр !
Ұлытау сырың дастан,
Ұлылықпен әр тасың сырыңды ашқан.
Қарт жотаңда хандардың ізі қалып,
Бізге рухын жеткізген жығылмастан.

Қарт Ұлытау!
Бауырың ырыс пен бақ,
Бақ қонғанға ежелден тәнір де жақ.
Егейлерді төсінде сайрандатып,
Ұсынғансың астына алтыннан тақ.

Ұлы Ұлытау!
Ұрандап ұлар далаң,
Келемісің бұрылмай ұлы арнадан.
Сенде жатқан тарихтын тылсымдарын,
Мәңгі жыр ғып келеді ұлан далам.

Беу Ұлытау!
Сыр қалған жартасында
Тарихтан таңба қалған әр тасында.
Мен барсам құшағына, дархан далам,
Аңызын Асанқайғы айтасың ба?!

Оу, Ұлытау!
Сыр шерттім дүбіріннен,
Кешегінді сабақтап бүгінімнен.
Далаңда күй төгілді ақсақ құлан
Домбыраның күңіренгіп күмбіріннен.

Өр Ұлытау!
Ордасы тектілердің,
Кеңге жайдың, көңілдің көк кілемін.
Ақ кигізбен көтеріп төбесіне,
Ардақ тұтқан өлкесің тектілердің.

Бұл Ұлытау
Жаураған таңғы ызғардан.
Қарт жотасын қай ақын ән қылмаған.
Ұлы Жоңғар жорығын аңыз етіп.
Хан Жошысын көтерген жалғыз далам.

Ән Ұлытау!
Төгіліп нұрың көктен,
Саған жапқан болайын жырдан шекпен.
Керім далаң не деген күдіретті,
Алмағайып заманның сырын төккен.

Сөзім сыры
ӨМІР - АЙ

Ей, өмір-ай, сенің жүрмін жолыңда,
Тарам-тарам іздер қалып соңымда.
Сапарымның қуаныш, бақ, қайғысы,
Бәрі-бәрі тек өзіңнің қолыңда.

Ей, өмір-ай, тартыс - талас тағдырын,
Көтеруге мен дайынмын барлығын.
Тірлігімнің тәтті балын татқанша
Бере көрме келмесіңнің жарлығын.

Ей, өмір-ай, сен салдырар аз ба әнім,
Мен мезі боп осы өленді жазбадым.
Тәуекел деп көшіңе ердім бел байлап,
Көрейін деп пешенеме жазғанын.

Ей, өмір-ай, қимасым-ай, бағалым,
Әміріннен қалай шеттеп қаламын.
Өтіңерім бес күн ғұмыр берсең де,
Мағыналы мәнді етші парағын.

Ей, өмір-ай, сүйем сені тым қатты,
Сен сыйлаған қимас күндер қымбатты.
Кейде шаршап қалжырасам сен маған,
Мұңайма деп күлімсіреп үн қатшы.



Кірпігімнен кетер ме екен мұз құлап,
Қуқыл тартып күңіренсе күзгі бак.
Сыбдырлаған жапырақпен сырласты,
Түніменен қайың, терек мызғып ап.

Өкпесі бар айта алмайтын қысқа да,
Бір уайым түсті ме екен құсқа да.
Жылы жаққа қымай-қымай кеткенмен,
Қанатынан қош таппады ұшса да.

Күз кеді де құлазыды атырап,
Күрең күйге күрсініспен батып ап.
Жылап жатыр таптамашы мені деп,
Мұның шағып жерге түскен жапырақ.

Жабырқатып мені тағы күз келді,
Қыс азығын дайында деп бізге енді.
Іреңінен айырдым деп ренжіп,
Табиғат та тылсым күймен күйзелді.

ӘКЕГЕ САҒЫНЫШ

Асқар тау менің киелім,
Өзіңнен көп қой түйерім.
Сағынам, әке, көрмесем,
Аман бол арқа сүйерім.

Қазына болған ауылға,
Ағасыз мына бауырма.
Панамсың жалғыз саялар
Ауырма, әке, ауырма.

Баланың кешкен қатесін,
Үш әріп қой әке есім.
Қынжылса сенің қабағың,
Қаналам мен де, әкешім.



Ауылымның қартысың.
Тағдырымның нарқысың.
Біз үшін, әке, шоқ бастың,
Жаныңның беріп жартысын.

Ардақтап бізді мәпелер,
Қол жетсе айды ап берер.
Алладан жалғыз тілерім,
Аман болсын әкелер.

ӨМІРДІҢ ҚАЙДА ТҰРАҒЫ

Ерте ме, кеш пе күн әлі,
Өмірдің қайда тұрағы.
Қиялдың кезіп кештерін,
Боп жүрмін неге кінәлі.

Бәрін де қойшы ұмыттым,
Арайын жағып үміттің.
Түстерін көрем түндердің,
Шыққанша таудан күліп күн.

Қиялма келген жай маған,
Шуақ боп тұр ғой айналам.
Күн салып қарап көк белге,
Неліктен ұзақ ойланам.

Көңілді сәтім дегенмен,
Сурет салдым өлеңмен.
Өзіммен өзім мезі боп,
Түнеріп тұрмын неге мен.

Не айтам, өмір, басқадай,
Аларсың бәрін тастамай.
Көпірген мына көңілге,
Төкпеймісің басқа арай.

Ұсынып жолдың төтесін,
Өтерсің де, кетесің.
Бәрінде артқа қалдырып,
Өмір өзен өтесің.

ТУҒАН ЖЕР

Туған жерді көргенде барғым келді,
Өзім басқан сағындым балғын белді.
Гүлін теріп туған жер бөктерінен,
Қоңыр әнге тағы да салғым келді.

Сағындым-ау, сағындым балғын белді,
Сағынышқа неге орап алдың мені.
Әкем салған сары із жатқанменен,
Жер ошағын анамның шалғын көмді.

Барғым келді, туған жер, барғым келді.
Ел жұртымнан бір хабар алғым келді.
Көктегі айды өзіне табындырған,
Мөлдіреген сағындым айдын көлді.

Барғым келді, туған жер, барғым келді,
Сағыныштан жанға сая алғым келді.
Керім дала, керме тау өзіңменен,
Бөлісейін тындашы қайғымды енді.





Сөзім сыры
СЫР ТОЛҚЫНЫ



Сан ғасыр өтті емес пе дерегі жоқ,
Сөзімнің күнсыз болса керегі жоқ.
Сапарын өміріңнің ойланып бас,
Жаныңнан жалындаған сөнеді от.
Анамның құрсағында ойландым ба,
Өмірге акын болып келемін деп.
Жан салып қарманып қал тірлігіңде,
Ойламсыз дүниенің себебі жоқ.
Кешегі, ұлы Абай мен Мұқағали,
Мезгілсіз ойланды ма өлемін деп.
Өмірден сан мықтыны алып кеткен,
Сұм ажал айтқаны жоқ келемін деп.
Наз кылып жыр төгейін жүрегімнен
Қызыл тіл желмесе де Кененің боп.
Бірақ та ойланайық жақсылардың,
Рухы ұрпағымен өнеді деп.
Ақын болу өмірде қиын екен,
Елі үшін өзегіне салады от.
Артыңа із тастатар белгісі бар,
Өмірдің ақ пен кара жолағы боп.
Ойланбай өлім жайлы қалай қалам,
Көргенде мүрде қойған төбені көп.
Келешек ұрпақтарың оқып жүрсін,
Кешегі Хуат қыздың өлеңі деп!



ШЫҒЫСТАН ҰШҚАН ТАС ТҮЛЕК
(*Бақыт Ихсановқа*)

Шығыстан ұшқан тас түлек,
Қамшылай жырын басты кеп.
Сынақтың мініп кемесін,
Асудан сансыз асты көп.

Ұжданы мықты нар тұлғам,
Ұлт қамы үшін талпынған.
Ақ жарма аппақ жырыңды,
Аямай өстің халқыңнан.

Сағынды сізді жыл құсы,
Арнады жырын мың кісі.
Рухыңызға бас ием,
Шығыстың дархан жыршысы.

Күміс үн жырың жайқалған,
Елінің мұңын айта алған.
Тарбағатайдай төре елдің,
Дарабозы сен. Майталман.

Сауырдай биік арманың,
Шуақ боп атқан таңдарың.
Өз жүрегінде Алаштың,
Сақталды даңқың, саңлағым.

Еліңнің сіңіп есіне,
Бас болдың жырдың көшіне.
Қаршадай қыздан бұл өлең,
Жыр шашу болсын кешіңе.

Көтерген туын азаттың,
Кемеңгері едің қазақтың,
Өлеңің өлмес болғанмен,
Беріпті-ау тағдыр аз-ақ күн.



Торқалы тоқсан жасыңмен,
Өзіңе жұртты қараттың.
Өзіңдей ермен айбыны,
Асқактай түсер Алаштың.

СЕРТИМ БҰЛ

Тағдыр өлшеп берді де пешенемді,
Мен жазуға құлшындым кеш өлеңді.
Босқа өтті деп өткен күн өкінбеймін,
Қайтарармын өлеңмен есемді енді.

Жыр сүйресе шығармын асқарларға,
Бұрмайын деп бағытты басқа арнаға.
Жеңілістің келмейді жолын алғым.
Алып ұшса арман жыр ақ таңдарға.

Қыран жырдың іздегенде қарасын,
Үмітімнің үзе көрме наласын.
Текті сөзді суырайын қынынан,
Айғайласаң: « Алға, алға!» - деп, Алашым.

Бір үмітім өшпесе екен бұл менің,
Кеш те болса жырдың шоғын үрледім.
Абай, Қасым болмасам да Мұқаңың,
Ұқсап бағып қопарайын жыр кенін.

Мен білмеймін сене ме осы сертіме ел,
Шолып өтсін жазғанымды ел түгел.
Қайсарлықпен менің берген сертім бұл,
Ақын болсаң жырмен сырды шертіп өл.

Ерте ме кеш пе күн әлі,
Өмірдің қайда тұрағы.
Қиялдың кезіп кештерін,
Боп жүрмін неге кінәлі.

Бәрін де қойшы ұмыттым,
Арайын жағып үміттің.
Түстерін көрем түндердің,
Шықанша таудан күліп күн.

Қиял ма келген жай маған,
Шуақ боп тұр ғой айналам.
Күн салып карап көк белге,
Неліктен ұзақ ойланам.

Көңілді сәтім дегенмен,
Сурет те салдым өлеңмен.
Өзіммен өзім мезі боп,
Түнерем кейде неге мен?!

Ұсынып жолдың тотесін,
Одан да өтіп кетесің.
Бәрін де артқа қалдырып,
Өзенге өмір жетесің.



ҚАРА ӨЛЕҢ ҚЫРАНЫ

(Болат Құрманғажы Әкежанұлына арнау)

Ұшқын атып Сауан қала төрінен,
Сауат алып шығыс Қытай елінен.
Болат ағам бала жастан ақын боп,
Жыр құраған қара сөздің кенінен.

Жас шағынан жыр бәйгеден көріне,
Шумак жыры тылсымдардан төгіле.
Арда Алтайдың шыңдарынан түлеп ол,
Миллиарттың танылыпты еліне.

Малып алып жыр қаламын сияға,
Бойға біткен шабытынан күй ала.
Текті өлеңмен Түн бөрісін ұлыгып,
Ақиық жыр қанат қақты қияға.

Өзіңіздей өнеге алдым есілден,
Қалмайын деп дүрмек жырдың көшінен.
Батыраштың баласынан сақтасын,
Жыр майданда құлагерді көсілген.

Көңіл - теңіз, шабыт - асау жайыны,
Өлеңі - ескек, шумағы - оның кайығы.
Жыр нөсерін бұйра бұлттан селдеткен,
Болат ақын - шайырлардың шайыры.

Ата жұртты аңсап жүрек түбінде,
Қимастықпен батқан күні іңірде.
Қазағымның төріне кеп өр ақын,
Жыр бұлағын бұлқынтып жүр бүгінде.

Жуат Иркинжанқызы
САҒЫНДЫМ ТУҒАН ӨЛКЕМДІ

Атажұрт көшіп келдім елім-айлап ,
Жыр жазсам, О, туған ел, сені ойлап .
Құт қонған Көксерке тау, Өлгей-Қобда,
Бесбоғдам, ырыс мекен, керім аймақ .

Асаудай ағытылған Хобда өзені ,
Жаныма ұшқыр шабыт жыр береді .
Өзінде сақталған ғой абыз далам,
Тарихтың Сақтан қалған мың дерегі.

Шұрайлы асқар тауым Самбы ғарып,
Төсіңде бабам өткен малын бағып.
Күмбездей күнгейімді нұрландырған,
Жоғаннан сәуле шашқан таңғы жарық

Құт Хобдам, табиғатың дара құнды,
Қатайтқан жас қауырсын қанатымды.
Қырандай қиян көкке самғатсаң да,
Аңсаймын өзінде өткен бала күнді

МЕКТЕБІМ

Мектебім -- нұрлы мектебім,
Еңбегің маған көп сенің.
Өзінсіз Өмір айдында,
Есер ме ем, білім ескегің.

Ғылымның қоңыр желі ескен,
Арылып қиял елестен,
Толқындай асып келемін,
Кездескен барлық белестен.

Ғылымның қайнар егізі,
Білімнің жойқын теңізі,
Өзіндей Алтын ұям ғой,
Болашағымның негізі.

Сезім сыры

Мамырдай нұрлы көктемде,
Гүлденіп қырлы бөктерде
Жаныңа әсем нұр қонар,
Қонырау үні ескенде.

ЖҮРГЕН ЖЕРІМ ҚОБДА ЕМЕС

Жүрген жерім Қобда емес, басқа қала,
Сағыныштан төгілген жас па нала.
Құт мекенім өзімді құндақтаған,
Сені ауысқым келмейді Астанаға.

Құдіретті құт Қобда елім едің,
Мені өсірген сенің қоңыр белің еді.
Қайран елдің сілемі бұлдыраған,
Шығыс жактан шуақ боп көрінеді

Жылдар өтсін, ай өтсін жылыстап та,
Қарай берем сағынсам шығыс жаққа.
Сенің, Қобдам, аңқыған жусаныңды,
Ауыстырғым келмейді тыныш баққа.

ҚАЙРАН ӘЗ АҒА *(Серік ағама)*

Шайқалды ау, поэзиям тұрақтағы,
Өмірдің көп пе әле жылатпағы.
Күйзелді барша ақын мұңға батып,
Ортадан бір бәйтерек құлап тағы.

Кетті ме көңіл тағы бастап күзді,
Артыңа өлеңіңді тастатты ізгі.
Келместің кемесіне мініп тағы,
Әз аға, кайда кеттің тастап бізді.

Жүйесін жыр қылушы ең шар тараптың,
Мен сізді нары деп ем алты Алаштың.
Мезгілсіз келмесіңе куә қылып,
Халқыңа неге қайғы арқалаттың.

Көңілді қасіреттің мұны жеңіп,
Қайғының қапа қылды-ау түні келіп .
Қайда деп қайран ақын жырлайтұғын,
Жабырқан далаң қалды күңіреніп.

Келгенде суық хабар құлазыдым,
Жырыма, деуші едіңіз разымын.
Мың жылдық мұра болсын қазағыма,
Тіріде жазған аға жыр азығың.

Саясын сағындырып жиған жырдың,
Сұм тағдыр келмесіңе иландырдың,
Әз аға, топырағың торқа болып,
Шалқыңыз шұғыласына иман нұрдың.

МҰҚАҢША БІР ТОЛҒАНДЫМ

Шаншылай ма жүрегім шаншылай ма,
Шаншыласа жырымды камшылай ма?
Сыр бөлісіп Мұқаңша ішкім келді,
Айтыңдаршы халайық, Шәмші кайда?

Ақ пердесін көңілдің кімге ашайын,
Көктем кепті гүл теріп қырды асайын.
Айтыңдаршы, көрсендер Фәризаны,
Мұнымды айтып Мұқаңша сырласайын.

Көрсек-тағы сокпағын өмірдің көп,
Дүниеден тұрғам жоқ шегінгім кеп.
Оңашада отырмын ойға батып,
Мен де бір сәт Мұқаңша төгілгім кеп.

Тоңсам бір күн көңілдің ызғарынан,
Кімге айтамын мұңымды мұз қарыған.
Мұқана ұксап өмірден мен де өтпейін,
Дос таба алмай казактың қыздарынан.

ӨЛЕҢ ҒАНА БІР ЕМІМ

Назын берген өлең менен ән-жырдың,
Таласым жоқ еншісіне тағдырдың.
Беу, дүние, қызығына тоймадым,
Гүлін теріп өмір деген сан қырдың.

Өмір-дария сарқылмайды білемін,
Жанымды емдер өлен ғана бір емім.
Мақпал түнде шырт ұйқыда жатсам да,
Аралаймын қиялданып жыр елін.

Өлең атты өшірмей базынаңды,
Жалғастырдым ұрпаққа қазынаңды.
Асыл сөзін бабамның қанжығалап,
Мен де бір сәт ұмыттым қажығанды.

ТАҒДЫР

Адастырдың тұманнан тағдырлар-ай,
Күмән ойға мен осы бардым қалай.
Өмірімнің қайығын сен теңселтіп,
Шексіз дария шетіне бардым талай.
Қай шындықты тәрк еттің мені ұрарға,
Кінә қойып бойдағы сенім арға.
Жұмбағыңды сұм тағдыр шеше алмаспын,
Жігерленіп қойсам да сенімді алға.

Тағдырымның жанардан мұңы құлап,
Өмірімнің алмасын нұрын ұрлап.
Қандай сәтін сыйларын кім біледі,
Құшағына дүниенің тығылып ап.

Лебіңменен сен кетсең сүйіп беттен,
Жатырқамай мен бәрін біліп кетем.
Бәрін, тағдыр, бір өзің сыйға тартсаң,
Мен де еріксіз құшағына кіріп кетем.

Сенім кетер мен сені сыйламасам,
Сен бөлейсің ғажайып күйге қашан.
Жабығады жүзімде жүдеу тартып,
Әсем күйін өмірдің сыйламасаң.

Кейде тағдыр аялдап кеш өтесің,
Таразысын өмірдің өлшетесің.
Кейде аямай, тағдыр-ай, жанды ауыртып,
Келеңсіз жайт алдымнан кесе өтесің.

ЖАЗЫҢ ҚАЙДА

Өнімнің сен бе екенсің сарыны, Арқа,
Тарихтың кеудеңде тұр әр үні, Арқа,
Кешегі Ақан қосқан құлагердің.
Сипаған майда желің жалын, Арқа.

Мекенсің не бір мықты асылдарға,
Жалғасқан тарихың бар ғасырларға.
Баян тау баурайыңда Қарқаралы,
Жыр болған кешегі өткен Қасымдарға.

Ақынның кейде айналса назы мұңға,
Байлаған тұлпар тұрмас қазығында.
Арқаның сар даласын әнге қосып,
Құландай жортсам ба екен жазығында.

Бұлттарың аспандағы бұйра қандай,
Қараймын сар даланды қимағандай.
Қоштасқан қоңыр күзде аққу, қазың.
Жырыма шалқар шабыт сыйлағандай.

Қош айтқан алты қаздай төбедегі,
Күй тартқан сағынышты төбелері.
Жаз келмей мамыражай сар далаңа,
Тағы да қалжыратты неге мені.

Қара алтын құт қойныңнан қазылғанда,
Төктірдің мақпал түнде назымды айға.
Жанымды жадыратар шабыт беріп,
Сағындым, Арқа, биыл жазың қайда?

СЕЗІМ

Ұшарын бақ құсымның білмеппін мен,
Бұл жайды сұрамадым мүлде ешкінен.
Қиялдың ақ таңы ғой еске салып,
Тылсымда сеніменен тілдестірген.

Ауғанда төбеммізден күн кешкірген,
Мезгілсіз ұясына кірмес бірден.
Еске сап сағыныштың ала таңы,
Сеніммен тағы еріксіз үндестірген.

Дәмі кеп сағыныштың маған ащы,
Деді ме саған тағы хабарласшы.
Тағы бір дауыл соғып көңілімнен,
Сезімім саған қарай ала қашты.

Жүрсің бе сағынышты теңдеп сен де.
Қарап ең қимастықпен мен кеткенде.
Еріксіз есіл ойым төкті бір жыр,
Сағыныш саған деген мендеткенде.

Ақ ұлпа сол бір сезім таза қардай,
Отырмын ойды толық жаза алмай.
Жаз кетіп көңіліме күз келгенде,
Қу сезім қойсаң қайтеді мазаламай.

Кәперсіз жүрм ма екенсіз елең етпей,
Дәл менше сағынышпен өлеңдетпей.
Мен жүрмін қиял бағын әлі аралап,
Жапанда гүл іздеген көбелектей.

ДАЛАҒА СЫР

Қара сөздің өлең қып құрап бәрін,
Жырдың таза ағыздым бұлақ нәрін.
Мүлгіп дала сыр төксе түнгі аспанға,
Керім кештен келіп тұр сыр ақтарғым.

Бір сыр маған қалғандай даладан да,
Сол сырымды жаяйын бар адамға.
Ай да маған айтшы, деп жымияды,
Мен мұңайып аспанға қарағанда.

Сыр айтшы деп үн қатты дала мағна,
Мені бөлеп інкәрлік алабына.
Меңіреу түннің тып-тыныш құпиясын,
Жыр қылшы деп әсерлі қаламыңа.

Далаға сыр қалдырдым жырдан бүгін,
Ұсынғанда мақпал түн нұрдан гүлін.
Аппақ дала, меңіреу түн құшағыңа,
Міне осылай мен де бір сыр қалдырдым.

ТУҒАН ЖЕР

Тасы болып даламның табылмасам,
Жон- жотанда жоқ іздеп сабылмасам.
Неге ғана жырымды төгемін мен,
Топырағыңды туған жер сағынбасам.

Жауынның боп арман не тамшыласам,
Өр төсінде туған жер алшы басам.



Өлең болып өлкеңде тербелейін,
Қиялымның тұлпарын камшыласаң.

Тор төбелмен кезіп ем кезендерін,
Төмен тартқан тауыңнан өзендерің.
Будақталған бұлтыңа мініп алып,
Кең даланды бір шарлап кезер ме едім.

Тау туманның айналған мұңдары ма,
Барқыт белің бөлеген құндағына.
Қауарсыны қатайып сенен ұшқан,
Қыранның боп қонарма ем шыңдарына.

Сар даланда ержеттім сағым қуып,
Арман деген тұлпардың жалын буып.
Алыстадың, туған, жер неге ғана,
Жусаиың мен жуаңды сағындырып.

ЖАНАРДАҒЫ МҮҢ

Мен өзіммен бір болам деп мәңгілік,
Бар әлемді жырлап едім ән қылып.
Саған деген ақ сезімге айғақ боп,
Жан сырымда жатыр менің жаңғырық.

Тағдырым да сені ұнатқан бөлек деп,
Сезімімнің соқса желі сені өбпек.
Кірпігім тұр жанарыма мұң артып,
Терезеден сені күтіп келет деп.

Жүрегімнің қарығандай бәрін шоқ,
Қайсарлықпен жалындады қанымда от.
Көп алыстым махаббатпен сен үшін,
Түсінші енді арбасатын әлім жоқ.

Бар әлемнің сыйласаң да жарығын,
Басылмайды -ау саған деген зарығым.
Дүниенің кең кеудесін тарылтып,
Арттың неге жанарыма тағы мұн.

МЕРЕКЕҢМЕН НЕМЕРЕМ

Айналайын, немерем, жаным балам,
Жанарыңнан айналдым жалындаған.
Бармақтай бақ тәңірім берсін саған,
Өмірде бөл тәлейлі, салымды адам.

Қылығыңа бір жырғап қаламын мен,
Сенің балдай сөзіңнен аламын дем.
Бізді бөлеп қылықты қызығыңа,
Өмірге келдің Алланың қалауымен.

Жет, немерем, ғылымның тереңіне,
Білімсіз, ойсыз адам керегі не?
Мұрат биік, арманың асқақ болсын,
Қолдан келген көмекті бер еліңе.

ҚАРА НАРЫН ӨЛЕҢНІҢ ШӨГЕРГЕНМЕН

Мен төкпейін бір сырды қалай бүгін,
Аспан төгіп тұрғанда арай күнін.
Қара нарын өлеңнің шөгергенмен,
Арта алмаспын халайық Абай жүгін.

Кімнен нені жасырып жасып жүрмін,
Тереңіне бойламай асыл жырдың.
Кейде неге біз осы сенделеміз,
Жетегіне ере алмай Қасым жырдың.

Өз еркіме, өзім де келмей жүрмін,
Көленкесін таба алмай колдей жырдың,
Тебіреніп қанша жыр жазсам-дағы,
Мұқағали әлемін көрмей жүрмін.

АЛАТАУ

Алатау тұр, аспанмен тілдескендей,
Бөлісе алмай, мұндарын күн кешкендей.
Тұман кетпей басынан бұлт бүркеген,
Күйік барын жүреміз мүлде ескермей.

Ғаламшардың осынау жарығында,
Тіршіліктің кетпесін салы мұңға.
Елдің жайын көргенде күніреніп,
Күйзелістен тынысы тарылуда.

Сыры жұмбақ жер шары, түйық мекен,
Белін буып, тұрғандай түйіп бекем.
Тарбағатай, Алатау, Қаратаудай
Алыптарға басымды иіп кетем.

Аспан Таудың алыбы-анығында,
Көкейіне түйіп ал соны ұғын да.
Жаратқанның күшімен алыптардың,
Барлығы бір Аллаға бағынуда!

Алып орман, алып тау қазыналы,
Келбетің мен көркіңе ел табынады.
Жер анадан бастау ап көк тіреген,
Алыптармен тіршілік мағыналы.

Жан әке-ау, бұлар сенің бауыр етің,
Жаралап жанын қалай жауыр еттің.
Жырақтап жанымыздан, қайран әке,
Қайғыға бізді неге салып өттің.

Тартты ма келмесіңе көш кемең -ай,
Болат деп ойламап ем әсте бұлай.
Сурқайы суық хабар жеткенінде,
Қайғының қанды суын кешкенім-ай.

Дүние-ай күңіrentіп барамысың,
Малдырып көз жасыма қалам үшін.
Әкетіп әкешімді ортамыздан,
Салдың ба салмақты өмір таразысын.

Қара жер көрер дейсің кімді бөтен,
Сұм тағдыр сынағың көп сырғып өткен.
Жан әке естідіңбе мұң зарымды,
Арнаған өзіңізге шын жүректен.

Қапыда жүрек шерін сарқыды да
Ыстық жас тығылғанда алқымыма.
Кеттің бе, қайран әке, қайырмастан,
Күңіrentіп күрең күздің артын мұңға.

Амал не арқау болмай көп тілегім,
Жан әке-ау, қапияда өшті демің.
Комада жатқаныңда айта алмай,
Аһ ұрып өкінішпен өксігенім.

Халайық, қайғы басты ішім мұңлы,
Өшірмес жалғызың да түтініңді.
Амалсыз Алла ісіне көндік-дағы,
Қу жалған қылып едің бүтін кімді.

Енді Алла ғұмыр берші қалғаным,
Жылатпай жеткізе көр арманым.
Халайық, сөкпеңіздер сынап мені,
Бес күннің төзе алмадым жалғанына.

Жан әкем бізге бөлген бар уағын,
Сіз барда жуымаған жаныма мұң.
Қол жайдым иман тілеп жыламайын,
Қолдасын бізді мәңгі әруағың.

Қу ажал ауыздықтап ақтан керің,
Тағы шер жүрегіннен ақтар дедің.
Талсырып қара жердің құшағына,
Хош айтып қимас туыс аттанды елің.
Жанына жан анамның жантайыңыз,
Жан әке, жарық болып жатқан жерің.

ТАМЫЗБЕН ҚОШТАСУ

Қиялды баурап, тереңге қарай тартатын,
Шығарып тұрмын, мезгілдің тамыз ханшасын.
Қауышқанымша өзінмен жайлы күндерім,
Жанымды менің тоңдырар екен қанша түн.

Көңлімнен нәзік сырғыта тәктім жырды шын,
Мұнайып менше қарағай, қайың мүлгісін.
Ақ жарма жырды, ақ жүрегімнен шашу қып,
Қимай да тұрмын жаздағы келер жыл құсын.

Күндегіден де бөлекше таңды байқадым,
Қайтқан құстармен мен де бір сырлы ән айгамын.
Шық басып бойын жапырақтайын жаураған,
Баспаса екен жанымды менің қайта мұң.

Жапырақ салған сілемін бастым тағы іздің,
Тартады -ау енді жаураған терек нағыз мұң.

Шығарып міне, қайыр хош айтып тұрмын мен,
Соңғы күніне сырымды айтып тамыздың.

Мұнайып тұрмын көңілім кимай тағы мен,
Боялар енді сап-сары түске таңғы рең.
Қытымыр желмен қыркүйек келер таңертең,
Қоштасқанымша тамыздың соңғы таңымен.

Қуаныш еттім, қаншама сенің күніңді,
Жібердім бе екен желек қып саған мұнымды.
Өзің келгенше естелік қылып сақтайын,
Екеуміз сырды бөліскен осы түнімді.

ҚЫРАН ҚИЯЛ

Қырандай қиял армандайсын ба көкті шын,
Дегенім емес ойымды, сірә, кеш түсін.
Өлең боп келіп, өмірден өтем өлең боп,
Жалғанға мен де қалмаспын болып еш мүсін.

Бір сыр бар менде сезімнен тағы ақтарар,
Шүбәсіз ойдан армансыз болып бақ табар.
Жыр болып келіп, жыр болып кетсем болғаны,
Демедім мені, демедім мені ақтап ал.

Арманшыл оймен күнімді санап өткердім,
Еншісін берген базына тұтып бөктердім.
Ән болып келіп, ән болып кете берейін,
Демедім бәрін, демедім бәрін жек көрдім.

Өлеңге орап ойымның өршіл өктемін,
Сүмбіле бұлтпен оралар тағы көктемім.
Күй болып келіп, күй болып кетсем өмірде,
Демеші сірә, демеші сірә текті едің.



ТҮН СЫРЫ

Мен мінгендей қиялдың кемесіне,
Тербеп кеттің түнгі жел неге есіле.
Жұлдыздардан бір сәлем жолдайыншы,
Аспандағы аппак ай елесіңе.

Мерует жыр төгіліп қаламыма,
Мұң толқытты тағы да жанарыма.
Төбіреніп тереңнен сыр ақтардым,
Мөлдіріңе ақ айдын қарадым да.

Өз жанымды тербеттің ән ғұмырға.
Бөлемеші өтінем жанды мұңға.
Мың бір түннің әсерін кешейінші,
Алмастырып ғажайып таңды нұрға.

Еске салып келмейтін шақтарымды,
Сезіміммен сұлу сыр ақтарылды.
Түннің сырын алқа ғып тағынайын,
Аралатсаң сол әсем бақтарыңды.

ҚАРИЯЛАР

Қазыналы қариям дара асылдар,
Саңылақты ойымен санасы нар.
Арқа сүйеп асқардың алыптары,
Буырқанған өзеннің сағасы дәл.

Елге тұтқа ақылгөй абыздарым,
Күн шалғандай кеудесі нағыз жалын.
Арпалысқан бабамның өр еңбегін,
Тарих қылып жеткізген аңыздарын.

Қаратаудай қара шал санада дәл,
Біреуінен-бірі өгіп дараланар.
Керуенін ғұмырдың жетелеген,
Қайыспастай қайсар өр қара нарлар.

Білесің бе, балақай, бабаң жәйлы,
Бабаң тілек бәріңе бақ арнайды.
Өсер ұрпақ өткенін ұмтыластай,
Ақиқатты арымен бағамдайды.

Тау-тау болып үйілген қазына бар,
Том-том болған тарихтай жазып алар.
Кәусарына қанбассың ұқсаң біліп,
Үмігіңнің шырағы қариялар.

Әруақты киелі аталарым,
Ұланқайыр ұлындай сахараның,
Өркендесін өренің елдігіңмен,
Қабыл болып ақ тілек баталарың.

ӘЛСІЗДІК

Деп жүргем жоқ жерде емес мен көктемін,
Арманым ғой жұбатқан жаңды тек менің.
Өзімді, өзім осылай бір сәт алдаймын,
Көкірегіме көңілдің сыйлап өктемін.

Сан қиялдың санам жүр қуып сағымын,
Бойымнан алшақ кетпсін деп тағылым.
Мен қалай ғана бақыттың жолын құшамын,
Өгейлік көрсе ар жолындағы қадірім.

Жарық етсе жаным жұлдыздай жанып жоғары,
Арман мен мақсат алдыма қойған көп әлі.
Жаным толқып жанарым менің от шашып,
Кеудемді кере дамылсыз жүрек соғады.

Жабырқамай жаным бір тапса жарасым,
Жайланып көңіл жадырап сенде қаласың.
Сондада жүрмін көңілсіз күйдің соңында,
Қара түн үзіп бара жатқандай қарасын.

Демеймін сіра түсінер бәрін текті едім,
Білерімнен де білмесім, әтең, көп менің.
Беймаза күйдің осылай сырын ақтардым,
Қиырға карай ұшырып көңіл кептерін.

ДҮНИЕ

Мынау бір тылсым дүние,
Өзіңнен сыр шертемін.
Қараймын тартқан күйіңе,
Не болар деп ертеңім.

Жолыңды іздеп керуен,
Өзекті оттай өртедің.
Үзіліп үміт сенімнен,
Кеудемнен өшті зор сенім.

Меңіреу сенің күйіңе,
Білмеймін кім тұрақтар.
Қарай алмадым сүйіңе,
Тағдырым толы сұрақтар.

Әлемді мынау жалықпай,
Кезіп жүр ме дүбірің .
Жетер ме екен жабықпай,
Жырлаған менің жылы үнім.

Сенделген бір пендедей,
Өтермісің есіле,
Есікте жүрмін төр демей,
Сенен алып несібе.

Қорқамын мен, дүние,
Күндеріңнен бұлыңғыр.
Жырладым тағы күйіңе,
Жамылып танды бүгін бір.

КУЗГІ ҚИЯЛ

Мен тұрмын қоңыр күзді тамашалап,
Қалам ба деп қыстан күзді арашлап.
Үмітпен қыз көктемге жолығам ба,
Жүдеген жолыққанша қараша бак.

Айырлығ әсем гүлден жаз қалады,
Қиқулап қош деп маған қаз барады.
Кешегі қыз көктемім келеме деп,
Кең шарлап бір қалайын сар даланы.

БІР КҮНІ

Кетем бәлкім өмірді сезінбей-ақ,
Неге өзіме жасаймын өзім таяқ.
Кей сәттер тұр жүрекке жасырынып,
Жауабы жоқ мұңдардан көзімді аяп.

Тағы жаздым бір өлең ұнай ма деп,
Әжім болып жабысып шырайға кеп.
Кей сәттері жасырам жан кештідей,
Қу көңілім мезгілсіз жылай ма деп.

Кейде өзімді жұбаттым мұнайға деп,
Кінәһармін білерсің құдайға тек.
Бір сәттерді келеді ұмыт қылғым,
Арғымағы арманның құлай ма деп.

Үміт күтем мерейім өсе ме деп,
Адасқанда шаң басқан көшеге кеп.
Бірақ, бірақ сәттерден қорқам кейде,
Үкілі үміт бір күні өшеме деп.



БҰЛ ЖАЛҒАН

Пәтуасыз деп көп күнім,
Өтерін әттең кеш білдім.
Сабындай -ақ қамшының.
Қадірін біл бес күннің.

Межелеп бәрін кескінде,
Өмір жалған кеш білме.
Дүние өтер бәріңнен,
Тұтқа болмас ешкімге.

Қызығымен өтер күн,
Бәріне деме бекеммін.
Кеш түсініп өкінбе,
Дүние қоңыз екенін.

Арманға бірақ жетерміз,
Шаршамалық бекер біз.
Пәнилік осы бес күнді,
Бір күні тастап кетерміз.

Айтылған арғы кенесте,
Сақта мұны тағы еске.
Өтіп кеткен талайлар,
Бұл жалған пәни емес пе.

ӨТКЕН ШАҚ

Есіме түсіп отырғандаймын әр шағым,
Кешегі өткен балалық шақты аңсадым.
Таң атты тербеп жүректен сырды, кеш батты,
Қол бұлғап қош деп келмеске кетті қанша күн.

Сезім ме менің серлік сыйлаған көрік бұл.
Сенделтпей оның жолдарын өзің жорып біл.
Күніме несін келмеске кеткен қамығам,
Әр таңым менің шаттықпен нұрға толып тұр.

Сезіміме бермейді ырық күш дүлей,
Санамды шарлап шабытқа мінген ұшқыр ой.
Теңселтпей ойдың қайығын салдым айдыңға.
Желкені желге төтеп бере алса күшті ғой.

Көне алмай, өмір, әр әректіңе шаршадым,
Қайда екен сол бір кінәсіз менің бал шағым.
Дегенмен өмір бақыттың балын жалатып,
Арайын сыйлап шаттықпен атты әр таңым.

Өмірдің кермек татырар бізге ыркы мың,
Дүбірін сыйлап дүние дейтін сылқымын.
Шаттана күліп шабытқа қамшы басып бір,
Арман дейтін тұлпардың жалын жұлқыдым.

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Шуағымен көңілге шаттық еккен,
Көктем келді далаға шақпылап кең.
Қар көрнесін қарт қырат сілкіп ашып,
Сайда самал ойнайды тәтті леппен.

Сол кешегі көңілді қайда шағым,
Не бір өткен күндерді ойға салдың.
Көкжиектен күн көзін жымитқанда,
Алабұртып ойнайды сайда сағым.

ПЕНДЕҢ ЕМ

Өмірдің тақымдатқан арнасы көп,
Сұратып кештен ырыс, таңнан тілек.
Тірліктің керуенін әр кезеңмен,
Жанымды жабырқатпай жалғасын деп.

Пендең ем бәрі - бәрін армандаған,
Шертсе де сиқыр күйін жалған маған.



Табынам сыршыл, өмір, құзырыңа,
Жеткізсе жақсы хабар таңда маған.

Қауышқам жаз беннен қыс көктеміммен.
Жеткенше базына алып бөктерінен.
Өкінбей мен өзінмен қоштасармын,
Өкініш жаздырмаса өткенімнен.

Өмір –ай, сырың сенің тұнатын мың,
Мен оны айтпсаң да ұғатынмын.
Артына апырай деп алаң болған,
Мұң кешкен Мұқандарша бір ақынмын.

ҒАШЫҚПЫН БА

Ұласып ғашықтықтан өз үніміз,
Сіз мені шын жүректен сағыныңыз.
Қалайын қайғыланған Ләйлің болып,
Болсаңыз дертке дауа Мәжнүніміз.

Жанымды баурай ғашық әлеміңіз,
Толқытты сезім тұнған сәлеміңіз.
Сіз үшін Салиха боп жан кияйын,
Болсаңыз Жая таста Сәменіміз.

Кетпесін десе-дағы ар ибамыз,
Бір сізге ғашық қылған пәни маныз.
Жырымен жүрегіне сақтай алған,
Шіркін ай, болсам сіздің Фаризаңыз.

Күн шашқан жүрегіне арай болсам,
Ақку боп айдыныңа қалай қонсам.
Аңсаған Айкерімнің мен болайын,
Жүрекке жыр сыйлаған Абай болсаң.

Өмір еш ырық бермей ажалдыға,
Сан ғашық жүрек сырын жаза алды ма.
Егер сен Естайым боп іздеп келсең,
Күтер-ем, Қорланың боп Маралдыда.

ТОҒЫСҚАН ӨМІР

Тоғысқан өмір өзіңмен бірге,
Ұмытпаспын сол күнді мүлде.
Балалық шақтың базарымен,
Төселтіп өткен төбемді күнге.

Қайда екен сол сендегі өмір,
Ол кезде бала ем періште көңіл.
Далана сазды ән сыйлаушы еді,
Төсіңнен аққан бұлағың мөлдір.

ЖҰМА ТАҢЫ

Берілген несібемді қарап таңнан,
Жолымды пендең едім сараптаған,
Сыйла деп бұл өмірдің жақсылығын,
Сұраймын жалбарынып жаратқаннан.

Кұбылған шуақ іздеп күндеріңнен,
Жалындым жаратқанға шын көңілден.
Бұлыңғыр уақытың шеңберінде,
Не барын жазымыштың білмедім мен.

Емес ем ел тыңдайтын шын ақылды,
Жалғашы арман алға мұратымды.
Пәнидің мынау бес күн қонағы біз,
Қадірлер өмір деген сұрапылды.



Пенденің болмас дәйм сұрағаны,
Біреуден дейміз өшпес мұра қалды.
Қайырлы таң, халайық, баршаңызға,
Тілегің қабыл болсын жұмадағы.

МЕРЕКЕЛЕРІҢМЕН БАЛАПАНДАРЫМ

Көзімнің нұры сендерсің,
Сендермен әлем гүлденсін.
Періште көңіл жандарым,
Сендермен шықсын күнде есім.

Жанымды нұрға бөлеген,
Жайылмас сенсіз керетем.
Әлемнің сыйлап шаттығын,
Аман жүр тәтті немерем.

Мадина, Жалғас, Аяным,
Сендерге құшақ жаямын.
Біржан салдай бол, Біржаным,
Аман жүр менің Баяным.

ТУҒАН ТІЛІМ

Болашаққа будырған белді бекем.
Тағдырыңа, туған тіл, өрлік етем.
От кеудемде тілім деп соғып жатқан.
Жұдырықтай жүрегім сендік екен.

Сен жырлаған жырды кім тыңдамаған.
Сен жойылсаң оранар мұңға далам.
Жойылмашы туған, тіл, жойлма деп.
Бесіктегі сәби де інгәлаған.

Келелі ұрпақ айырмас сені шектен.
Нұрын төгіп тұрса екен зеңгір көктен.



Туған тілім, туын биік желбіресе.
Ұлт мүдесін сеніммен теңдік еткен.

Қазағымның кермиық кең даласын.
Сыйғызатын арнаңа сен ғанасың.
Туған тілім, қалықта бар әлемге.
Талмасын деп тілеймін кең қанатың.

Әнімнің де сазы бар сенде көркем.
Сұлу сөздің сынғыры сенде екен.
Тұғырыңнан, туғая тіл, аласарма.
Сен деп туып, өмірден сен деп өтем!

БАЙТАҚ ЕЛ

Атырау, Алтай, арасын қосқан байтақ ел,
Азаттық тудың, тұғырын соққан байтақ ел.
Отанын аңсап, оралып балаң келгенде,
Ата жұрт болып, алдымнан тосқан байтақ ел.

Көк туың көкте түзесін сәнін, байтақ ел,
Шыныннан қыран, түлесін сенін, байтақ ел.
Күмбезді көктің, көкжиегіне жол салып,
Жомартық, байлық, үлесің болсын, байтақ ел.

Ата жұрт бабам, армандап кеткен байтақ ел,
Жырымен Абай, маржандап кеткен байтақ ел.
Ұлың құл, қызын күң ете көрме, Аллаһ деп,
Оспандай бабам алаңдап кеткен байтақ ел.

Байтақ ел, саған жете алмай жүрсем қайгер ем,
Алыстан наз қып сағынышымды айтар ем.
Төріңе келіп, топырағыңды иіскеген,
Дәуіріндегі бақытты жанмын қайта мен.

Байтақ ел, сенің бақытыңды ғана айтар ем,
Жырыммен сенің болашағыңды қайта өрем.
Өзінді аңсап, жеттім-ау, шүкір, мың тәуба.
Жат елде көзім жәутендеп жүрсе қайтер ем.

КҮНШІЛДІК

Берекеден бірлігің айнымасын,
Көкіректе болмасын қайғы басым.
Күншілдіктің тұрғандай таны атып,
Байқұс аяап тұрғандай байдың асын.

Бұл заманның белгісін тылсым дер ем,
Сыйқы кеткен зымян күншілдерден.
Қайсарлықтың тамырда қаны тулап,
Білсем-дағы бағдарын күрсінбегем.

Таттырмайды-ау бұл заман бақтың нәрін,
Бәрін айтып мен бүгін тасқындадым,
Ақиқаттың арсыз тұр жолын бөгеп,
Ұсынсам деп қолына сатқындардың.

Қуқыл тартқан заманның құны бар ма,
Татымады-ау қайтейін құның арға.
Күңкілдемей күнелттім күнім үшін,
Қойғаннан соң сүйретіп сынық арба.

КҮЗ ТҮСКЕН СӘТТЕ

Күз түскен сәтте құлпырса бағың, көкте нұр
Көңілге селкеу түсіре көрме, көктей тұр
Жылы жақтарға беттеген аққу, қаздың да
Қайта бір соғар мезеті барын іштей біл!

Емеспіз әлсіз, десек те біздер шағылар
Аңдаусыз жерде сынатын кейде сағы бар

Жаратып Алла дүниеге келген пенденің
Жарасым тауып, бақытты болар шағы бар

Бақ пенен үміт жалғайды бізді ертеңге
Ішкі дүниенді сол үшін, жаным, көркемде
Асығу керек, асығу керек сәт сайын,
Бүгінгі істі қалдыра көрме ертеңге.

КЕНЕСАРЫ ХАНҒА АРНАУ

Ұлт жері үшін мұздай қару асынған.
Тарих болып қалған өткен ғасырдан.
Текті туган арғы атасы Абылай,
Кенесары туган сұлтан Қасымнан.

Аталық қан өн бойында жүгіріп,
Бала жастан өжеттігі білініп.
Отаршылдар арланымен шайқасты ол,
Жас батырлар қатарына ілініп.

Тоқым - төсек, жастық етіп ат жалды.
Ат үстінде қарсы алды көп ақ таңды.
Үш жүз басын топтастыра қол жинап.
Жас батырға Хандық дәуір басталды.

Ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі.
Саясатта дегеніне жетеді.
Қазақ хандық тағына кеп жайғасып,
Әскер күші мың еселеп өседі.

Жанакорған, Созақ, Көкше жерлерін
Ақмешіттің құтты қамал, кендерін.
Үстем таптың билігінен азат қып,
Бар Қазаққа паш етті ол еңбегін.

Қокандардың сарбазына атақты
Қаһарымен өз дегенін жасатты,
Зәбір көрген казағымның ауылын,
Ақпатшаның бұғауынан босатты.

Ол кезде де тоқтамады күншілдік.
Еш тарихтан өшпейтұғын бұл шындық.
Қырғыздардың жалдап алған сатқыны.
Шырт ұйқысын пайдаланды бір түндік.

Жеңіліп еш көрмеген жан жорықта,
Парасатты жол бастайтын торықса,
Ұйқы дұшпан алтын басын айырып,
Саудаланып кете барды орысқа.

Міне сатқын қырқып асыл қанатты
Дәл сол түні хан Кенесіз таң атты.
Аңғалдықтан жаны құрбан болмаса,
Еш қас дұшпан жеңе алмаған Қазақты.

ӨЛЕҢНЕН ҚЫЗ ЕМ ТУ АЛҒАН

Өлеңнен қыз ем ту алған,
Сыңдары биік шынардаң.
Текті де терең сөзіммен,
Талай топта сыналғам.
Таңымды менің жалғайды
Мендегі бітпес мың арман.
Тас басып тауға шығармын,
Тұрғанда сөзім сыналған.
Шығармын талай биікке,
Шалмаса мені сын алдан.
Өтермін мен де өкінбей,
Дүние деген бұраңнан.
Сынбасын өмір айнасы,
Бақыт пен балдан құралған.



ЕЛІММЕНЕН БІР ЖҮРЕМ

Елімменен бір жүрем бір кемеде,
Жырламайын өмірін бірге неге.
Ақиқатын дәуірдің бір айтармын,
Шындық деген шығарсаң мінбене де.
Ал, халайық, аман бол менен сауға,
Мың тілегім айналып бір келе ме.

НЕГЕ ӨЗГЕРДІ

Ана тілің елім неге өзгерді
Болмас күйге енгіздіңдер сөздерді
Өз тілінде өз төрінде сайраған
Көзің шығып көрмей жүр ме өзге елді.

Ана тілдің кетіргің ғой қадірін,
Сақтай алмай сақ бабанның сабырын.
Туған тілдің туын жықсаң, қазағым,
Не болады келешекте тағдырын.

Өз тіліңнің өзің құртып сапасын,
Болғаныңды білесің бе жатқа сын.
Өз тіліңнің өзің жойсаң тағдырын,
Салт санаңды ұрпақ қалай сақтасын!

Өз тіліңді өзің қазақ қор қылдың,
Келешектің алдын казып ор қылдың.
Ана тілдің құдіретінен айырып,
Ұрпағыңның атар таңын сор қылдың.





ҚАРА ТҮН ТЕРБЕТШІ

Құлағыма сіңгендей шырыл бір үн,
Тағы тасып тұрғанай жырым бүгін.
Құшағына кара түн кірейінші,
Кет әрі деп итермей сырымды ұғын.

Бір әуенге көңілім салшы бүгін,
Жүрегімнің тыңда да ән сыбырын .
Тағы келдім көп- қою түн құшағына,
Болмасыншы кет деген қарсылығың.

Түсіне алмай мез болдым өзім жайды,
Таусылмасын тәкәпар төзім кайғы.
Кет демеші кара түн, кет демеші,
Бір тербетіп алайын сезімге айды.

Сырым дайын өзіңе ақтаратын,
Түнгиыққа батырып ап баратын.
Қанатына қиялдың қалықтатпай,
Тербет мені , тербетші қап- кара түн!

ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ЖАҚСЫЛАРЫМ

Шашқанда шүлен нұрын таң шуағым,
Тірліктің құлагерін қамшыладым.
Қарсы алып баршаңызды арайлы күн.
Сыйласын бақыт, байлық тамшыларын

Өмірде килы кезең кешеді адам,
Зандылық өзгермеген неше заман.
Арда елім, баршаңызға менен сәлем,
Болындар жақсыларым есен-аман.



ӨШПЕСІН РУХ

Жаңарып жатса-дағы ғасыр ғалам,
Сорынды қайтем қазақ ашылмаған.
Әйтеуір бір от пен судан опат болып,
Ұстаттың маған қалам ашынғанан

Азабын сан жылдардың басып өттің,
Сонда да жетімектей жасып өттің.
Жас шылап жанарынды күнде, елім,
Қамытын киіп пе едің қасіреттің .

Көкірегімнен тұрған-ай қоздап жалын,
Қайтемін қолдан келмес қозғап бәрін.
Батыстың батпандағы қалін көріп,
Мұң шағып елім үшін боздақтадым.

Тек өшпесін рұх пен асыл үміт,
Тәңіріңе сиын, ел, басынды ұрып.
Көкелерден қайтесің қайыр күтіп,
Жанарынның сүртпесе жасын ұғып.

Халқымның міне осылай мүшкіл қалі,
Шындық дап шыңғырғанмен іштің зары,
Қамынды ойлап биілік те қайғырмайды,
Тұрғанда қолдарыңда күштің бәрі.

ӨТКЕН ӨМІРДЕН БІР ЕСТЕЛІК ӨЛЕҢ

Ұшарын бақ құсымның білмеппін мен,
Бұл жайды сұрамадым мүлде ешкінен.
Қиялдың ақ таңы гой еске салып,
Тылсымда сеніменнен тілдестірген.

Ауғанда төбеммізден күн кешкірген,
Мезгілсіз ұясына кірмес бірден.
Еске сап сағыныштың ала таңы,
Сеніммен тағы еріксіз үндестірген.

Дәмі кеп сағыныштың маған ашы,
Деді ме саған тағы хабарласшы.
Тағы бір дауыл соғып көңілімнен,
Сезімім саған қарай ала қашты.

Жүрсің бе сағынышты тендеп сен де.
Қарап ең қимастықпен мен кеткенде.
Еріксіз есіл ойым төкті бір жыр,
Сағыныш саған деген меңдеткенде.

Ақ ұлапа сол бір сезім таза қардай,
Отырмын ойды толық жаза алмай.
Жаз кетіп көңіліме күз келгенде,
Қу сезім қойсаң қайтеді мазаламай.

Кәперсіз жүр ме екенсіз елең етпей,
Дәл менше сағынышпен өлендетпей.
Мен жүрмін қиял бағын әлі аралап,
Жапанда гүл іздеген көбелектей.

Бұл сезім қайда барат самғап таңнан,
Санамды сандалтып ой салмақталған.
Бұла таң сезімімді бұлқындырып,
Бір өлеңім жаздым тағы арнап саған.

ӘТТЕҢ ӘТТЕҢ ҚАЗАҒЫМ

Әттең, әттең, қазағым,
Тағы, міне, аза күн.
Жазбайыңшы десем де,
Жазымыштан жазамын.
Жазбай қалай қалайын,
Қайғысын ауыр қазаның.
Тілсіз жау кеп Семейге,
Арқалатты азабын.
Пешенеңе, елім-ау,
Ауырын салды азаның.
Шайт болды тағы арыстар,

Еліне арнап назарын.
Елім деп жан кидыңдар,
Баса алмай өмір базарын.
Жанкешті қылды ерлерді,
Алапат өрт тажалың.
Қабырғасы қайысып,
Үйқысы қашты мазаның.
Қазағым тағы қазды ма,
Он төрт ердің мазарын.
Артына қайғы құштырып,
Қызыл отқа артты ажалын.
Түсінбедім ей, Алла,
Бұл тағы қай мазағың?
Жайқалып тұрған Семейдің,
Кетірдің неге ажарын?
Мүрдені көріп менің де,
Күніренді назарым.
Қайғыңа сенің ортақ боп,
Арда елім мен де азамын.
Еңсең түспей тағы да,
Ашылсын, жұртым, ажарың.
Елім үшін менің де,
Таусылмасын жазарым.
Шыдамай жүрек толғанды,
Естілгенде азалы үн.
Ашық болсын аспаның,
Торламай енді аза- мұң.
Бәріненде өшпесін,
Қазақ деген ғажап үн!
Қайғыға толып қабағым,
Малынды жасқа жанарым.
Кең даласын қазақтың,
Күрсіндіргенде қара күн.
Тырнап кетті тағыдыр-ай,
Аузын тағы жараның.



БИЫЛҒЫ СӘУІР

Нұрға бөлеп тұрғандай жанарыммен,
Көмкерілсе тербелер дала гүлмен.
Қаңқылыңа аққу-қаз құлақ салып,
Тебіреніп қыр жаққа қарадым мен.

Сәуір биыл жаз назын алшақтатты,
Кірпігіме суық жел моншак тақты.
Арда белін Арканың әнге бөлеп,
Өз көңілім тұрғандай ансап бақты.

Көңіліме хош сыйлар арайлы күн,
Жанарыма жазықсыз тарайды мұң.
Менің сырлы сезімімді ұғынғандай,
Жасырынып жұлдызға қарайды түн.

Арқаға жаз келмей тұр байқаймысың,
Қара жел күнде салып айқай күшін,
Зарығып, қара Ертісім, мұңайдың ба,
Аттанған жылы жақтан қайтпай құсың.

БІРІМІН БҰРЫМДЫНЫҢ

Тұрғандай құйысқанға қыстырылып,
Кеудемнен ұшқан өлең ұшқын үміт.
Қырандай шын басына шықпасам да,
Жыландай қала алмаймын ысқырынып.

Түн келіп төксін мейлі таң шуағын,
Жалықпай мен жырымды қамшыладым.
Қайырлы түн баршаңа деп қояйын,
Өманда арда қазақ жақсыларым.

Менің көп қазағыма берешегім,
Бұдыңғыр болмаса егер келешегім.

Тамырымда қайсарлықтың қаны ойнайды,
Орынсыз ойсыз осал емес едім.

Майданға шықаным жоқ сынататын,
Ақын ем сезімімнен сыр ашатын.
Өмірде дегеніме бір жетермін,
Өшпесе орта жолда Хуат атым.

Дегем жок мен өзімді білімдімін,
Бірімін көшіңе ерген бұрымдының.
Халқымның қайғы мұңын жырлайтұғын,
Кеудемнен кісінесін құлын жырым.

Иба мен маған, елім, арды ұқтырдың,
Жырла деп халық мұнын жарлық қылдың.
Басымды елім үшін кестірсем де,
Келмейді жаулығымды жауға ұттырғым.

СЕЗІМ ОТЫ

Күн сәулесін төккенде күміс қырға,
Сезім отын маздатып нұр ұшқынға.
Бал бұлақтың сыңғырын әнге қосып,
Бірге аңсаған арманды ұмыттың ба.

Жабырқаса көңілім кіріп мұңға,
Жанарымнан жасырын сыр ұқтың ба.
Қоңыр күзде қош айтқан екеумізге,
Ұшқан қаздың қаңқылын ұмыттың ба?

Үмітімді сол сәт кеп түріп сырға,
Ойдан өрнек біз салдық күміс құмға.
Өзіңменен махаббат жырын айтқан,
Күндеріңді бақытты ұмыттың ба?!



АРҚА ҚЫЗЫНЫҢ НАЗЫ

Бейне бір секілдісің махшар әлем,
Жырымнан жібек емес мақпал өрем.
Мынау бір табиғаттың тылсымына,
Кетейін арнап тағы асқақ өлен.

Көрініп төбәсіннен ақ қар-дағы,
Мұң шағып жатыр маған асқарлары.
Бұйыққан баурайыңда бұйра тұман,
Тұрғандай сағынышымды ақтаргалы.

Биігің атқан таңнан нұр құшатын,
Күн бар ма таза ауанды бір жұтатын.
Суың бал, шөбің шүйгін, керім дала,
Қимаспын сындыруға бір бұтасын.

Көңілім көк мерейін жатыр аңсап,
Көркіңе көрік беріп атырап шақ.
Көрікті қандай мекен мынау өзі,
Аққан су, қыз қарағай, жасыл алқап.

Ұясы сенде ме екен ақиқтың,
Жатқандай тандарыңда таңылып күн,
Бейне бір өр тұлғана көз жүгіртсем,
Ашпаған сыры жатыр тарихтың.

Кең дала сырын төккен бөлек төрің,
Жарасқан жасыл майса желектерің.
Тербеліп көктегі аймен сырласқандай,
Қарағай, қайың, шырша, теректерің.

Бұлт шөккен бастарыңа жамылып мұң,
Мен сенің асқарыңнан бәрін ұқтым.
Алтыннан қымбат сенің әр тасың да,
Жатқандай, сірә, зілі сағыныштың.

Күндерін кештім сенен көтемімнің,
Гүлдерін терсем бе деп бөктерінің.
Қасқайған анау қарлы шыңдарыңнан,
Дауысы естілгендей көк бөрінің.

ДҮНИЕ БҰЛҒАҚТАДЫҢ

Көкке сермеп бара ма құнын әлі,
Күн-күн сайын дүние құбылады.
Жолдарыңнан адасып айқайласам,
Құмға сіңіп даусым да құмығады.

Арды ойла шалқып басып өрісте де,
Мойын бүр бір сәт дүние теріске де.
Мен түгіл сенің осы жолдарыңнан,
Сенделіп жүр жол таппай періште де.

Соншалық неге дүние бұлғактадың,
Аузын аш құлыптамай зіл қақпаның.
Жүзіне шексіз көктің сен шарықтап,
Бір қарап кара жерге тіл қатпадың.

Еді ғой қойныңдағы құт бағалы,
Сен көкке ұшып бәрі де жұртта қалды.
Көрсетпей карада бой қар жүзінді,
Тұрсың ба ту сыртымнан сырттағалы.

ОСПАН АТАМША БІР ОЙЛАҒАНЫМ

Жүрегім ел деп соғып дара бөлек,
Қатты айтсам қапелімде санама кек.
Күніне мын ойланып, сан толғанам,
Жағамды жаман басып алама деп.



Ары бар Алашымның жардан биік,
Намысың құламасын ардан күйіп.
Әйтеуір бір ерте ме, әлде кеш пе,
Алдыңнан шықсын, елім, арман күліп.

Мені де биігіне түлеткен ең,
Тұрғанда бойда қаным жүректе өлен.
Аманат арқалатып қоймасаң да,
Елім деп ет жүрекпен шыр еткен ем.

Бақыттың бағынышын баспа мұңға.
Не келіп, не кетпеді, ел, бастарыңа.
Алдыңнан ақиқаттың күні туысын,
Қайғының бұлты орнамай аспаныңа.

Сүрейік бақтты өмір шалқып бүгін,
Құрыш ел желбіретіп шаттық туып.
Төрінде тек бақытты гұмыр кешіп
Ұрпақтар ұрандасын шалқып бүгін.

СЕНІ ІЗДЕГЕН САБЫРСЫЗ ОЙ

Сағынумен мен сені күн кешемін,
Жалғыз емдеп жүректің білмес емін.
Сансыз ойлар санамды түнде жаулап,
Өзіңменен түсімде тілдесемін.

Сені аңсау тек ғана мендегі мін,
Түсінер ме бұл сырды ел де бүгін.
Сендік ойдың түбіне батып барам,
Арманымның арқалап пенделігін.

Сезімім де сенделтіп алып қырды,
Жүрегімнің түбіне алып кірді.
Сені іздеп тағы да сабырсыз ой,
Түн түнектен түңілтіп зарықтырды.



Сезімінді терейін деп тереңнен,
Білесің бе әлі жырлап келем мен.
Саған деген жүрегімнің мұңдарын,
Жеткізейін қабыл алсаң өлеңмен.

Ай төкенде мақпал түнде жарығын,
Жеткізе ме саған жүрек зар үнін.
Жанарыма мұң айдыннын толқытып,
Арқалаттын неге, неге тағы мұң.

КЕЛМЕСІН ТАҢЫ ҚАҢТАРДЫҢ

Адасып жүрміз түн емес күндіз шырақтан,
Миым ашып мазамды алды-ау сұрақ сан.
Бейқамдау жүрген халқыма қатер төндіріп,
Қаңтарда қырып жұртымды кім жылатқан?

Теңеуін ізде алдында тұрған сызықтың,
Ұлы ісін баста ұлтшылдық пен ұлыстың.
Үміті елдің еңсеріп тағы кетпесін,
Ақиқат деген бағасы кетіп тұнықтың.

Жан айқайынды, қараша халқым, кім ұқсын,
Шыңдалмай барат шындықтай жүзі кылыштың.
Билік салар бұралқы тағы құрығын,
Ел үшін енді елеулілерім шынықсын.

Сүрінбе дейін алдыңнан шықан сынақтан,
Келмесін таңы қаңтардың бізді жылатқан.
Аман бол енді Алаш деп атқа қонғандар,
Алдыңнан атсын арайын шашып нұрлы ақ таң.



АҚИҚАТТЫҢ АРЛЫ ТУЫ

Мен бүгін шатанамын үмітпенен,
Дей алмаймын десе де күліп келем.
Пенделіктің шапанын шешейінші,
Қашапғы өмір сүрем күдікпенен.

Неге осы күдіктеніп қорқа берем,
Ойымнан күдіктенсем жортады өлең.
Кебінін қорқыныптың шешіп тастап,
Ой бөлісіп кетейін ортаменен.

Сан күдік сынға алсын айыптасын,
Арманым ақиқат деп қалықтасын.
Желегін шер күдіктің шешіп бүгін,
Ойымды жеткізейін халыққа шын.

Тұрсам да түнегінде тұман ойдың,
Сезілмейді түршіккені тұла бойдың.
Шекпенін ақиқаттың арқама ассаң,
Келмейді күдікке де кінә қойғым.

Күмәнсіз шашса таңым шапағатын,
Бұл менің елге деген махаббатым.
Күдіксіз елім өмір сүрсе болды,
Абырой керек емес атак, атым.

Күдіктің құлатсам да мұнарасын,
Ақтасын мейлі мені кінәласын.
Желбіреп ақиқаттын арлы туы,
Мәңгілік биігіңнен құламасын.



АҚ ТАҢЫМ

Бүгін көктем арайлап атты ақ таңың,
Қарашы маған жайқалған көңіл бақтамын,
Мұңлы жанарым жарқ етіп бүгін бір сәтке,
Байқайсың ба бақтты мен де шақтамын.

Бүгін көктем шақырдым әлем бар құсын,
Алыстан басын изеген кезде қарлы шың.
Үлкен-кіші, қабыл ал шын жүректен,
Пәк жүрегімнен бәріңе айтқан алғысым.

АМАН ЖҮР БАЛАПАНЫМ

Жан жүрегім аман жүр, балапаным,
Жаюулы тұр сен үшін алақаным.
Қуанышпен анашың есіне алды,
Сені әкелген өмірге дара таңын.

Салтанатпен сапарын кеш салауаттың,
Кемесінде сайрандап ғаламаттың.
Ғұмырлы бол құлпырып, қызғалдағым,
Ақ батасы арқау боп жамағаттың.

Ата-анаң гой қамқаршың аспандағын,
Басқан із биік болсын баспалдағың.
Құлыным, бақытты бол ұрпағыңмен,
Таймасын жүзіңнен нұр, бастан бағың.



ЖЫРЛАМАСАМ ДҮНИЕ-АЙ

Қасіретін кештіріп кара түннің,
Шаршамашы шалғысы қанатымның.
Жырламасам, дүние-ай, бәрі-бәрін,
Неге ақын боп онда мен жаратылдым?!

Айта алмай өмірдің батылдығын,
От кеудемде еріксіз шақырды мұң.
Жырламасам дүние дібірінді,
Адыра қалсын менің ақындығым.

Жақ қарысып бір күні тіл байланар,
Өзімдей боп дәл сонда кім ойланар,
Құрдымыңа, қу дүние, кетпей тұрып,
Қара қыздың кеудесіне бір қайнап ал.

КӨҢІЛ ЖЫРЫМ

Жырының легімен жылжи қадам,
Күлкісі сыңғыр алған Сыр құймадан.
Бойына бөлек біткен болымысың,
Ай нұрындай көрінетін ылғи маған.

Ойнаған Сыр бойында көгілдірім,
Жарқырап шар тарапқа керім нұрың.
Арнадым қабыл алғын балапан қыз,
Ып - ыстық жүрегімнен көңіл жырын.

Қараған болашаққа сенімімен,
Гүлданап, Сырдың ерке елігі ме ең.
Өмірде бақ тіледім мен де саған,
Талайды тамсандыр деп көрігіңмен.

Боздай бер ботасындай төл өнердің,
Көзіндей болмасаң да көнелердің.
Жалғайтын жолын ертең сен екеуміз,
Кешегі Айкүміс пен Зерелердің.

Жуан Шығармалары
ҒҰН ДӘУІРДЕН ҚАЗАҚПЫН

Атырған таңын азаттың,
Өткізіп бастан ғажап күн.
Серпіліп көкке өрлеген,
Ұлтшыл ұланы қазақтың.
Түнеріп дүние кетсе де,
Күндерін кешпе азаптың.
Намысыңды қайырай түс,
Жамылмай тонын мазақтың.
Жасайсың мәңгі қазақ боп,
Сүрмейсің өмір азақ күн.
Сақ бабаның жұрнағы,
Ғұн дәуірден қазақпын.
Еселі елім болмаса,
Озық ойымен озат кім,
Кемелді ұрпағың болмаса,
Қолыңды өрге созат кім.
Табаның тасты илеген,
Желісі болса боз аттың.
Ілеспесе екен қосының,
Тобырына тозған тозақтың.

ЖҮРЕККЕ СЫР

Айтылмай жатыр саған, жүрек, сырым,
Арттың сен сағыныш қыл тілек мұнын.
Құштырған мақпал түнде қапалы ойдан,
Сейілтер сенен басқа түнекті кім.

Білесің қандай дауа керектігін,
Сағыныш торлағанда жүрек түбін.
Жалғасып таңым атса кешті күткен,
Сағыныш саған деген бөлек бүгін.



Айғағы бұл сағыныш зар үнімнің,
Мендегі жөні бөлек сағынудың.
Түндерде түнек ойды тұман орап,
Ішіне кіріп кеттім тағы мұңның.

Тербелген гүлің едім бағындағы,
Қиялдың қырда ойнайды сағымдары,
Мөп-мөлдір сағыныштан кірпігіме,
Тағыда мұң моншағы тағылғаны.

ЖАҚСЫ АНАНЫҢ БАЛАСЫ ЕДІМ

Қызың ем әз жүректі, ана, сенін,
Жүрегін тебірентен дара сенім.
Көңілін қараша елдің тең ойлайтын,
Мен сіздей әз ананың баласы едім.

Ана, сен ақ жүректі тамаша едің,
Қуанам сізге мені баласа елім.
Өмірде мені алға жетелеген,
Ақылмен тәрбиенің ғой, ана, сенің.

Анашым, анам менің тамаша едің,
Өзіңсіз бұл өмірде аласа едім.
Халқына өлең жырын базына еткен,
Мен сіздей жақсы ананың баласы едім.

ТҮНГІ МҰҢ

Ақ таңы арай секілді маған түні мұң,
Таппадым неге тұңғиығыңнан бір ұғым.
Желпісе келіп мамырдың ерке самалы,
Тыңдадым үнсіз боз торғай дала шырылын.

Сен төккен нөсер жүректің сырын аршыған,
Селк еттім де серпілдім сендегі тамшыдан.
Жарқырап анау жазира далам жайнаса,
Ақ бұлтыңа еріп аққу арманым қалқыған.



АҚИҚАТТЫҢ ҚЫЛЫН КІМ СУЫРАП ЕКЕН ОСЫ

Өмірдің қазбасам да кіл шындығын,
Сеземін болары қақ бір сұмдығын.
Ақтарылған ақиқат перісіндей,
Жүректен дамыл таппай бұлқын, жырым.

Салатын көңілімнің сәні бір ән,
Демейін құс біткенің бәрі қыран.
Түсіріп ар жолына ақиқатты,
Белдерде бекінейін бөрі ұлыған.

Қайтпайтын қайсарлығы дауыл өрттен,
Тайың ем ар жолында шауып өткен.
Шырағы ақиқаттың жанбай өшіп,
Талайдың аңқау басын жазым еткен.

Қусам да жеткізбеді-ау арман әлем,
Ақиқат алшақтама ар денеден.
Естідім өз әділет сыбдырыңды,
Қасына жамандықтың барма деген!

ҮНСІЗ ӘЛЕММЕН СЫРЛАСУ

Қалды көңіл досқа да жақындауға,
Бәрін тағдыр алғандай тақымдауға.
Кейде қоркам заманның қылығынан,
Қалама деп бір күні басым дауға.

Жапырақтай сарғайған бұтақтағы,
Мына заман тұрған-ай жұтап тағы.
Қой үстіне боз торғай ұя салған,
Күнің қайда кешегі кітаптағы.

Жамандықтан жөн болар шегінгенің,
Сені жырлап өтуге ерінбедім.
Бейбіт елдің тағдырын тауқыметтеп
Бор болмасын келешек сенімдерім.

Қинала ма білмеймін тағы жаным,
Бәрін ойлап кейде мен қамығамын.
Бейбіт болсын, асыл ел, заманымыз,
Шат заманда бермесін жаныңа мұн.

Үнеіз әлем, сенімен сырласқаным,
Сырымды айтпай өзіңе тынбас жаным.
Бейбіт күннің ұланы сайрандасын,
Жұлдызындай жарқырап түнгі аспанның.

БІР АҒАМНЫҢ ӨЛЕҢІНЕ ЖАУАБЫМ ЕДІ

Баурап алдың деді бұлақ күлкінмен,
Жүрегімді айықтырмай дүрсілден.
Жолықтырып тағдырыма тау гүлін,
Деп қойасыз сені көріп күрсінгем.

Дедім ішттен күрсін мейлі күрсін деп,
Қалса қайтем жүрегіңіз дүрсілдеп.
Тағдырымнан тағы келіп сұрадық,
Айтшы қалқам қай тауда өскен гүлсің деп.

Неге маған жолықты екен тағдырың,
Жүрегіңнен тағы сел боп ән жырың,
Әнге қосып шар тарапқа жар салдың,
Мен іздеген қайда екен деп тау гүлім.

Кешір сізге жолықпайды- ау тағдырым,
Сағыныштың төге берме жаңбырын.
Сізден бұрын біреу үзіп ап кетті,
Сіз іздеген сол бір нәзік тау гүлін.



Өлеңіңнің арнап маған барлығың,
Жүрегіңнің жаздың ылғи жарлығың.
Тауып алшы менен сізге естелік,
Тау гүлінің тауда қалған жаулығың.

НАҒАШЫМ

Жиен деп қыздың баласын,
Апай еді сізге анашым!
Анамның асыл көзісің,
Аман жүріңіз нағашым!

Нағашы қайда өзіңдей,
Еркелеткен өзімдей!
Анам бірге туған соң,
Көремін сізді көзіндей!

Құсынды салып киырға,
Түзден де болған сыйың да!
Қадірлі боп ең, нағашы,
Алты алаш деген жиынға!

Апайың болып еді әдемім,
Бакиылық қылды әлемін!
Қабыл ал, нағашы, қабыл ал,
Жиенің жолдаған сәлемін!

ҚАҢТАРДЫҢ ҚАРЛЫ БОРАНЫНДА

Қаңтардың қарлы боран қаһарында,
Қақырған аязды жел бұркағында.
Бөктерден (Бөрі сырғақ) дауылдатып,
Таулардың қасқыр ұлып қалталында.



Ару қыз алыс жолға аттандыңба?
Сәттілікті тілейік сапарыңа.
Қымтанып аяқ қолды жылы киін,
Бұлғын тонды жамылып арқаңызға.
Қыз дегенің тұрмай ма қыз-қыз қайнап,
Жас келіншек құлпырып гүл-гүл жайнап.
Ошағынның басына аман орал,
Барар елге іркілмей дәмі айдап.
Бөріктіріп соғып тұр «Бөрі сырғақ»,
Тауды қозғап ақ боран орманды ырғап.
Ақ дауылда, ақын қыз, қайда аттандың,
Сахарада сай сайдан Бөрі шулап.
Арманыңда алға астыр не болса да,
Арландармен бір жортып улап-шулап.

ХАВДЫЖАЛЕЛ АҒАМА ЖАУАП

Ақ жол тілеп, ағам-ау, ақтарылған,
Сөз төгіп құнды жақтың қатпарынан.
Қантарың да қаһарланып тұрғаныңай,
Қалыспай ақ түтекті ақпаныңнан.
Биыл, аға, қатты тонып жүргенім-ай,
Пана болмай құнды тон жапқаның-ай.
«Бөрі сырғақ» деп ағам жырлағанда,
Мен де қалай қалайың ақтарылмай.
Гүл гүл жайнап жүретін күнім кетіп,
Тондыратың оралыпты шақтарың-ай.
Бөріні айтып мына ағам шошытты ғой,
Жыртқыш ондай бөріден сақта құдай.
Аш бөріден ауылыңа аман кел деп,
Алаңдап Қабаскеңнің жатқаның-ай.
Осал емес Оспанның батыр қызы,
Не болды бұлт үйіріп аспаныңа-ай.



АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

*Құрметті қазақ елі!
Ата-бабам армандаған тәуелсіздік
күні құтты болсын!*

Он алтыншы желтоқсан аласұрып,
Тондырған казағымды кара суық.
Қасықтай қанын төгіп ұл мен қызың,
Тарихта қанмен қалған дара шындық.

Жүрегін талай жанның ызғар қарып,
Болсын деп болашақта таңың жарық.
Кеудесін от пен оққа тосып ұл-қыз,
Рухымен оянды бүршік жарып.

Бұл желтоқсан тәуелсіздік тірегі,
Аппақ таңын асқақтатып тұр елі.
Он алтыншы желтоқсан деп жырлайды,
Қалғанымен жараланып жүрегі.

Арайлап азаттықпен күліп ақ таң,
Қазақтың желтоқсанда шері жатқан.
Шерлі күн артта қалып міне бүгін,
Ел болдык артып тұрған бағы бастан..

Алаулап азаттықтың ақ таңында,
Шалқысын құт, берекең шақта мына,
Көк байрақ көк түріктен қалған мұраң,
Бабаңның сызат салма мақтанына.

Ояансын ұлт мүдесі бақ таңдардан,
Күнімен тәуелсіздік шағтандырған.
Елінің басын қосар бір төбеге,
Ұлағатты ұрпағың біз Сақтан қалған.



Сезім сыры
НАР ШЫНАР ЕМ



Қызыл тіл пәрмен берсе дұрыс маған,
Қымбат сөз қылшылдасын құрышталған.
Ойлы сөз ортаңызға арқау етсем,
Санамның саясынан дұрысталған.

Берейін өлеңіммен таңға да арай,
Бүбұлы Иран бақтың сайрағандай.
Қырандай қия шынға қалықтайын,
Тұсында тұрымтайдың тайғанамай.

Назыма назарын кеп салсын әлем,
Жанымды жанды сөзбен қамшылар ем.
Санамнан саликалы сөз ұсынған,
Көрінбей саяаңда өскен нар шынар ем.

БӨЛІНБЕ ЖҰРТЫМ

Түрік тектілер бірігіп,
Намыстары тіріліп,
Бірліктері нығайса,
Білектері түріліп,
Ту астына жиылса,
Тұран түмені құрылып,
Ата түрік Кемелдің,
Абылай хан мен Кененнің.
Жаңғырса рухы тіріліп,
Күлтегін, Мөде, Мәдәлі,
Тоқтамыс, Тұғырыл, Тайбұға,
Дәурені келеді ме бұрышып,
Тәуекел еткен Тәукеден,
Жәнібек пен Керейден,
Ұлдарға қонсын ұлылық,
Алаштың тартып түндігін,



Асқақтасын алты ұлыс,
Биікке бірлік ту іліп.
Айбынды болса ұл мен қыз,
Сынақтан өтіп шынығып.
Кеудеде жүрек туласа,
Суымай сүйек қызынып.
Татулық босын арада,
Бөлінбе, жұртым, бүлініп!

ЖЫР ЖОЛЫНДАҒЫ ҮЗІК ОЙ

Берілген пешенемді тостым алдан,
Қалтарыс қалмайын деп жақсылардан.
Күндерің күйшіл өмір бітпесе де,
Жағаңнан жағаласып тарттым, арман.

Қызыл тіл беубеулетсе тосылма деп,
Қосылдым қара сөздің қосына кеп.
Өмірдің күндерінен жаурағанда,
Жылынам осы өлеңнің отына кеп.

Күніңдей күнде өзіңмен күлем, сенім,
Демедім таразымен жыр өлшедім.
Жалғармын таңдарымды биіктерге,
Оянса нар кеудемнен шүлен сезім.

Құлпыртып өлең гүлім қыр даланы,
Сызылтып сезімімді сырға малды.
Ақ толқын көңілімнен аунағанда,
Жүректен жасын жырым іңгәлады.

Жырға қосып кетпесем мұң наланы,
Құбылып дүние де қырланады.
Нөсерін жүрегімнің бір төкбесем,
Көп болды қаз бауыр бұлт тынбағалы.

Жатыр ма деме, жұртым, мұңын шағып,
Өзіңе өлеңменнен сырым қанық.
Жетпей жүр үзік ойым қамшылаумен,
Жақсының оқи алмай жырын танып.

ӨСКЕН ЕЛГЕ БІР САҒЫНЫШ

Құт мекен, сені неге аңсамаймын,
Сағынып ән салады жан сарайым.
Туган жер беткейдегі бетегендей,
Тербейді тал бойымды таң самалың.

Ілесіп самалың мен салқыныңа,
Санамды сағынышты тарттың мұңға.
Осы әнім саған, сірә, жетер ме екен,
Қосылып аққу - қаздың қаңқылына.

Шағыма боз балалық табындырып,
Өсіп ем сар далаңда сағым қуып.
Тұрады ертелі - кеш елес болып,
Керметау, керім кешің сағындырып.

Аймалап төскейінді шалқайған күн,
Жауының әкелгендей Алтайдан мұң.
Асыр сап Буянт өзен жағасында,
Төлің боп төскейінде марқайғанмын.

АРУЛАРДЫҢ КӨКТЕМІ

Аналар ғазиз жандар неткен керім.
Әулеттің өрісі үшін төккен терін.
Баршанның жанарыңа нұр сыйласын,
Бүгінгі бүрін жарған көктемдерің.

Тәңірдің өзі еккендей қырда гүлін.
Көңілін күйге орап жырла бүгін.



Өйткені қасиетті ай Рамазан.
Төріне енді Алланың құлдарының.

Көженің дәнін түйіп асыл жандар,
Тағамның жеті түрін сапырғандар.
Халқына Наурыз көже үлестіріп,
Қарттарын "Ауызашарға" шақырғандар.

Жібектей жерге жасыл гүл себілген.
Жүзінен ажарлы ай мен күн көрінген.
Бойына ізгіліктің нұры тұнған.
Қазақтай бола алмас кім көрінген.

Бұлақтай қайнары боп нұр ибаның,
Пейілдің елге беріп жылу бағын.
Бүгінгі бір апталық тірлігінмен,
Өмірдің мәнін көрсет, сұлуларым.

ТЫНЫШТЫҒЫҢДЫ ҚОРҒАЙМЫН

Желтоқсанның елемей боран ақ қарын,
Жалынға жанған қаймықпай түсті жастарым.
Ләззат, Қайрат, Сәбиралар әперді,
Армандаған тәуелсіз елдің ақ таңын.

Түйенің қомы алысып аттың жалымен,
Бөліскен жатпен қолдағы тәтті нанымен.
Сол ансаған азаттықтың ақ таңы,
Ұрпаққа жетті баламның төккен қанымен.

Кетпесін, Алаш, басыңа қонған ырыс-бақ,
Көк байрақты өтейік мәңгі тік ұстап.
Азаттықты қан кешіп бізге ар берген,
Жанкештілерді жүрейік, халқым, ұлықтап.

Көк бөрі қазақ, сесті болсын айбарын,
Ыдырамасын береке, бірлік қаймағың.
Қыран құстай биіктен ғана көрінсін,
Көк аспанмен теңесіп көк байрағың.

Бөрі боп жорт Атырау-Алтай арасын,
Әлемге танытып қазақтың дархан даласын.
Қолдай көр, Аллаһ, сағын енді сындырма,
Көгіңе самғат Көк түріктің батыр баласын.

Асқақта, елім, жолына бақыт тіледім,
Жырымды жазам талғанша нәзік білегім,
Егеменді елім тыныштығыңды мен қорғаймын,
Тұрғанда соғып кеудемде ыстық жүрегім.

ІЗДЕДІҢ БЕ

Ізdediң бе мені анау тау қырдан,
Ізdediң бе мені нөсер жаңбырдан?
Сен іздеген сол бір асыл сезімді,
Бесбоғданың шындарына қалдырғам.

Сол бір жастық бұлқын атқан сезіммен,
Байқадың ба бір жалынды көзімнен.
Еске салды -ау, Бесбоғданың биігі,
Сол бір сәтті бірге жүрген өзіңмен.

Көктем кетіп жанарыма күз келген,
Сен жүрмісің әлі мені іздеумен.
Қарадың ба Бесбоғдаға күн салып,
Қалды ма деп менің сол бір қыз бейнем.

Шабыт алып сен оқыған бал жырдан,
Сағыныш жүр от кеудемді жандырған.
Сағынғанда тыңдасын деп құмартып,
Бал күлкімді бұлағына қалдырғам.

ЖЫРЫМ ОСЫ

Жырым осы мұн ба, әлде қайғы ма,
Жүрегімнен төгіледі жай мына.
Көңілімнің көк айдынын шалқытып,
Аспандағы жырға қостым айды да.

Жырым осы сор ма, әлде бағым ба,
Жүрегімнен от керік боп жалында.
От жырымның жарық шашып сәулесі,
Айналар ма бір құпия сағымға.

Жырым осы қамшы ма, әлде сойыл ма,
Ол кеудемнен жарып шықты мойын да.
Тарихымның тереңін мен іздейін,
Ғасырменен жалғасшы сен жойылма.

Жырым осы тебіrentіп тербеткен,
Аспанды да ақ жауынмен селдеткен.
Мен өзіңнен сусындаймын шөлдесем,
Киелі жыр, құдіретті ең сен неткен!

Жырым осы бір Алланың сыйы ма,
Жанарыммен оқысам ба қиыла.
Бұлақтайын мөлдір жырды бұлқынтқан,
Мен Алланың ризамын сыйына.

ӨКПЕЛЕМЕ

Өкпелеме сен маған өкініп те,
Неге сонша жақынсың осы ілікке.
Жазығым не жанымды сарсаңға сап,
Бағындырып бағардай өкінішке.

Не қыласың қысқасы өкініп те,
Білем бардың ызамен бекініске.



Бәрі бітгі шарасыз аяқталып,
Әкеп соғып соңында осы іске.

Айта берме сен маған өкіндім деп,
Ақылыңның жалынба бетін бұр деп.
Надан ойға шырмалтпай ардың жүгін,
Адалдыққа бұрсаңшы басын бір рет.

Соңы осылай болады өкініштің,
Мен-менсініп кеткенмен көсіліп тым.
Женіл ойдан сананды аршып алмай,
Орындалмас бірі де өтініштің.

АНА ТІЛІМ - АРЫМ БҰЛ

Ана тілінді қадірлей білші, қазағым,
Сол тілде жаттыр жыр етер сендегі аза- мұң.
Күнбезді көктің қыранындай боп үн қатып,
Рухты бол деп жырыма қосып жазамын.

Ана тіліңмен бабанның оқы дастанның,
Арыннан биік сол тілің болсын мақтаның.
Төрінде сақта тіліңнің құнын түсірме,
Өз тілің барда күтпеші көшің басқаның.

Анаңның тілі бойына енген күндақтан,
Байыта білсең теңіздей толқыр жыр - дастан.
Құдірет күшін қалайша қолдап қорғайсың,
Рұхың әлсіз жігерсіз болсаң құм басқан.

Тілінді қорғап ардақтай білсең қадірің,
Бойыңа тылсым ғажайып сыйлар тәңірім,
Өмірде мәңгі шырағың болып жанатын,
Қазақтың тілі қасиет қорған тағылым.

Төрімде тілім өркендеп өрбіп көктесін,
Өзгеріп тілім өгейдің күнін кешпесін.
Қаңғыбас итке қазанын босқа жалатпай,
Қазақ деп ғана жылжысын алға тек көшім!

ТАУ ГҮЛІ ЕДІМ

Тау гүлі едім тау басында гүлдеген,
Оранып ап жасыл желек бүлдемен.
Тebірендім де таудан ескен самалға,
Жайкаламын нұрын төккен күнге мен.

Тау гүлі едім тауды аңсап жүрген ем,
Талабым бар таудай болған жырға ерен.
Қарлы ызғар қарыса да жүзімді.
Солмаймын тамырымнан мүлде мен.

Тebіренім тау қойнында күнде мен,
Тау желіне сыйқыр сырмен тербелем.
Анау асқар асқак ақ бас шыңдарым,
Сен ұсынған құр қалмайын жүлдеден.

Тау самалы кекілімнен үрлеген,
Мен келгенде етегіне жырменен.
Тамылжиды тау гүлне тамсанып,
Шырқайтындай меніменен бірге өлең.

ҚАНДАЙ ЕДІҢ ҚАЗАҒЫМ

Кермеде тұлпар жаратқан,
Найзасын жауға жанатқан.
Тәубәсін айтып тәңірге,
Құбылаға жүзін қаратқан.



Қуат ап нардай жүгіңнен,
Сөзіңе елі жүгінген.
Сол қайтпас қайсар тегінді,
Көре алмай тұрмын бүгін мен.

Харамнан қазан аспаған,
Сауғалап жаудан қашпаған.
Батыр боп туған ер қайда,
Ел жұртын ерен бастаған.

Ерлігің қайда мақтаған,
Ізгілік бойға сақтаған.
Текті сөз қайда ұлтқа азық,
Жүрекке нұр қып жаттаған.

Қандай ел едің, қазағым,
Көк бөрісі ең даланың.
Намысыңды қайрап мен,
Ашынып жыр жазамын!

НЕГЕ НЕГЕ

Неге, неге бұл бәйгеден тосылдым,
Әлде көшін тостым ба екен қосынның.
Шерменде боп шежеренді шерте алмай,
Дүбірінен дүние, шіркін, шошындым.

Өрем өрнек көрмей дүние өгейін
Өрем бірақ не айтамын не дейін.
Несін келдім мен өмірге ақын боп,
Алашымның жырламасам мерейін.

Тыныш болсын түндері мен күндері,
Ақын болып тындырамыз біз нені.
Менің жырым шырылдайды далаңда,
Жүрегінді шалмасын деп мұң демі.

Айтам шындық қазағымның ары үшін,
Қайсарлыққа жанымасын, жанысын.
Жаным пидә ар жолында менің де,
Қазағымның қасықтайын қаны үшін.

Жыр төгейін ғасыр емес заманға,
Тимесе егер бір зияяны маған да.
Қайыспаған қайсар елдің ұрпағы,
Басылмасын ар - намысың табанға!

ОУ ДҮНИЕ

Оу, дүние! Тарылмашы мен келдім
Жатырқама мен өзіңнің пенденмін.
Кұшағыңа келгенімді қайтейін,
Жорығыңның жолын таппай сенделдім.

Оу, дүние, қуанттың да жарқ еттің,
Жарқ еттің де мені өзіңе тәңгті еттің.
Бірақ сенің қылығыңнан қытымыр,
Келіп тұрат бәрі - бәрін тәрк еткім.

Оу, дүние, шарықта да, қалықта,
Тербелмесін білемін бір қалыпта.
Бірақ мен де жұмбағыңа сенбеймін,
Айналарсың бір күн мүмкін алыпқа.

Оу, дүние, дүр сілкінтсе дүбірін,
Ертең емес не болады бүгінім.
Қалай жетем жеткізбейтін түбіңе,
Жолдың ылғи нұсқай берсең күдірін.

Оу, дүние, сен не деген епті едің,
Алатыным құшағыңнан көп менін.
Қызығыңа мен де тойып кетер ем,
Тек кектеніп мейірімінді төкпедің.

Оу, дүние, сен де өтерсің бекінбей,
Жолың алыс жер ұйықтың шетіндей.
Шат күлкімен сенің сыйлы төрінде,
Бүкіл пенде өтсек дейміз өкінбей.

Оу, дүние, сенен қайтпас күш кері,
Әйтеуір бір сәт өз әзілің бітпеді.
Қызығыңа тоймай келем әлі де,
Сәл кідіріп аз да болса күт мені.

Оу, дүние, сенбесең де, сенсен де,
Несібемді сенен ғана терсем бе.
Қу тұлкідей тұра берші бұлаңдап,
Мен жалғайын бүгінімді ертеңге.

ТӨРІНДЕ ЖҰРТЫМ

Төрінде жұртым түн қаттым,
Түн қатып тағы тіл қаттым.
Дініме қорған арыстар,
Тіліңді кімге былғаттың.
Құрсағың аш болса да,
Құшағыңды кімге аштың.

Заманның зары жұлқылап,
Наданның шаңы бұрқырап.
Сәбиі арсыз ананың,
Тастанды болды шырқырап.
Есілмей қалған арқандай,
Шешілмей жүр - ау мың сұрақ.

Қайсар да жұртым жалынды,
Баспасын түнек таңынды.
Алауыз болсаң, Алашым,
Тайдырасын бағыңды.
Сынаққа толы жолдар бар,
Сындыра көрме сағыңды.



Дауынды қозғар жауын бар,
Дабылын қактты дауылдар.
Шет ел асқан балаң бар,
Жолына бөгет қойындар.
Шаттанса әр бір шаңырақ
Ақ сарбас атап сойындар.

Алтын болсын жасығың,
Тоқтауы болсын жасымның,
Әні боп шырқар ғасырдың.
Ошағы сөнбей отыңның,
Көк бөрі қазақ, қайта оян,
Алшыдан түсісін асығың.

ТАУ ЖАҚҚА

Тау жақтан шығып кетіп ем әттең аулаққа,
Аулақта жүріп көзімді салдым тау жаққа.
Сағынып бір сәт жырыма қосқым келеді,
Балалық шақтың базары қалған сол жаққа.

Сарғайып таудың алаулап таңы атқандай,
Күн нұрын шашып қия шың биік шатқалға ай.
Әніме қосып сол тауды аңсап отырмын,
Сендегі тұман мұнартып ойды басқандай.

Сол тауды қыстап жайлаған менің ауылым,
Күнгеіден соққан аңсадым таудың дауылын.
Жанардан жас боп ағады кейде еріксіз,
Сағыныш болып өткініші төккен жауының.

Ақырын ескен сағындым сазын самалдың,
Тап-таза жұпар нісін сұлу даланың.
Сол тауда туып, сол тауға қарай күлімдеп,
Сағыныш мауқын баса алмай жүрген баламын.



ҒАЗИЗ ЖАНДАРЫМ

Қасымда ғазиз жандарым,
Қорғандай қазір жан- жағым.
Қазақтай рухым тұрғанда,
Жалғанар асыл арманым.
Замана төксе шуағын,
Кәміл ғой биік самғарым.

Өз елім мынау қарашам,
Үзілмес үміт тамашам.
Өр бабамдай кешегі,
Тартынбаймын таласам.
Арда елім менде арман жоқ,
Кәдеңе сенің жарсам.

Ойланам кейде тым ерте,
Тұңғиық ой түнерсе.
Жыр жазам сонда қиялмен,
Салмағын жұртым бір өлше.
Мені де алшы бастырды,
Бабамнан қалған бұл өлке.

Мені өсірген шат халық,
Жырлаймын сені мақтанып.
Жүрегімнің түбінен,
Сыр төктірсең ақтарып.
Дұшпанға қарсы келер ем,
Бұлтыңа мініп ақ мамық.

Баспасын деп мұң егей,
Келмесін деп шүрегей.
Қалам қалай ойла, елім,
Бақыт саған тілемей.
Асқақтай бер алты Алаш
Қасіретке түнемей.



Берекенді бір қылдым,
Бейбітінді жыр қылдым.
Кейінкері осы елім,
Менен туған бұл жырдың,
Хуат жазған елен деп,
Оқып кетсін бір құрбым.

КӨҢІЛ КҮЙІ

Кейде бір көңілімде қалады күп,
Жақсылар, сабырменен сананы ұқ.
Өмірдің ақ-қарасын жарысқа сап,
Қарасын қапыда үзіп барады үміт.

Жазбайын беймәлім ғып басқаларын,
Жоқ бірақ ақиқаттан жасқанарым.
Тірлікте тылсым жырмен жиып теріп,
Түсіріп қояйыншы хатқа бәрін.

Әліде аямассың сыйымды Алла,
Пайдасыз қызықпаспын бұйымдарға.
Арманмен қағазға әле үңілемін,
Тәубеме тәуекел деп сыйынғанда.

Майданың азда болса сырын ұқтым,
Құшағын аңсап жүріп жылылықтың.
Алайын өзімменен дидарласып,
Артына бір қараса бұрылып күн.



Сезім сыры
БЕЙМӘЛІМ СЫР



Кейде бір көңілімде тұрады күп,
Жақсылар сабырменен санаға ұқ.
Өмірдің ақ-қарасын жарысқа сап,
Қарасын қапыда үзіп барады үміт.

Жасырып бей мәлім ғып басқаларын,
Жоқ бірақ жөнсіз жерде ақталарым.
Тірлікте тылсым жырмен жиып теріп,
Түсіріп кетсем бе екен хатқа бәрін.

Әлі де аямасын сыйымды Алла,
Жүректен назымды айтып қиылғанда.
Жүргем жоқ дүниені тәрік еткелі,
Тәуба еттім пешенеме бұйырғанға.

Құшағын аңсап жүріп жылылықтың,
Сыны мен бұл өмірдің сырын ұқтым.
Арман мен ақ қағазға тағы үңілдім.
Ертенді есепке алса бұрылып күн.

ЖАҢА АПТА

Сәтгілік сыйласын, жақсыларым!

Түнегі емес тамұқтың,
Таң атты тағы жарық тым.
Шуағын төксін баршаңа,
Жаңа аптаңда жарық күн.
Жалғанар тірлік сәтімен,
Өмірден деме жалықтым.
Түбіне ешкім жетпеген,
Дүние деген ғаріптің.
Жетегінде бос өтпе,
Ойын, күлкі сауықтың.
Ояншы, елім, ойланып,



Жуан Иркинжанқызы



Төбеңнен кетер ауып күн.
Білемісің байқасаң,
Таңыда атқан тауықтың.
Дөңгеленген Дүние,
Тапты сенен парық кім.
Арда туған Алашым,
Арманысың даңыттың.
Асқақтатып әлемге,
Атағыңды таныттың,
Қазақ деген атыңды,
Көңіліме пір еттім.
Жомарт туған төрінде,
Қыраныңдай түлеттің
Сәттілігін сыйласын,
Жап-жаңа апта жарық күн.

КЕШЕГІ ЫРЫС

Арадан үзілсе әсте туысшылдық,
Арды қойып тәубаны ұмыт қылдық.
Араны ашылғанда замананың,
Адамдық қасиетті жуып тындық.

Тарайып барма өзі тыныс тірлік,
Қайда осы кешегі ырыс шындық.
Қара суға семірген көңіліңнің,
Қанағаттын біз неге жуып тындық.

Бойға неге болмасты жиып тындық,
Қайда кеткен біздегі туыс бірлік
Ағайыннан ат ізін алыстатып,
Ат құйрығын акыры қиып тындық.

ЖЫР ТОЛҚЫННЫҢ КЕМЕСІ

Өмірімнің айтпасам батылдығын,
Астарла деп ойынды шақырды кім.
Жырламасам келтіріп нақышына,
Әдіра қалсын өмірде ақындығым.

Сөз маржанын жаратып керегіме,
Келтірейін таспалап кемеліне.
Қолдан келер бір пайдам осы менің,
Жырдан жылу берейін мен еліме.

Айта алмаймын пәкпін деп періштеден,
Ой өрісім дегенмен өрістеген.
Ақынмын деп несіне масайраймын,
Жаза алмасам шумақтап келісті өлең.

Жүректе шешімі жоқ сыр жатқанда,
Жүргендей сезіледі бір бақ маңда.
Қалдырмай қара түннің камалына,
Желпінтіп жеткізейін жырды ақ таңға.

Өлеңнің өмір сүріп елесімен,
Шырын сөз шықпай қойдың неге есімнен.
Жел қабыз жел сөз саған қашан жетем,
Қалқыған жыр толқынның кемесімен.

Дәл бүгін шабыт келген керемет күн,
Мұндайда мағандағы керек екпін.
Әсерлеп бір қиялды жазса салдым,
Өрісін өлеңбенен өрелеп тым.

Жуан Урқитжанұлы
АРҚАНЫҢ КЕРІМ КЕШІНДЕ

Арқаның керім кешінде,
Отырмын салқын төсінде .
Көсілген сары даласы,
Қазактың ұқсайды көшіне.

Сан шайқастан тапталған,
Өріңді күн қақтаған.
Бабамның қаны тамған жер,
Тарихың терең сақталған.

Төсіңнен ағып Нұра өзен,
Ағысын сенде түзеген.
Көк балдыр жаған жайкалып,
Орманың бой түзеген.

Қара алтынға бай далаң,
Жырламас сені қай балаң.
Қойнауың толы ырыс кен,
Кең байтақ далаңнан айналам.

Арқаның бағы жанған жер,
Сак бабамнан қалған жер.
Айналдым сенен Сарыаркам
Бабамның қаны тамған жер.

ЫРЫСТЫ КҮЗ

Басқалар ұната ма жек көре ме,
Келгенін аңсап жүрем алтын күздің.
Ақшақар тұра бермей көкте неге,
Алтын күзді кетуге алқындырдың.

Ырысты күз байлығын үлестірген,
Кедей де кеудесін тік ұстады.



Қазағым, кем емеспіз біз ешкінен,
Ерлеріміз еңбекпен шыныққан-ды.

Жомарт күз жасыра алмай ештеңесін,
Табиғаттың төсінде балқытты иіп.
Кейде мен қадіріңе жетпеген сон,
Кетугеде арланам артық күліп.

ТӨРІНДЕ САРАҚАНЫҢ

Көсілсін көмейден жыр беу дегенде,
Не жетер толқып-толқып сөйлегенге.
Бой жазып сар далаға бір шығайын,
Туған елді сағынып шөлдегенде.
Жастық шақ өте шығар жалт етіп бір,
Не жетсін сен дегенге, мен дегенге.
Бір мақал есіме кеп тұрғанын-ай,
Дегені өлі балық өлмегенге.
Біз жүрміз ата жұрттың өр төсінде,
Арттағы дұға тілеп келмегенге.
Төрінде Сарақаның бір көсілдім,
Бойымды киелі сөз кернегенде.

ҚЫРАН БОЛЫП

Ұшайын қыран болып алып тауға,
Қанатым кең жайылса қалықтауға.
Еңсем де еңсірілмес мүлде менің,
Қазақтай қайсар мінез халық барда.
Елімнің қайғы мұңын жырлау үшін,
Еміреніп ақындарың жалықпауда.
Қақ жарсын қызыл тілім қара қылды,
Шындықты шырылдатып анықтауға.
Қорғамай ұлт мүдесін міскіндер жүр,
Таразыдай тағдырыңды салып дауға.
Қалса да қанжар тілім майырлып,



Қарысам ақ, қараңды анықтауға.
Осылай сүбелі сөз жосығанда,
Жібердім жыр тізгінді шарықтауға.
Арда елім, ай мен күнің оңнан туып,
Ұрпағың ұран салсын жарық таңға.

АҚЫН

Сен жалықпай жырлағаның жер бетін,
Сұлу мүсін сұңғыланың келбетін.
Ақын, сенің тым бөлек-ау әлемің,
Жыр бесігін өмір бойы тербеттің .

Қаламыңа жол салды ма қайғы мұң,
Жырмен емдеп қасіретін қайғының.
Ақын, сенің табиғатың тым бөлек,
Асқақ үн мен аталы сөз айбының.

Әуелесе әсері мен тәтті әнің,
Тәтті әніңді мен жалықпай жаттадым.
Ақын, сенің қасиетің тым бөлек,
Асыл жырың дүниедегі әппағың .

Жырмен ашқан сенің мақтан дәптерің,
Биік самға қолдап сені жатса елің.
Ақын, сенің ар ожданың тым бөлек,
Ақиқатың армен жырлар сәттерің.

ОЙЫМА ОРАЛАДЫ

Кейде ойыма оралады өмірімнің өткені,
Күйін шертсе өткен күннің көктемі.
Қайта келіп ілінбейді бойыма,
Кеше шешкен балалықтың шекпені.

Сезім сыры

Ақ бұлттың да арманы бар көктегі,
Асқар таудың туман болса бөктері.
Жай отыннан жаралғандай күй кешем,
Көңілімнің алып ұшса кептері.

Кейде қиял жер шарына кеткендей,
Көңілімді басар ма су сепкендей.
Жанартаудай кейде сезім жарқ етер!
Кереғардан хат тасыған кептердей.

ДАЛА СЫРЫ

Сағым күннің нұры шалған, қыран далам,
Көл бетінде сұлу ай сылаңдаған.
Көк жиектен көз тартқан көркің сенің,
Ертегідей күй шертіп Тұран далам.

Кәрі қайың қатты желге қалтырап тұр,
Мұңын айтып бұтағында жапырақ тұр.
Алыстан арай күнің нұрын салып,
Көз тартқан маужырайды атырап бір.

Көзді салдым кең дала қыр-сырына,
Қалықтайын суреттеп жыр шыңына.
Гүл даланың қыратын күндіз парлап,
Тіршілік деген түнедім тылсымына.

Кең далаңа тұрамын кеткім келіп,
Қиялымнан қыран жыр көкке өрленіп .
Жапаныңда мен жалғыз күй кешкендей,
Көмейден жырды тұрмын төккім келіп.

Жуан Шркітжанқызы
АЛТАЙДЫҢ АСҚҒАР БЕЛІ

Алтайдың асқар белі еді,
Өлді деп кім сенеді.
Токсан ауыз сөзін толғаған,
Айтыстың ақтанкері еді,
Жұмақтан орын бұйырып,
Жарық болсын жатқан жері енді.
Аспаннан ағып бір жұлдыз,
Құлазып қалды ма елі енді.

Сайланушең камшы сап,
Жыр тұлпар деген кебенді.
Өзінше кім дәлдейді,
Жел сөз деген жебенді.
Құр атам да қуансын,
Пейіштен көріп төбенді.
Кезіккенде қос асыл,
Шаң қылушендер көлемді.
Мұра ғып кеттің біздерге,
Термелеп өрген өленді.

Домбыраң төгіп күйді де,
Қайғырғанда қарт Алтай,
Қалжырап басын иді ме.
Еміреніп қос Шіңгіл,
Хош деп апа сүйді ме.
Келмеске сіз кетті деп,
Үлінгір от боп күйді ме,
Жан апа, жақсы сырыңды,
Шежере ғып далаң түйді ме.

Айтыс десе, жан апа,
Өзін ең биік самғайтын,
Артың да тұлпар қалдыма,
Ізінді үзбей жалғайтын.

ЖАН СЫРЫМА СИҒЫЗЫП

Жан сырыма сыйғызып сені көптен,
Өлеңімді жан едім серік еткен.
Фаризандай бір жырлап кетейінші,
Алмағайып заманды кері кеткен.
Төрткүл дүние, сен тұрсың маңғзданып,
Құпияны жиғандай төңіректен.
Сенімімді жіберді-ау сетінетіп.
Толғандырған бір қиял мені көптен

БҰЛАҢ ДҮНИЕ

Алғанымен тынымсыз нысанаға,
Сенен тірлік еріксіз күш ала ма.
Бәрін бір сәт ұмытып тіршілік деп,
Көнесің-ау жайлаған құсаға да.

Жойырлықпен түседі жолың маған,
Бұғауыңа демейін бағынбағам.
Көндігермін бәріне ақырындап,
Бұлаң дүние, сырыңа арындаған.

Ертеңімнен байқалса жабыққан мұң,
Ел мен бірге көп жылап қамыққанмын.
Механатын кештірген шексіз тірлік,
Әр күніңді санаумен тарыққанмын.

ҰЛЫ ЕЛІММЕН МАҚТАНАМЫН

Армысың, ардақты елім, алты алашым,
Жырлаған ақының ем жұрт анасын.
Тарихтың тереңдегі сырын шертіп,
Таныған әлімсақтан дін саласын.
Биіктен керім дала нұрын шашып.

Түлеткен небір мықты сұңқар ақын.
Халқына рухани азық беріп,
Ақсатпай алға сүйрер жыр санатын.
Қазақтың қасиетті дәстүрі көп.
Құс, салып ит жүгіртпін түлкі алатын.
Кеудемде жыр боп соққан арда еліме,
Кетейін бір толқытып жыр сабасын.
Қазақтың өр мінезді батырлар-ай
Сұлы беріп сүтпен бакқан тұлпар атын.
Иіліп сәлем салса кербез келін,
Қыздары есі кіре қымтанатын.
Намысты ұлтанды ұлттың ұрпағымын.
Жөні жоқ жүрегімді мұн шалатын.
Осындай ұлы елімен мақтанамын.
Жанымды жасығанда жылта алатын.

ҰРПАҒЫМА ӨНЕГЕ

Сөзімді ойлап оқы деме кесек,
Желкен де жел соканда кемеге сеп.
Біз айтқан жақсы сөзді болашақта,
Кемелді келер ұрпақ өнеге етпек.
Бірі боп кешегі өткен асылдардың,
Артыма қалдырайын өнеге тек.
Жақсы сөз жарым ырыс деген қазақ,
Орнаса жақсылыққа болама шек.
Ертістей толқып ақса есіл ойым
Күмәнсіз сөздерімді кемелді етет.
Ұрпағың ұлттыңды ойлап жалындаса,
Неге елім намысыңды төмендетет.



СЫРЛЫ КЕШ

Тербелгенде керім кештің гүл бағы,
Үнсіз жүрек тағы бір сәт жырлады.
Өлеңіме өң бергендей құлпырып,
Сырға толды сері өмірдің кырлары.

Қанатына қонып өлең құсымның,
Жыр кептерін биіктерге ұшырдым.
Саясынан қиялымның мен бүгін,
Шырын жырды тағы-тағы ұсындым.

Термесем де текті сөзді тереңнен,
Өр ойымнан отты жырды өрем мен.
Керім кештің құпиясын тағы бір,
Өрнектегім келіп отыр өлеңмен.

Керім кеш-ау, құпияға енемін,
Айтпасаң да құпияның дерегін.
Сені беттеп жазғанымда мен өлең,
Дүниенің тапқандаймын керегін.

Сырлы кеш, сығаладым сыртыңды,
Саған сыйлап бұлақ үнді күлкімді.
Көргенімде керім, сылқым бейненді,
Жүрегіме жыр боп ғана сыр тұңды.

ЖАСА ТІЛІМ

Қасиет пен арым жатыр бұл тілде,
Ұлт мүдесін сақта, сенде іркілме!
Жаса тілім ғасырменен мәңгі деп,
Үн қосамын жүректегі дүрсілге.

Тілім үшін назалымын, кектімін,
Ұлты үшін рухы биік тектімін.



Күнбез көкке желбіретіп көк туын,
Елім үшін руыхты болсын тек тілім.

Өз тілімен, асқақтасын өр үнім,
Сонда ғана жай табады көңілім.
Білесің бе қасиетті бұл тілде,
Үні жаттыр тау тағысы бөрінің.

Ел мерейі тілі барда еселі,
Тілің барда жатқа берме есені.
Қастерлеген осы менің тілім де,
Зары жатыр Елім-айдың кешегі.

Тіл деп шыққан тыңда, алашым, үнімді,
Күңгіріт туман орамасын тілінді.
Алты алашым тілеуіңді тілейін,
Қабыл болсын жұма күнің бүгінгі.

ЖАҚСЫЛАРЫМ ҚЫМБАТСЫЗДАР

Шерткелі жақсылықтың тылсым күйін,
Жаныма жақсылардың сырын түйдім.
Өмір мен өлеңімді егіз өріп,
Жақсыға ізгіліктің нұрын құйдым.

Жақсыдан жүрмесем де қанаттанып,
Келемін бәрін мен де қарап танып.
Жан сырын жақсылардың жанға түйіп,
Өмірге қанат қақтым талаптанып.

Бойымнан бар қазнам сарқылмасын,
Жанарым жақсылармен жарқылдасын.
Жақсының жақсылығын мақтан етем,
Кіргенше қара жерге алтын басым.

ТҰРАЛАНҒАН ТАҒДЫР

Тұрғанын -ай тағдырың тұраланып,
Қайтем жатса өмірге сына қағып.
Қолдан келсе бәрін де тезге салам,
Бірақ шамам келмейді-ау шыда, халық.

Шыда, жұртым, ыркына дүниенің,
Қамынды жеп мен-дағы күйінемін.
Мың құбылған заманнан жапа шегіп,
Мен де, халқым, мұнайып мүлиемін.

Қайтем сені жырламай нар жалған-ай,
Көне алмадық тәкәлпар талғамың-ай
Жаным жылап тамырда қаным ойнап,
Сан бөлініп санамның сандалғанай.

Бұл күнде жүр санамыз сан бөлініп,
Бақыт деген атар бәлкім таң көрініп,
Әттең, бірақ сол бір таң атқанынша,
Тамырымды жарады-ау қан желігіп.

ҮМІТКЕ ТАЛПЫНДЫМ

Өр үмітке талпынттың өмір мені,
Жан сырымды төктіріп көңілдегі.
Қалықтайын бұла жыр биігіңе,
Жақсылықты сыйласаң өмірдегі.

Жақсы өмірдің жаршысын іздеген мен,
Жаз өткізіп жолықтым күзге де мен.
Жүрегімнің әр сырын түсіндірдім,
Аппақ жарма секілді ізгі өлеңмен.

Кірпігімді қарайын қадап тауға,
Тасты басып шын мықты тау асқан ба.

Жанар тауын жүректің шашыратам,
Төндірмесе түнегін қара аспан да.

Өлеңі мен қыз едім ок суырған,
Көрініп жақсылардың достығына.
Өмірмен бір күн мен де қоштасам ба,
Көрінбей поэзия шоқтығынан.

Білемін кей ісіңе шамам барын,
Тамырда тулағанда адал қаным.
Сенделіп көшіңе еріп жүре берем,
Тағатпен таусылғанша амалдарым.

ЖЫР ЕСКЕГІ

Жүрегімде жырым жатыр тіл катып,
Көңіл айдын жыр ескегін ырғатып.
Шалқарына шабытпенен шакырса,
Шын ақынға мұңның өзі бір бақыт.

Көңілімнің тасқын атып сырлары,
Тағы бір сәт жан- дүнием жырлады,
Жүрегімнен өлең болып төгіліп,
Әз жанымның жадырады гүл бағы.

Сыр іздедім тұңғыық пен тереңнен,
Бір қуаныш,бір мұңыммен келем мен.
Өмірімнің ақ айдынын шалқытым,
Кейде жазған шабытанып өлеңмен.

Тылсым өмір мен тапасын дерегін,
Талаптанып жыр жазумен келемін.
Тағдыр маған енші етіп сыйлаған ,
Бой тұмарым менің мына өлеңім.

Көңілден туын тігіп шатығының,
Алдымнан жарқырайды сәтті күнім.
Қазақтай киелі елдің ұланымын,
Жоғалтпай мұра етер салт білімін.
Жырлармын мен өзінді, арда елім,
Сөнбесе жанартауы от тілімнің.
Кешегі Фаризандай поэзия,
Бір гүлі бола алам ба шоктығының.
Әз халқым, жүрегіңнен орын берші,
Бес күндік үзілгенше ақтық үнім,
Біздердей мұнынды айтар ақын барда,
Арда елім, босамасын бақ тұғырың.
Сен сенетін нар тұлғаң болсам да,
Сенім атты аркама батты жүгің.

АРМАН

Түн тып-тыныш ақ ұлаа қар жауғанда,
Жетелейді мені сезім арманға.
Өтер бір сәт өміріме мұң сыйлап,
Сәтсіздігін ойландырып жалғанда.

Сөндірмейін сезімімді гүлдеген,
Жылулығын жүрегімнен іздеген.
Сан кедергі кезіксе де өмірде,
Арман, сенен күдерімді үзбегем.

Мұнар күннің мұңын кештім сарғайып,
Сезім отын тек өшіріп алмайық.
Алаулаған ақ таңдағы арманмен,
Сағыныштың сазын кешіп жалғайық.

Қолын бұлғап анау мұнар қырлардан,
Арманымның жауказыны бұр жарған.



Селт еткізіп сезімімді оятып,
Қиялымды алға тартып тұрды арман.

Бір сәт сезім ерік бермей бұлқынды,
Жүрегіме өшпес мәңгі сыр тұнды.
Көңілімнен бір керуен жөнкіліп,
Ұрлағандай түнгі тәті ұйқымды.

ДАРИЯ КӨҢІЛ

Дария көңіл маған тау,
Болмасын дейтін жаған жау.
Арменен басам арманды,
Қарттарым жүрсе аман-сау.

Тірліктен татқан кермегі,
Өмірі қандай ормелі,
Жазылған біздің жүрекке,
Тарихтың қарттар керуені.

Қүдіретіндей ғаламның,
Тәуба етем, абызым, саған мын.
Қарттарым, аман жүріңдер,
Дархан көңілі даламның.

Кереге жайған өрісін,
Жайсаңдармен бөлістім,
Қарттарым, аман жүріңдер,
Береке қылған ел ішін.

Ертеңімді еселер,
Ақ жаулықты шешелер.
Бұрқырап буы жалғасын,
Сіз шай құйған кеселер.



Толағайдай бар күшін,
Қастерлеген арды шын.
Аман да есен болындар,
Дария-кеуде, Тау-мүсін.

Сан қилы заман көргенсің,
Бейнеттің ашып пердесің.
Ұланғайыр даланың,
Киесі енді сандерсің.

Қартарым аман болсыншы!

ХУАТ ПЕН ТОЛҚЫННЫҢ АЙТЫСЫ

Хуат:

Сол кешегі көңілді қайда шағым,
Не бір өткен күндерді ойға салдың.
Көкжиектен күн көзін жымитқанда,
Алабұртып ойнайды сайда сағым.

Толқын:

Мөлдір көз ақ жүзіңе жарасқан ба,
Ақындық шабыт құсың жол ашқанда.
Мақпал тұн ақ таңыма ауысқанда,
Кірпігім кірпігіңе қауышқанда.
Сабырын акын жігіт тауысқанда,
Өзіне, Арқа қызы, хат жазамын.
Ұсынып апарып бер, - деп Сауысқанға.

Сауысқан ақылды құс, ақ сөйлеші,
Арудың бір қуансын пәк денесі.
Өткен ғұмыр қайтадан оралмайды,
Қу қыздың сық - сық күліп жатты елесі.

Хуат:

Өлеңінің қарашы тамашасын,
Жылдам өріп жырынды жарасасың.



Толқын ағам Мұқанша жыр арнаса,
Фариза боп Хуат та қала салсын.
Сауысқандай сақ құстан хат жолдасаң,
Жылы жүзбен Арқа қызы ала салсын.
Ақын жігіт сабырын тауысса да,
Ағармасын оған менің қара шапым.

Толқын:

Мұқана Фариза жан қарамаған,
Мұқаң оған жүрегін жаралаған.
Бұл өмірден өткенде қайран ақын,
Фариза оны іздеп таба алмаған.

Кісілер ғой амал не тамаша ұлы,
Бірегей тұлға болып жаратылды.
Фаризадай Мұқанды алдап кетпей,
Болсаң екен мейрімнің жаңа түрі.

Фариза қыз жігітке қатал болған,
Қаталдығы одаққа мақал болған.
Бірақ сенің Хуат қыз пиғылыңа,
Шал да ғашық болады сақал қойған.

Хуат:

Сол бір сикыр басымнан өте ме деп,
Фаризаны мақал қып кетем өрлеп.
Пиғылымды жұп жұмсақ біліп алып,
Шал-нал алып қорқамын кете ме деп.

Толқын:

Шал жақсы ғой олардан айласы үстем,
Жортуылдап тау асып сайға түскен.
Белі мықты бесті айғыр секілді ғой,
Асығыста бір астау айран ішкен.

Қызға лайық емес қой сөк ішкендер,
Капустаны борш қып көже ішкендер.

Қозғалмайтын жігітке жуығанша,
Шалға қарай қиылып өрістендер.

Кәрі білет алдымен махаббатты,
Келішегіне жасайды шапағатты.
Өмір көрген шалдарым аман болсын,
Әрі жұмсақ денесі, әрі қатты.

Хуат:

Не айтсам да айламен алдан шығат,
Жүрегіне жағып ап шамнан шырақ.
Бұрынғылар осы тегін айтпаған-ау,
Не шықса да дегенді шалдан шығат.

Толқын:

Не шықса да көп көрген шалдан шығат,
Өте орынды, Хуатжан, мынау сұрақ.
Алпыстағы шалдардың рухы зор,
Кемпірлері жүр әне әзер шыдап.

Өлеңіңіз, Хуатжан, толқындатар,
Шал жүрегін жастығың солқылдатар.
Сіңірленген шалдардың қиесіне,
Жақтырғанда жас келіншек балқып жатар.

Хуат:

Күйсіз өмір жабығып кетеді деп,
Ескілерден елесті ертегі көп.
Жақындайсың қутындап шалды мақтап,
Қызық дәурен басыңнан өтеді деп.

Тарта бердін мені бүгін қасыңызға,
Алпыс асқан қарамай жасыңызға.
Дәметтіріп шалдарды не қыламын,
Жігіт зәру боп жүргенде басымызға.

*Таңжарық Әдебиет Айдыны.
2024 жыл 29 наурыз*

Ағасы:

Отырмын толғауыңа көңілім толып,
Оқыдым мысалы бір Шәміл болып.
Қыздардан дос таба алмай дегеніңе,
Қымбат қыз, түсінбедім, бұл не жорық?

Қарындасы:

Тергеп тектеп демейін мазаладың,
Жүрегіндей қыз едім әз ананың.
Бойда қаным тұрғанда текті тілім,
Бәрін жыр ғып, ағам-ау, жаза аламын.

Ағасы:

Қаламың мұқалмасын, қарындасым,
Шабытың тау суындай арындасын.
Кейде еске ап қоямын жұмбақ қызды,
Қуанбек пен Болатбектің «Жыр Тұнбасын».

Қарындасы:

Көңілімнен бұлт аунап жылады күз,
Сіз бен біздер бір туар зиялымыз.
Иа, аға, шынымен көркейтіп ек,
Жыр тұнбадай шап - шағын ұяны біз.

Көңілінен, ағам-ау, гүл көктеген,
Қарындас деп тіл қаттың құрметпенен.
Өзіңіздей ағаның ақ тілегін,
Ақ жүрегім ешқашан кірлетпеген!

Ағасы:

Шеберсің көркем сөзден жыр есуге,
Дарын бұл Алла берген бір несібе.
Ақынсың сөзге жүйрік жарап жүрген,
Айтыстың екі ескегін бір есуге.
Әрі әнші, әрі ақын мына қызға,
Жарасам игі еді ілесуге.

Тарастық футбол көріп көршілермен,
Үлгермедім пікірмен бөлісуге.
Өмірде де жазар, бәлкім, көрісуге,
Ал әзірше,
Хабарласып тұралық желі ішінде.

Қарындасы:

Орнағанда жақсылық іргесіне,
Кім көсіле шаппайды бір көсіле.
Қос кітабым, ағатай, шығып жатыр,
Бұйырса шақырамын жыр кешіме.

Қара кызы ем қаршадай қара шалдың,
Теріс тектеп орныма таласар кім.
Тентек ойым тебіндеп тұрған шақта,
Әлі талай жүйіріктей таң асармын.

**ЕКІ АҚЫННЫҢ АЙТЫСЫ ЖӘНЕ АЙТЫС
ТУРАЛЫ АЗ ТҮСІНІК**

«Талантқа тағзым» әдебиет - өнер ұжымында Құрбан айт мерекесіне орай бірінші күні (20.07.2021ж Сейсенбі) топ ортасына түрлі құттықтау жылы лебіздер мен ән - күйлер, өлең - жырлар толассыз түсіп, әзіл – қалжыңдар болып жатты. Бір уақытта ортамызға жаңадан қосылған Хуат Иркiтханқызы ақын қарындасымыз "Әбдірахман ағадан бір ән сұраймын" деп жолдап қойды. Мен таксиде жолаушы кетіп бара жатқандықтан жөнiмдi айтып, ретi келгенде әнiмдi тiке орындап беретiнiмдi айтып уәде бердiм. "Айтылған сөз атылған оқ" дегендей ертесi яғни кеше кештiң бiр орайлы сәтiнде Хуат қыздың сол сөзiн қоршауға ала отырып, екi әнiмдi тiке орындап бердiм. Менiң әнiм ортаға түсiп болғанша Хуат ақын қыз:

"Мен едiм ән ырғаған тал шыбығын,
Салайын тамылжытып қайсы бiрiн.

Сері аға - ау, онда кане жіберсенші,

Сағынып отыр едім ән сыбдырын", - деп төгіп жіберді. Сол аралықта ән ортаға түсіп, тыңдап үлгіргендерден қошметтер болып жатты... Бұның бәрін көріп, бақылап отырған қырағы көзді, ортамыздың ең белсенді серісі, таланты ақынымыз, жауапты хатшымыз Қуаныш Мансұрұлы делебесі қозып:

"Берейік сәлем, Қымбат қыз,

Өнерді жүрміз шыңдап біз.

Бір ауыз сөзің арқылы,

Әбе ағаң әнін тыңдаппыз", - деп Хуатқа қайтарма өлең жіберді. Осы сәтті орай деп білдім де, "Қуаныш пен Хуат айтысатын сияқты" деп, "пас" беріп ортаға әдейі жазып жібердім. Сонымен расында өлең десе ішкен асын ұмытып кететін ақындарымыз аяқ асты айтысты бастап, кештің көркін қыздырып, мерекенің мерейін асырып, қызықты да, қызулы, екпінді де, ершімді айтыс жасап көпшіліктің көңілін көтерді... Тарамайтын той жоқ қой... Не керек, сонымен кеште батып, кешкі тірлік, үйдің шаруасы, шақырған қонаққа бару деген сияқты нақты істермен айтысымыз мәресіне жетіп, сәтті аяқтады. Құрбан айт мерекесіне орай айтыс жасап берген қос ақынымызға рахмет айтамыз, өнердің өрінде, көңілдердің төрінде жүріңдер деген ізгі тілегімізді білдіре отырып айтысты жинақтап көпшілікке ұсынамыз.

*«Талантқа тағзым» ұжымы атынан айтысты
реттеп ұсынған топ жетекшісі: Әбдірахман Әріпұлы
22.07.2021ж (Бейсенбі)*



ҚУАНЫШ МАНСҰРҰЛЫ МЕН ХУАТ ИРКІТХАНҚЫЗЫНЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ АЙТЫСЫ

Хуат Иркiтханқызы:

Мен едiм ән ырғаған тал шыбығың,
Салайын тамылжытып қайсы бiрiн .
Серi аға - ау, онда кане жiберсеңшi,
Сағынып отыр едiм ән сыбдырын.

Қуаныш Мансұрұлы:

Берейiк сәлем, Қымбат қыз!
Өнердi жүрмiз шындап бiз.
Бiр ауыз сөзiң арқылы,
Әбе ағаң әнiн тыңдаппыз.

Сөзiң маржан тiзiлген, жырың жаһұт,
Ән сап жатыр аға екең дүрiлдетiп.
Ән арналып, және де ән жазылып,
Қонды-ау, сiрә басыңа бүгiн бақыт.

Хуат Иркiтханқызы:

Агажан, рахмет тiлегiңе,
Алланың нұры жаусын жүрегiңе .
Сiз - бiз болып сыйластық арта берсiн ,
Фәнилик мына бес, күн тiрi өмiрде!

Қоңырқай ескен сынды күз әуенi,
Жақа ғана таныстық бiз әуелi .
Ағаңыздың байқадым мәрт екенiн,
Тыңдай, салып ән салған қыз әуенiн.

Мен едiм ел мақтаған аласа қыз,
Жасынан жаркылдаған тамаша қыз.
Қысылып қара сөзден жатырқамай,
Қасыңа өлеңменен жанасамыз.

Салайын тамылжытып ізгі үніме ,
Жармасты - ау мына жігіт тізгініме !
Ағаңыз расында ән арнаса,
Құлпырып қайта оралам қыз күніме!

Қуаныш Мансұрұлы:

Сен болсаң аласа қыз,
Сені көріп қуандық балаша біз.
Топқа келіп керемет әнге айналсаң,
Келетұғын қыздарға жол ашамыз.

Хуатпысың ақын қыз, Қымбатпысың,
Әйтеуір бір Әбе ағаның тулатты ішін.
Тізгініңнен ұстадым өлеңменен,
Әзіл жанды құрбыңмын тыңдап түсін.

Хуат Иркитханқызы:

Демеймін қиын сөзді ойландырдың,
Міне елді айтыс жасап айналдырдың.
Алдыңа түйдек-түйдек сөз тастайын ,
Шешуін шешер болсаң байлам жырдың.

Жақында ақын жігіт алшы басқан,
Өлеңін ақ жауындай тамшылатқан.
Өзіммен қатар шапсаң ризамын ,
Жек көрем жігіттерді қамшылатқан.

Ортаңды әлі талай нұр өтемін ,
Өзіңмен иықтасып бір өтемін .
Болатын сол қыздарға үлкен үлгі
Шәкірті мен емес пе Құрекеңнің!

Қуаныш Мансұрұлы:

Айналайын, Қымбатқыз,
Отырсың ба жыр тілеп?



Әніңді бізге тыңдатқыз,
Өленге қостым бір тілек.
Тамашалап біздерді,
Тобізымыз қалсын дүркіреп.
Ортаға жырды төгейін,
Ақжауындай сіркіреп.
Мынау қайтет дегізем,
Ақ дауылдай сілкілеп.
Аттаншы, құрбым, менімен,
«Талантта» бір түнеп...

Хуат Иркітханқызы:

Ойбай - ау, қандай еді қиылғаның,
Кезінде кезікпепсің жиырманың.
Талай әнге өзінді қосар едім,
Амал не, ауыл алыс қиырдамын.
Дегенмен бір айтысып қалайыншы,
Әніңнің естіп біліп бұйырғанын.

Қуаныш Мансұрұлы:

Жалғап қуып келеміз дарын ізін,
Әндеріне куә боп серіміздің.
Сенің ғана ұзтазың емес шығар,
Үлгіміз ғой Құрекең бәріміздің.

Хуат Иркітханқызы:

Шабайын қара сөзге қалам салмай,
Көктеріп көктемдегі тарам талдай .
Орындап тілегінді қояйын да,
Жаныңда жарқылдайын жанартаудай!

Қуаныш Мансұрұлы:

Кезінде рас кездеспей жыйырманың,
Алыста боп, алтыным, бұйырмадың.
Жастық шаққа екеуміз қайта оралып,
Қайтарамыз есесін бйыыл, жаным.
Енді әніңді тыңдайын, әріптесім,
Аяқ жағын сөзіңнің түйіндегін.

Хуат Иркитханқызы:

Алдыңа түсер торды құрған жоқпын ,
Жасқанып жас баладан тұрған жоқпын .
Тек ғана шәкіртімін делім саған,
Үлгі берген ұлы тұлға Құрманбектің!

Жаман сөз жарамсыз қып айтпа деген,
Өсиетімді мәңгі есіне сақта деген.
Өзіндей өнерлі өрен кездескенде,
Қалықтат, қанатынан қақпа деген.

Қуаныш Мансұрұлы:

Өніңді айтқан тыңдадым,
Бойыңда бар-ау тың дарын.
Өзінді көріп, Қымбат қыз,
Жігерімді шыңдадым.
Онашада өзіңе
Кезігер ме едім тунжарым.
Жүрегіңді жырмен тулатып,
Сезімнің жұтып мың - балын.

Хуат Иркитханқызы:

Дейсің бе әнге салдың сіз әдемі,
Оқыған дарынды емес біз әуелі.
Қуаныш – ау, жүрегіңді дір еткізген,
Арқаның білмейсің бе қызы әдемі!

Қуаныш Мансұрұлы:

Алдан атса күлім деп құба таңым,
Ойдан жырды ортаға құлатармын.
Жұғар ма екен азырақ кие маған,
Әуеніне салайын Құратамның.

Ізін жалғап келеміз жырлап бүгін,
Қара өлеңім емес пе мұра тегін.
Өлең десе кетемін елендеп мен,
Шырқаймыз ғой жалықбай мұрат әнін.



Ортаға кеп акын қыз Хуат бүгін,
Сені көрсем ойымнан туат жырым.
Әзілге де жүріп тұр, өлеңге де,
Секілдісің жайдарлы шуақты күн.

Өлең жазып, ортаға әнді шырқап,
Жырларыңды халқыма суат қылдың.
Ойнап, күліп жүре бер әзілдесіп,
Алыстасың қайтейін бірақ, құрбым.
Көрейін деп қайырып осы өлеңмен,
Жыр шалмасын өзіңе лақтырдым....

Хуат Иркітханқызы:

Сөзінде тас бұлақтың тұнығы бар,
Ойыңда сап алтынның сынығы бар .
Әнімнің әсеріне әуен қосып,
Сен де, әріптес, мен құсап шынығып ал.

Қуаныш Мансұрұлы:

Бүгін ұлық Құрбан айт мерекеміз,
Таркамасын мынау топ берекеміз.
Мереке де осындай айтыс жасап,
Ортамызды қыздырдык сен екеуіміз.

Болмасаң да, Қымбат қыз, еркем менің,
Өлең жазып азырақ өртендірдің.
Өлең жазып, ән айтып мынау топта,
Өнерінді өзіңе өлшем қылдың.

Әбе ағанның келеміз бастауымен,
Біреуі боп жүре бер белсендінің.
Сен келгенде ортаға өлендетіп,
Жараспай ма осылай қалсам бір күн.



Хуат Иркiтханқызы:

Таңынды айтыс десе атырамын,
Таң түгiл күнiндi де батырамын.
Келсе-де қырық жiгiт қатарыма,
Иркiлмей сөздiң дауын сапырамын.

Сөзiң бар таптұйнақтай тiзбек - тiзбек,
Жаксыдан жарамайды күдер үзбек.
Қос ақыны Алтайдың жабылғаны -ай,
Келгенiмде ортана өлең iздеп.

Қуаныш Мансұрұлы:

Мын -ау айтыс кетпейдi -ау естен бүгiн,
Бұл ортаға жосылып көшкен жырым.
Өзiндей бiр жолығып ақын ару,
Болып отыр көңiлiм көктем бүгiн.
Менiң естiп бүгiнгi өлеңiмдi,
Есiне де түсер - ау өткен күнiң.
Қырық жiгiт келсе де деп қоясың,
Ол азырақ Қымбат қыз бөскендiгiң.
Сенi сыйлап отыр ғой бұл жiгiттер,
Көрсеткен жоқ әлi де өктемдiгiн.
Екi ақын қаптады деп қоясың,
Бар ма бiзге айтылар өкпең бүгiн.

Хуат Иркiтханқызы:

Ән салдың қазақ елi көлемiнде,
Жаксылар дән риза өнерiне.
Кешегi Бiржан салдың жұрнағындай,
Аспанда күс айналған өлеңiне.

Келгенде Хуат қыздай көктем күлiп,
Ұмтылып қалғанын - ай өктем жiгiт.
Сөйлейсiз жылы шырай сiз танытып,
Қалған - ау жүрек түгiл өкпең жiбiп!

Қуаныш Мансұрұлы:

Кең даласын қазақтың аралармын,
Ойдан шығып жатқанда тарап әнім.
Мынау жұртты бүгін күн елеңдетіп,
Өлең жырдың қағайын барабанын.
Қымбат сынды ақынды қатарыма ап,
Өлең - жырдың отына оранармын.
Сал Біржандай мен келсем дүрілдетіп,
Кеп отыр ма сен өзін Сара болғың .
Батырдық - ау өлеңмен кешті бүгін,
Ой, өріңде жетіліп өсті күнің.
Сен келді деп ортаға ақын ару,
Шашу қылып өлеңін шашты құрбың.

Біраз жерге айтысты сүйредіңіз,
Міне осылай майданды үйреніңіз.
Жүрек, өкпе, кеуде де бәрі жылып,
Жыбырлап та жатыр ғой бүйрегіміз..
Мен өзіңе, Қымбат қыз, әзіл айтам,
Кет демесе болғаны үйдегіңіз.
Қажетіңе жараймын бозбаладай,
Келіп тұр ғой бәріне күйлеріміз.

Хуат Иркітханқызы:

Бола қалсаң қасымда қарасам - ай,
Жақын келсең қасыңа жарасам - ай.
Біржан салдай атқа қон Арқаға тарт,
Жиенкұлдың күтейін Сарасындай.

Қуаныш Мансұрұлы:

Дайын едік қай кезде жырламаққа,
Айтыс деген біз едік мінген атқа.
Енді осымен тоқтайын кешіріңдер,
Барушы едік бүгін кеш бір қонаққа...

Әр күн сауық, әр жерде құратын ек,
Өлең іште айтбасақ тұратын ед.



Бір желпініп қалдым ғой өлең айтып,
Хуат қызға айтайын рахмет!

Хуат-Иркiтханқызы:

Көңілім даусынды естіп ала қызды - ай,
Жақындатып асыл жыр арамызды - ай
Жырлап өтем іздерін асылдардың ,
Болмасам да, Қуаныш, Сара қыздай....

Қуаныш Мансұрұлы:

Жайдың - ау көңіліңнің көк кілемін,
Бір дір етіп қалғаны - ай ет жүрегім.
Сара қыздың жол тартқан ізіменен,
Мен сені осал емес деп білемін.
Айтам алғыс, ақын қыз, енді өзіңе,
Көрінесің біреуі тектілердің.

Хуат Иркiтханқызы:

Арқамен сіздің ауыл екі арасы,
Екі елдің секілді екен шекарасы.
Қалайық кешіріңдер артық кетсек,
Тыңдамас ақындардың сөз таласы!
Қуаныш, жырың неткен өктем еді,
Бірі үстем біреуінен боп келеді .
Рахмет сізге де ризамын,
Алдында ағат кетсем сөкпе мені!
Арнадың Қымбатдайын досыңа өлең ,
Көңілдің қабыл алдым хошыменен .
Халайық, көріскенше аман - сау бол,
Тартайын жыр тізгінін осыменен.

Айтыстың соңы.

21.07 2021ж (Сәрсенбі кеш)

*Хуат Иркiтбайқызы - Қарағанды қаласы ,
Қуаныш Мансұрұлы - Шығыс Қазақстан, Үржар
ауданы*

МАШАН БАТЫР
(Дастан)

ӘЛҚИССА

Машан батыр туралы жазайын деп ,
Қаламды қару етіп алайын тек.
Батырдың батырлығын тыңда,халық ,
Толғанған жаудан кекті алайын деп.

Жаратқан бір Алланың құлы менмін,
Ер Машан бабам жортқан ұлы жердің.
Қаным қазақ болғанда, тегім-Түрік,
Айбынды хандық құрған ұлы елмін.

Күші ерен қайтпас мінез,батыр тұлға,
Құдайым қуат берген батыл ұлға .
Ерлігін ерен ұлдың танытқалы ,
Мен кезекті берейін өлең-жырға.

Ер Машан есілдердің бірі едің,
Керейдей атың шыққан ірі елдің.
Жазуға дастаныңды қолына алған ,
Асылдардың жарқ еткен сынығы едім.

Дариға-ай, сізден де өтті -ау мына заман,
Асылды өзіңіздей қайдан табам?!
Алты алашты қорғадың қазақ болып,
Бірлік туының астында еліңді аман.

Ізінді іздеп Сарыарқа төрлерінен.
Бой көрсеттім Ұлытау белдерінен.
Алқакөл сұламаның заманында ,
Арпалыстың ащы өмір кермегімен.

Сырдың сені іздедім жайлауынан,

Жорық қылған кең дала бойларынан .
Ұлан-ғайыр даладан тарих шолып,
Машан таудың іздедім қойнауынан.

Садағы досқа емес жатқа атылған ,
Батырсың өр мінезді басқа тұлған.
Әз баба, қыз болсам да қалам алып,
Өзіндей сөз қозғадым хас батырдан.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

Хас батыр, жаста болса кемелі нар.
Архивтік ақпараттың берері дәл.
Машанның ұлары көп Ұлытаудың,
Тумасы деген тарих дерегі бар.

Әкесі Арық батыр, өрісті орман,
Тұлғалы сұлулықпен көрік конған.
Машанды босанарда асыл жары,
Мыңбикеш ұлар етіне жерік болған.

Жеріктік - қасиеттің бас тамағы,
Ой-өріс осы дәмнен басталады.
Жарының ойын сезген Арық батыр,
Ұларлы Ұлытауға аттанады.

Арекең садақ десе анық мерген,
Аңшылық өнері де дамып келген.
Ұлытау шатқалында үш күн жүріп,
Үйіне екі ұларын алып келген.

Үйіне жетеді үсті қырау шалып,
Жерік ас бермей жанды сынау ғаріп.
Ұлардың бірін асып отырғанда,
Бір қонақ келді олжаға сұрау салып.



Арықбай нағыз жомарт, төре ме екен,
Мәрттігі көпшілікке өнеге екен.
Ер олжа, әйел қалжа ортақ қой деп,
Ұлардың біреуін ал деген екен.

Бұл аңыз көпшілікке тарап кеткен,
Алғыс пен келіп жатты мадақ көптен.
Сонда бір кейуана көріпкел кеп,
Тағдырға жерік асты балап кеткен.

Қос ұлар, қос бауыр ұл жүрек дейді,
Бірі оның елі үшін тірек дейді.
Ал енді, екіншісі олжа алғандай,
Осылай жұрт еншісінде жүред дейді.

Міне ойы көріпкелдің дәл келгендей,
Палуан болды Машан да нарлы емгендей.
Аң атып, саятшылық құрған екен
Әкесі Арық сынды әз мергендей.

Әкесі ұстазы оның басыбайлы,
Қаншалық діндар болсын тасымайды.
Осынша үлгі, тәлім ала жүріп,
Хас батыр бүкіл елін асырайды.

Ер Машан он үш жасқа келгенінде,
Осылай танылыпты елге міне.
Анасымен нағашыма барамын деп,
Ат басын бұрған екен ілгеріде.

Батырлық мергендікпен қатар ұғым.
Оншалық қажет етпес аса білім.
Бір күні садақ беріп тиін ат деп,
Сынады ұстаз әке Машан ұлын

Аралап Машан кетті алып белді.
Бағытты ну тоғайға салып көрді,

Екі күн жүріп аса шеберлікпен.
Отыздай, тиін атып алып келді.

Сезді әке қолдады деп сиынғанын,
Ұлына мергендіктің бұйырғанын.
Терісің илеп жатып: «Нағашыңа
Сыйға бер», - деді атқан тиіндарын.

Сәлем беріп нағашыма қайтайын деп,
Бел буды әкесіне айтайын деп.
Бұл сөзін баласының күп көреді,
Қайтармай меселін бір байқайын деп.

Әке де қайтармады бала тілін,
Қорғаны болсын деді анасының.
Жанына бір ат қосшы қосып беріп,
Қағуын тіледі әке қанатының.

Осымен ана, бала аттаныпты,
Жас Машан садақ атып баптаныпты.
Жиенге нағашыдан бата тілеп,
Қуанып ана көңілі шаттаныпты.

Сар жазық ұланғайыр даласымен,
Сылаңдап аққан Сырдын сағасымен.
Жас Машан нағашылап келе жатыр,
Төркіндеп қайтпақ болған анасымен.

Анамен бала асығып келеді тек,
Туысты сағынысқан көремін деп.
Бір қойшы «сүйіншілеп» тартты ауылға,
«Жас Машан жиендерің келеді», - деп.

Көңілі нағашының бай келеді,
Ақылына дәулеті сай келеді.
Қуанып сүйіншінді ал деп ата,
Жылқыдан қысыр емген тай береді.

Жаздың бір самал ескен даласымен,
Жағалай Қалба өзеннің жағасымен.
Нағашы ауылына Машан жетті.
Аяулы Мыңбикештей анасымен.

Ел қонған төржайлауға бие байлап,
Төркінге қыз келді деп жатыр тойлап.
Ағайын арқа-жарқа амандасып,
Жастары тамылжытып салды ойнақ.

Жер-ана гүлдей жайнап атырабы,
Таң атса тоймен кешті батырады.
Машанды сынамақ боп нағашысы,
Ойнап жүрген жерінен шақырады.

Бәріне бәйге тігіп үлестірді,
Қызықпен тағы міне күн кешкірді.
Шақырып ауылдағы бар баланы,
Машанмен жекпе-жек қып күрестірді.

Жиенді нағашы жұрт сынап тұрды,
Кей бала батылы бармай жылап тұрды.
Белдескен үлкен-кіші балаларды,
Қырқай шалып барлығын лактырды.

Жиенім өзі балуан, қарымды деп,
Байқаймын мына бала дарынды деп.
Ойланды нағашы ата ұзақ тұрып,
Берейін саған балам барымды деп.

Жиеннің мергендігін сезген ата,
Әр оғың кетпесін деп төрден таса.
Жебең жерге түспейтін батыр бол деп,
Тұлпар сыйлап батасын берген ата.

Ақ батасы атаның қолдады ма,
Әлде Алла сәттілік жолдады ма?!



Жолы болып батырдың әрқашанда,
Тап келетін жеңіс пен олжалыға.

Баланың ерлігіне пай-пайлады,
Осындай ұлан асыр той тойлады.
Осы елге аты әйгілі Тортөбелді,
Жиенге мінгізем деп айқайлады.

Тортөбел тай күнінен болған жүйрік,
Жиенге тарту етті ел жиылып.
Батырдың жауға салар қазанаты,
Тағдырдан болжамаған бұл бір бұйрық.

Сыландап аққан Сырдың сағасымен,
Қоштасты бала батыр нағашымен.
Сағынып ел-жұртына қайтпақ болды,
Төркіндеп бірге келген анасымен.

Жас Машан мауқын басып нағашыда,
Қайтуға белін буды анасы да.
Көңілі баяғыдай келе жатты,
Сылқылдап Сырдың сұлу даласында.

Атқосшыдан оза шапты жалғыз өзі,
Сақталған қорамсақта садақ жезі.
Қаперсіз келе жатқан жас баланың,
Алыстан қарақшыны шалды көзі.

Жас Машан өз күшіне сенеді тек,
Ұмтылып алға қарай желеді тек.
Ескертті анасына бала ақырын,
Алдында неше атты адам келеді деп.

Ана айтты тау бөктерлеп асайық деп,
Бір айла балам енді жасайық деп.
Осы маңда қарақшы көп деуші еді,
Жан пида кеттік балам қашайық деп.

Анасы алаңдады жас бала деп,
Кетесің жау қолында қаш бала деп.
Садақпен дәл көздеймін атсам егер,
Қорықпа ештемеден саспа ана деп.

Желе есіп шыққан жаулар айдарынан,
Сескеніп жас баланың айбарынан.
Садақпен қарақшының атын атып,
Аударды бәрін мінген жайларынан.

Жас Машан қырағы еді өте мерген,
Бұзықтың бәрін жайпап төте келген.
Қарақшының астындағы атын атып,
Өлтірмей обалсынып кете берген.

Тисін деп қашанда бір елге пайдам,
Кем түспей Кер құлалы Кендебайдан.
Ерлігін он үш жаста әйгіліетіп,
Қанатын батыр Машан кенге жайған.

Осылай жас ерлігі болды тәмам,
Басынан сан бір қилы өтті заман.
Керімдей кең далада ерлік жасап,
Оралды ел-жұртына есен-аман.

Өшірмей отын жағып нар үміттің,
Сағынбас баба жолын зарығып кім?!
Өз баба өткен өмір майдандарың,
Астарын айқындап тұр тарихтың.

БАРЫМТА

Бойына ізгіліктің нұры қонған,
Апайтөс, сом білекті ірі болған.
Қазақтың ұлан-ғайыр даласына,
Орнатқан берекемен ұлы қорған.



Ұйытқысын ыдыратпай ел мен жердің,
Кашанда ел есінде кемеңгерің.
Қорғаған жауға елін тастамай бір,
Бұл-дағы батырлығы ерен ердің.

Осы хат сақталыпты әлимсақтан ,
Ел ұйқыда, түн ортасы ауған шақта.
Ойрандап ел іргесін барымталап,
Жоңғарлар қолын жинап қоныпты атқа.

Бұл істі батыр Машан кеш біледі,
Ауылдың атқа мінді естілері.
-Жау шапты ауылды! - деген дауыс,
Батырдың құлағына естіледі.

Тек жатқан жұртты келіп итше талап,
Жатыр екен бейкүнә жұртты қанап.
Ойран сап түн ортасы ауған шақта,
Жылқыларды әкетіпті барымталап.

Намысты бермейін деп енді қолдан ,
Ер Машан болайын деп елге қорған .
Садақпен жоңғарларды қырып - жойып,
Жылқыны қайтармақшы қолды болған.

Бұйыртқан мың бір байлық олжасына,
Шығады жауды қуып қыр басына.
Садақпен қырып жойды дұшпандарын,
Тыныштық бермей келген ордасына.

Жоңғардың белден бүктеп тыңшыларын ,
Қайтарды айдап кеткен жылқыларын.
Ерлікпен ел жұртына әйгілі етіп,
Мәрттікпен басқан екен бір құмарын.

Біз үшін батыр баба сұңғақ дарын,
Тарихтың әлде ақтарам мың қатпарын.



Өр баба бойындағы тектілікті,
Өзінше жалғар ма екен ұрпақтарын?!

Жиырмада ақылы асқан зерделі еді,
Сүйреген елі үшін өр кемені.
Бойындағы рухты тектілігі,
Машанға от жалындай дем береді.

Машанның бұл шайқаста аты қалды,
Қанша жау ерлігіне қапы қалды.
Жайратып садақпенен жоңғарларды,
Тарихта батыр баба аты қалды.

ҚАЛМАҚ ҚЫЗЫМЕН АЙҚАСЫ

Батырға бір Алланың бұйрығы көп,
Жүретін Тәңіріне сиынып тек.
Бойында өр Шағанның соғыс болып,
Қалың қол сай-саладан құйылды кеп.

Жаулаған құлағыңды боздаған үн,
Көңілдің кошын тағы қозғаған үн.
Жау торлап жабырқатып тұрғанын-ай,
Шайқалтып шаңырағын боз даланың.

Соғыстан хас батырлар бас тартпапты,
Қалмақ та өз тұсында асқақтапты.
Халқы үшін жан қиса да батырлары,
Жауына елмен жерін таптатпапты.

Шыңғыстау елге мекен арда белі,
Жайылған жұпар болып жалға желі.
Шұрайлы сол елімнің құт мекенін,
Тартысқа салмақ болған қалмақ елі.

Бұл шайқас ердің белін бекем етті,
Беделін батырлардың еселетті.
Машан батыр, Шакабай тектілерім,
Дәл осы қырлы өлкені мекен етті.

Бес қару жарқылдаған алдаспаны,
Жауынан батыр Машан бас тартпады.
Қалмаққа қарсы шапты ұран салып,
Хас тұлпар тықыршытып Торқасқаны.

Келді де қалмақтармен салды егеске,
Жалғады арпалыспен таңды кешке.
Боялып ат тобығы қызыл қанға,
Талай жан ажал құшты қанды егесте.

Маңайы сол Шағанның нар қамыстай,
Деп Машан бес қаруын қолға алыпты-ай.
Жайпады жау қалмақтың қанын шашып,
Айбарлы батыр тұлға жолбарыстай.

Хат алған кереғардың кептерінен,
Қайтпаған көк жалдарым беттерінен.
Шакабай, батыр Машан тізе қосып,
Қалмақты қойша қырды шеттерінен.

Қазақтай Алла қолдап ұлық нарды,
Жасытып жау қалмақты құрыққа алды.
Тау асып қашты қалмақ жан сауғалап,
Қалғанын қанын шашып қырып салды.

Сол сәтте тастағандай сырып белді,
Деп қалмақ өз ісіне ырық берді.
Шақырып жекпе-жекке батырларды,
Бір қалмақ тау тасалап кіріп келді.

Астында батыр Машан ақпа кері,
Бұл қандай ит қалмақтың асқақ ері.



Деп Машан ат үстінен арыстандай,
Қалмақтың батырына тап береді.

Ызалы кек үйіріліп қабағына,
Машанның көзі түсті жанарына.
Қылышын кері тартты сол сәттерде,
Тіреген өлтірмек боп тамағына.

Ер Машан сен айтулы батыр едің,
Сүйсініп бүгін саған жатыр елің.
Жебеңді кері тартпа шайқасамын,
Өмірден таусылғанша ақыр демім.

Білдірмей қыз қылығын керілмепті,
Дегендей дәмім бітер жерім жетті.
Қалмақтың қас сұлуы қарсыласта,
Машанға оңайлықпен берілмепті.

Қолды қыз болса да бұл қандай рух,
Қарады хас батырға түсі суып.
Өлтірмей қыз екенін танып Машан,
Алады алдына сап аттан жұлып.

Күдерді енді өмірден үзем деді,
Ұстаған ер қолынан қыз өлмеді.
Бел шешіп бес қаруын жерге тастап,
Машанның қыз алдына тізерледі.

Ел үшін кек қууға қалғаным жоқ,
Қызықты енді менің жалғаным жоқ.
Қолыңнан батыр Машан қаза тапсам,
Өкінер бұл жалғанда арманым жоқ.

Еңсесі түсіп кетті қалмақтардың,
Қазақта қыз да сезді аруақ барын.
Барар жер, басар тауым жоқ-ау енді,
Тастадың батыр Машан жалмап бәрін.

Сені аяп аспай қалды амалдарым,
Тектісің, бірі емесің жамандардың.
Бойыңдағы тектілік демеп сені,
Қолынан Машанның сен аман қалдың.

Осылай жалғастырдым арман жырды,
Ел-жұртын батыр Машан таң қалдырды.
Машанның жеңісіне жел желпініп,
Тас құлап, өзен тасып, тау жаңғырды.

Тарих дерек-сырды бізге атқарған,
Қазірде бүкіл әлем құлақ салған.
Қазаққа қыдыр қонған құт мекен бұл,
Қазағым тұрмыс құрып тұрақтаған,

Қой қоздап, жылқы ұстаған арда мекен,
Қыратын таптатпаған жанға бөтен,
Шыңғыртып жау жонғарды қырған қырат,
Бұл күнде Машантау боп қалған скен.

БҰЛАНТЫДАҒЫ ШАЙҚАС

Қозғады кең даласын Тұранның үн,
Шақырмас айқайменен ұранды кім.
Тағы да үлкен шайқас басталыпты,
Бауырында ойран салып Бұлантының.

Бұланты пана қылған қатпарынды,
Алдына жаудың қойып тосқауылды.
Асынып бес қаруын батыр Машан,
Жауыменен шайқасқалы атқа мінді.

Көшбасшы болған елге ақылымен,
Парасаты дуалы ауыз асыл дер ем.
Ертіс пен Қалба бойын сақтап келген,
Тізе қосып Ботақара батырменен.

Апайтөс батыр Машан бала жастан,
Буыны қатқан жасқа карамастан.
Иығына атан түйе жүгін артып,
Ат жалын жұлқып мініп садақ атқан.

Бір сойқан осы жерде болса керек,
Малға да әркез жайлы орта керек.
Бұлантының шұрайлы өлкесіне,
Жағалай қазақ елі қонса керек.

Көк орай жасыл аймақ асқаралы,
Шүйгін жер қоршалмаған тас қамалы.
Осындай салиқалы кең далада,
Қалмақ-қазақ ұрысы басталады.

Қазағым болады деп қашанғы құл,
Бір жағы біз, бір жақ жау тасада тұр.
Иесі қазақ ғана бұл жердің деп,
Қалмаққа қарсы келді Машан батыр.

Сақталған мәңгілік бір ел есінде,
Тұрсаң да мініп өмір кемесінде.
Айқасып жонғарлармен жеңіс алған,
Қан кешіп Бұлантының белесінде.

Рабдан да батыр еді күш сермеген,
Қазақсың сен недеген күш бермеген.
Қарманып қайта айналды қалмақ ері,
Қаныңды, қазақ, сенің ішсем деп ем.

Тенселтіп қалмақ келді Қаракерді,
Қозғады солқылдатып кара жерді.
-Шық Машан жекпе-жекке!, - деп Рабдандай,
Қалмақтың келді ортаға асқан ері.

Ер өлсе төрден елі қашар налып,
Батырлар сай тасындай қатарланып.

Қалмақтың сөзін естіп батыр Машан,
Асынды бес қаруын қаһарланып.

Астында нағыз тұлпар ақпа кері,
Машан да қазақтың өр асқақ ері.
Шақырған жекпе-жекке Рабданға,
Тайсалмай ат үстінде тап береді.

Ер Машан алға салып қара көкті,
Шайқасып жауыменен дара кетті.
Сілкісіп бір біріне есе бермей,
Егеспен үлкен ойран сала кетті.

Шайқастың төзген ерлер дауылына,
Қос батыр ат үстінде сабылуда.
Айқасып батыр Машан Рабданды,
Әкеліп аттың салды бауырына.

Болғандай ер Машанның бәсі қатты,
Қалмақтың қанын судай шашыратты.
Қылышын екі сермеп батыр Машан,
Жауының Рабдандай басын апты.

Бойында Бұлантының болған соғыс,
Қалмаққа ойран болды ұлы қоныс .
Қорғайтын қас жауымнан ел-жұртымды ,
Артылған мойыныма үлкен борыш .

Ешбір шек батырларға қойылмады,
Қанға батып кезеген сойылдары.
Кесілген Рабданның басын көріп ,
Жау қалмақ жеңілгенін мойындады.

Өтсе де неше ғасыр арадағы,
Тарихың сыр шертіп тұр даладағы.
Қазақтың шапқан дауыл екпініне,
Қалмақтар қарсыласып жарамады.

Дос болған нағыз ерлер ақылменен,
Өр баба текті туған асыл дер ем.
Тізе қосып шайқасқан бұл соғыста,
Жан досы Ботакара батырменен.

Айлалы батыр еді Ботакара,
Санқылдап сөйлеуші еді топ ортада.
Кезіккен қандай қиын кезендерде,
Достарын тастамаған жол ортаға.

Қорғаған ел мен жерді, жылға, жолды,
Өрісі мал, қамбасы пұлға толды.
Жас қайындай майыспас батыр Машан,
Жауынан елін қорғап тұлға болды.

Атадан артық туған керім ұлы,
Өзіне тән өр мінез серілігі.
Тарихта мәңгі өшпес із боп қалды,
Батырдың қайталанбас өр ерлігі.

ШАҒАН ШАЙҚАСЫ

Зер салсақ көне тарих ақпарына,
Шыңғыстау, Шаған өзен шатқалында.
Қалмақпенен қазақтың арасында,
Алапат ұрыс болған қас-қағымда.

Ел үшін есіл ерлер шыдайды шын,
Қолдаған батырлардың құдай ісін.
Шайқасқан ата жаумен асыл ерлер,
Халқының көрмейін деп мұң-қайғысын.

Тарихтан сыр шертіп тұр айтар әлі,
Сұм соғыс осы арада қайтalandы.
Айқаспай ата жаумен есіл ерлер,
Көңілі қалай ғана жай табады.



Маңайы сол Шағанның мәңгі көктем,
Өскен гүл айдарынан самал өпкен.
Алқакөл сұламаньң заманында,
Желі есіп кең өлкеңнен керуен көшкен

Абырой асқақтатса берекесін,
Көтерген қашан да ұлтым ер еркесін.
Шақабай, Ботақара, батыр Машан,
Бермеген жау қолына кең өлкесін.

Кетем деп сені казак ақыр жалмап,
Жауласып айналада жатыр қалмақ.
Бір ұлы Ботекеңнің ер Тыныбек,
Бар еді бұл соғыста батыр Бармақ.

Уақыт керуендей көшкен керім,
Сіміріп ауасымен ескен желін.
Айқасып қалмақпенен қан төгісіп,
Қорғаған аманаттап өскен жерін.

Сом білек, кең иықты, қарыс маңдай,
Жау десе аттанатын қалыс қалмай.
Қабанбай, Бөгенбай мен ер Жәнібек,
Жауына айбаттанды арыстандай.

Бұқарбай, Қожаберген ерендерің ,
Жауынан жасымаған кемеңгерің.
Байтайлақ, Жобалай мен Қаптағайлар ,
Бермеген жау қолына ел мен жерін.

Көтерген ел байрағын мәңгі жықпай,
Дес бермес келсе-дағы жау құрықтай.
Жауына жасағымен жан кештірді,
Қалыспай сол ерлерден ер Киікбай.

Машанның жас Жәнібек қасына ерді,
Өзіне үлгі тұтып асыл ерді.

Осындай өрен биік нар тұлғаны,
Тәнті қып көрсете ме ғасыр енді.

Қапыда кеттің кеше қайран батыр,
Айқасқан талай жаумен айлаң жатыр.
Сөзбен тек бірақ ауыз Бұқар жырау,
Айтатын хан алдында байламды ақыл.

Құтылмаған ерлер-ай шырғалаңнан,
Ел үшін жан пида деп қуған арман.
Тасасына тау-тастың жасырынып,
Жоңғардың жолын кескен сұр даладан.

Жайыңды кеше өткен сұрамадым,
Алалат соғысында сұламаның.
Жайратып жасағымен жоңғарларды,
Өзі куә болғандай бір Алланың.

Алланың да көзі түсер міні барға,
Қазақтың қиналмаған күні бар ма?!
Жаңылтып ұшқан құсты бағытынан,
Қосылды елім-айлап үні зарға.

Садағы ойқастайды қол ұшында,
Жасытып жауға салған торысында.
Дарабоз Қабанбайдай батырменен,
Бір болған Шаған таудын соғысында.

Тайсалмай Тоқтамыста жігер өсіп,
Жауының жас болса да жолын тосып.
Аттанған жас Тоқтамыс, Қозыке ерің,
Наурызбай, Барақтармен тізе қосып.

Тартысып талай ерлер тақымменен,
Жауының жолын кескен ақылменен.
Машанның қайсарлығын көріп елі
Ат берді «Нағыз қайтпас батыр» деген.

Осындай қанды кешкен қайран батыр,
Асырдың жоңғарлардан айлаңды ақыр.
Қазақтың ұлан-ғайыр даласында,
Жорыққа жортқан жолың сайрап жатыр.

Не деген рухың биік, бабам, сенің,
Көтерген бүгін міне балаңды елің.
Қан кешіп қан майданда елін үшін,
Қорғаған өр қазақтың тамам жерің.

Өмірге келмесең де сиып мүлдем,
Қашанда елі биік нықты ұлмен.
Ел үшін болайын деп кара лағың,
Бағырлар жанын өткен киып бірден.

Буып бір тас түйін ғып белін-берен,
Жүрегі бірге соққан еліменен.
Тек ғана халқым үшін деп аттанған,
Не деген бабалардың сенімі ерен.

Қазағым, өр намысың құламаған,
Ел едік жетімі де жыламаған.
Қорғаған елін кеше асыл ерлер,
Сонау өткен «Алқакөл сұламадан».

СОҢҒЫ ТҮЙІН

Болыпты аты шыққан Машан батыр,
Аңыз боп ел аузында келе жатыр.
Елі менен жері үшін жауға шауып,
Айласымен айбатты болған ақыл.

Елін қорғап кең жайын байтақ еткен,
Жігерімен қас жауын жайпап өткен.
Машанның ерлігінен тәлім алған,
Жау жүрек ұрпақтарын айта кетсем.

Ешбір жау кіргізбеген елге бөтен,
Ұлдары дәл өзіндей мерген екен.
Құдайдың берген бес қыз, он ұлынан,
Ұрпағы өркен жайып өрген екен.

Байжігіт, Шынқожасы ел қолдаған,
Көш бастар даналардан кем болмаған.
Жанжігіт, Айтуғаны, Жәнібектей,
Батырмен қатар жүріп ел қорғаған.

Иықты Бітібай мен Дәулеткелді,
Өзіндік сән беріпті сәулеттері.
Отаубай, Қаталбай мен Өтелбай бар,
Малқара тағы да бар әулеттері.

Орғаншы ұл, Бітібай мен Дәулеткелді,
Басқарған Ұлытаулық дәулетті елді.
Малқара, Отаубайдың зерделі ойы,
Ел жұрттың назарына сәулет берді.

Жанторы немересі ірі болған,
Алланың назарының нұры қонған.
Он екі Абақ, Көгедай хан тұсында,
Билік айтқан билердің бірі болған.

Жанторы баласы екен Жанжігіттің,
Белгісі текті болу арлылықтың.
Би болып Көгедайдың кезінде ол,
Кетіпті өзін Керейге танытып шын.

Ұрпақтың шығар биік шындары бір,
Тарихтан орын алған жырлары тұр.
Әке көрген оқ жонар деген сөзді,
Нық ұстанған Машанның ұлдары бұл.

Осындай ұрпақтары текті болған,
Бақыт қой бұл да сірә басқа қонған.



Жуанған, Ақыт қажы тектілерім,
Ел-жұртқа мейірімен бопты қорған.

Болса да зар заманда соры батпан,
Бел шешіп батыр бабам түспеді аттан.
Кешегі ерлігіңді жырға қосып,
Жеткізем ұрпақтарға қылып мақтан.

Тұрғанда көкіректе жырым керіп,
Тағдырыңды жырладым тілге сеніп.
Сан ғасыр өтсе-дағы заманыңнан,
Жырлатты тарихын сыры берік.

Тарихың тар заманда тас қамалың,
Шындықты неге айтпай жасқанамын.
Күніңді бастан кешкен естігенде,
Жазықсыз жанарымды жасқа малдым.

Тәңірім жол көрсетші дұрыс маған,
Жырласа қызыл тілім - қылыш та аман.
Алты Алаш азды-көпті мен жырладым,
Қойылар деп ойлаймын дұрыс баған.

Жырладым зар заманның құбылысын,
Тұрмаса да тарихты біліп ішім.
Кешегі ер Машанды жырға қостым,
Бірі білмей жүрсе егер бірі білсін.

Сенбесең тарих шолып ғасырдан біл,
Қалдырған қасқа жолда Қасымнан сыр.
Бабам үшін қаламды мен тербедім,
Кешегіден бұл қалған ашынған жыр.

Аруақты айналдым сіздей ерден,
Өміріңді қозғадым тың белеңнен.
Сіз қорғаған қазақтың кең даласы,
Мың ғасырлық азығың бізге берген.



Өр бабам-ай, ойлаған ертенімді,
Шашау қылмай жинаған селкеуімді.
Елің үшін жан қиған есілдерім,
Үрлетпеймін желге де желкенінді.

Кім білсін дүние қайда тұрақтарын,
Шешілмес білем бірақ сұрақ барын.
Назарбек айтқан аға дерегімен,
Дастан ғып баба ерлігін сыр ақтардым.

Шешеннің ойы тарих, тағдыры мұң,
Елі үшін батыр салған канды қырғын.
Батыр менен ақынның тағдыры бір,
Жеңіссіз алмайтұғын жан тынымын.

Тарихтан жолын көріп хатнаманың,
Жөн болар баба ізін сақтағаным.
Кешегі бабаларын жырға қосқан,
Сарқыты ем сахарада Сак бабаның.

Аккудай түлеп ұшқан сұлу көлден,
Кетейін өткір тілмен тіліп өлең.
Ағайын шын көңілмен қабыл алсын,
Арнаған өз бабама жырымды ерен.

Қайнарын сезген жердің қаз бұлағын.
Ел үшін сарқылмайды саз, жыр, әнім.
Машандай ерге жазған дастанымды,
Ұрпаққа мирас етіп қалдырамын.

Батырдың нар тұлғалы адал атын.
Халқыма қауыштыру аманатым
Халайық, Хуат қызың мен боламын,
Басынан биік қойған жамағатын.

МАЗМҰНЫ

Өмір баян.....	3
Сөз басы.....	4
Белес.....	6
Күз.....	6
Көңіл күй.....	7
Сағыныш.....	8
Бабалар.....	9
Мұқағалиға.....	11
Арманым.....	12
Сезім.....	12
Жырым сен.....	13
Махаббат толғауы.....	14
Ана тілім.....	14
Серік балуанға.....	15
Анама.....	16
Әбшүкір әкеге.....	17
Сағыну.....	18
Күрең күз.....	18
Күзгі көрініс.....	19
Қарағанды.....	20
Мезгіл.....	21
Өмір.....	22
Несіпбекке.....	22
Туған күн.....	23
Қаралы күн.....	23
Өмір-ай саған өкпем жоқ.....	24
Толқын.....	25
Қазақ елім.....	26
Қарашы мынаға.....	26
Жүрек сыры.....	27
Алтын Алтай ардасың.....	28
Құрманханға.....	29
Қоңыр Қобда.....	30
Тәуелсіздік күні.....	31
Баян бұлақ.....	32



Өмір.....	34
Жаксыларға.....	34
Қайран анам.....	35
Сәуір	36
Көңіл толқыны.....	36
Қазағым-ай.....	37
Сәуір келді.....	38
Танжарық акын рухына.....	39
Ей дүние-ай.....	40
Ниет.....	41
Сағыныш арман.....	41
Сыр толқыны.....	42
Туған өлке.....	43
Сезім сыры.....	43
Ұланқайыр Ұлытау.....	44
Өмір-ай.....	46
Желді айы.....	47
Әкеге сағыныш.....	47
Өмірдің қайда тұрағы	48
Туған жер.....	49
Сыр толқыны.....	50
Шығыстан ұшқан тастүлек.....	51
Сертім бұл	52
Өмір – өзен	53
Қара өлең қыраны	54
Сағындым туған өлкемді	55
Мектебім	55
Жүрген жерім Қобда емес	56
Қайран Әз аға	56
Мұқаңша бір толғандым	57
Өлең ғана бір емім	58
Тағдыр	58
Жазың қайда	59
Сезім	60
Далаға сыр	61
Туған жер	61

Жанардағы мұң	62
Мерекеңмен немерем	63
Қара нарын өлеңнің шөггергенмен	63
Алатау	64
Жан әкеме	65
Тамызбен қоштасу	66
Қыран қиял	67
Түн сыры	68
Қариялар	68
Әлсіздік	69
Дүние	70
Күзгі қиял	70
Бір күні	71
Бұл жалған	72
Өткен шақ	72
Көктем келді	73
Пендең ем	73
Ғашықпын ба	74
Тоғысқан өмір	75
Жұма таңы	75
Мерекелеріңмен балапандарым	76
Туған тілім	76
Байтақ ел	77
Күншілдік	78
Күз түскен сәтте	78
Кенесары ханға арнау	79
Өлеңнен қыз ем ту алған	80
Еліммен бір жүрем	81
Неге өзгерді	81
Қара түн тербетші	82
Қайырлы таң жақсыларым	82
Өшпесін рух	83
Өткен өмірден бір естелік өлең	83
Әттең әттең қазағым	84
Биылғы сәуір	86
Бірімін бұрымдының	86

Сезім оты	87
Арқа қызының назы	88
Дүние бұлғақтадың	89
Оспан атамша бір ойлағаным	89
Сені іздеген сабырсыз ой	90
Келмесін таңы қаңтардың	91
Ақиқаттың арлы туы	92
Ақ таңым	93
Аман жүр балапаным	93
Жырламасам дүние-ай	94
Көңіл жырым	94
Ғұн дәуірден қазақпын	95
Жүрекке сыр	95
Жақсы ананың баласы едім	96
Түнгі мұң	96
Ақиқаттың қылын кім суырар екен осы	97
Үнсіз әлеммен сырласу	97
Бір ағаның өлеңіне жауабым еді	98
Нағашым	99
Қаңтардың қарлы боранында	99
Хабдыжалел ағама жауап	100
Азаттықтың ақ таңы	101
Нар шынар ем	102
Бөлінбе жұртым	102
Жыр жолындағы үзік ой	103
Өскен елге бір сағыныш	104
Арулар көктемі	104
Тыныштығыңды қорғаймын	105
Ізdediң бе	106
Жырым осы	107
Өкпелеме	107
Ана тілім арым бұл	108
Тау гүлі едім	109
Қандай едің қазағым	109
Неге неге	110
Оу дүние	111



Төрінде жұртым	112
Тау жакқа	113
Ғазиз жандары.....	114
Көңіл күй.....	115
Беймәлім сыр.....	116
Жаңа апта.....	116
Кешегі ырыс.....	117
Жыр толқынның кемесі.....	118
Арқаның керім кешінде.....	119
Ырысты күз.....	119
Төрінде Сарыарқаның.....	120
Қыран болып.....	120
Ақын	121
Ойыма оралады.....	121
Дала сыры.....	122
Алтайдың асқар белі.....	123
Жан сырыма сиғызып.....	124
Бұлаң дүние.....	124
Ұлы еліммен мақтанамын.....	124
Ұрпағыма өнеге.....	125
Сырлы кеш.....	126
Жаса тілім.....	126
Жақсыларым қымбатсыздар.....	127
Тұраланған тағдыр.....	128
Үмітке талпындым.....	128
Жыр ескегі.....	129
Сенім жүгі	130
Арман.....	130
Дария көңіл.....	131
Хуат пен Толқынның айтысы	132
Екі ақынның айтысы және айтыс туралы аз түсінік.....	136
Қуаныш пен Хуат айтысы	138
Машан батыр \дастан\	146

ХУАТ ИРКИТХАНҚЫЗЫ

СЕЗИМ СЫРЫ

Редактор: С.Жартыбаев

Техникалық редакторы: Абдуллаев М.А.

Дизайнер: Г.Г.Шакирова

Кітап «Еркін и К-XXI» ЖШС баспаханасында
14.08.2024ж. қол қойылып, басылды. Қаріп түрі
«Times New Roman», №12, таралымы 100 дана,
тапсырыс № **798**



